

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ОГНЕСТОЙКОСТИ

ҚР НТҚ 02-01.2-2012
(ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011)
НТП РК 02-01.2-2012
(к СН РК EN 1992-1-2:2004/2011)

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және
жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	2
3 Алғышарттар.....	3
3.1 Жалпы ережелер.....	3
3.2 Көтергіш конструкцияларына арналған жалпы ережелер	4
3.3 Шектік күй бойынша есепке алудың негізгі ұстанымдары	5
3.4 Отқа төзімділікті есептеу әдістері	8
4 Терминдер мен анықтамалар	14
5 Белгілер, қысқартулар және өлшеу бірліктері	27
5.1 Латын алфавитінің бас әріптері	27
5.2 Латын алфавитінің кіші әріптері	28
5.3 Грек алфавитінің бас әріптері	30
5.4 Грек алфавитінің кіші әріптері.....	30
5.5 Индекстер.....	32
5.6 Өлшем бірлік	32
6 Әсер ету	32
6.1 Механикалық әсер ету	32
6.2 Температуралық әсер ету	44
7 Материалдардың сипаттамалары.....	49
7.1 Жалпы деректер.....	49
7.2 Бетонның сипаттамалары	50
7.3 Арматураның сипаттамалары	58
8 Жеңілдетілген есептеу әдістері.....	63
8.1 Жалпы мәліметтер.....	63
8.2 500 °C изотерма әдісі	64
8.3 Аймақтық әдіс.....	68
8.4 Екінші қатардағы теория бойынша әсер ету	71
9 Жалпы есептеу әдістері	80
10 Кестелік деректер	83
10.1 Қағидалар және ережелер.....	83
10.2 Бағаналар.....	86
10.3 Қабырғалар.....	91
10.4 Созылған элементтер	92
10.5 Арқалықтар	92
10.6 Плиталар.....	99
11 Конструктивті талаптар	111
11.1 Беріктігі жоғары бетон.....	111
11.2 Морт қирау.....	112
12 От сынақтары.....	114
А қосымшасы (ақпараттық) Температуралық пішіндер.....	117

Б қосымшасы (ақпараттық) Өрт кезінде бағаналардың орнықтылығын жоғалту.....	126
Библиография	139

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны («ҚазҒЗСТҚСИ» РМК) дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құралда:

– ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 1-6-тарауларында берілген өз функцияларының орындалуын ескере отырып, отқа төзімділігін қамтамасыз етуді ескерумен темірбетон конструкцияларын жобалау қағидалары және ережелері;

– ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 1-6-тарауларында келтірілген қағидаларды және ережелерді дамытатын ережелер;

– жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 1-6-тараулары ережелерінің қолданылуын суреттейтін мысалдар келтірілді.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде, ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 ережелерінен басқа, ескерілді:

– ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 –на Ұлттық қосымша ережелері;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылыстық жобалау негіздері» тиісті ережелері;

– ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 тиісті ережелері. «Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-2-бөлім. Жалпы әсер ету. Өрт кезінде конструкцияларға әсер ету»;

– ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 тиісті ережелері. «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ереже және ғимараттар үшін ереже».

– ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 талаптарын толықтыратын және оларға қайшы келмейтін ғимараттардың, құрылыстардың, құрылыс конструкцияларының және материалдардың отқа төзімділігі теориясының кейбір жалпы танылған теориялары.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалық ұйымдардың инженерлік-техникалық қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер, жобалау өнімінің тапсырыс берушілері, оқытушылар және жоғары оқу орындарының студенттері үшін арналған.

Қазақстан Республикасында ерікті түрде нормативті құжат ретінде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН
ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ
ОГНЕСТОЙКОСТИ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

«Темірбетон конструкцияларын отқа төзімділікті ескере отырып жобалау» нормативтік-техникалық құралы (әрі қарай – құрал) темірбетоннан ғимараттарды және азаматтық құрылыстарды жобалауға тарайды, өрт шыққан жағдайда конструкциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын және қағидаларын орнатады. Құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 және ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 қағидаларына және ережелеріне сәйкес, өрттің әсер ету түрлері, өрт кезінде конструкциялардың көтергіш және қоршау қабілеттерін есептеу толық талданады және түсіндіріледі.

Әзірленген құрал ғимараттарда олардың мақсатына сәйкес келетін өрт жүктемелерімен қолданылатын, өрт кезінде келесі регламенттеуші функцияларды орындауы тиіс темірбетон конструкцияларға тарайды:

- конструкцияның мерзімінен бұрын бұзылуының алдын алу (көтергіш функциясы);
- белгіленген аймақтардың шегінен асатын өрттің (жалынның, өртену өнімдерінің, жылу ағынының) таралуын шектеу (қоршау функциясы).

Құрал тарамайды:

- тегіс арматураны қолданумен темірбетон конструкцияларға;
- ұсақ толтырмасыз бетонды, газбетонды, ерекше ауыр толтырмалы немесе болат қималардан тұратын бетонды қолданып орындалған темірбетон конструкцияларға (болаттемірбетон конструкциялар);
- сыртқы алдын ала кернеумен темірбетон конструкцияларға;
- қабық түріндегі темірбетон конструкцияларға;
- ғимараттардың және инженерлік құрылыстардың арнайы типтері үшін (мысалы, биік ғимараттар, жол өтпелері, көпірлер, плотиналар, қысымда тұрған сыйымдылықтар, жүзбелі бұрғылау платформалары немесе резервуарлар).

Осы құралда келтірілген әдістер қоса алғанда С90/105 дейін беріктік класындағы қалыпты бетон үшін алдын ала кернеуленбеген және алдын ала кернеуленген (механикалық немесе термиялық) ыстықтай тапталған, суық деформацияланған, термомеханикалық тұрғыда нығайтылған арматураны (сымдарды, арқандарды) пайдалана отырып қолданылады.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралдарды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Мерзімі белгіленген сілтемелер үшін сілтеме нормативтік құжаттың көрсетілген басылымы ғана қолданылады, мерзімі белгіленбеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қосқанда) қолданылады:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-1-бөлім. Үлес салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер.

ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-2-бөлім. Жалпы әсер ету. Отқа төзімділігін анықтау үшін әсер ету.

ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/2011 Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-3-бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері.

ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-4-бөлім. Жалпы әсер ету. Желдің әсер етуі.

ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 Көтергіш конструкцияларына әсер ету. 1-7-бөлім. Жалпы әсер ету. Ерекше әсер ету.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ереже және ғимараттар үшін ереже.

ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 Темірбетон конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлім. Отқа төзімділігін анықтаудың жалпы ережесі.

ҚР ҚН EN 1993-1-2:2005/2011 Болат конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлім. Отқа төзімділікті анықтаудың жалпы ережесі.

ҚР ҚН EN 1994-1-2:2005/2011 Болаттемірбетон конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлім. Отқа төзімділігін анықтаудың жалпы ережесі.

ҚР СТ EN 10080 Темірбетон конструкцияларға арналған арматура. Пісірілген арматура. Жалпы ережелер.

ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

EN 1168* Precast concrete products. Hollow core slabs (Құрама темір бетон бұйымдар. Қуысты тақталар).

EN 10138* Кернелетін арматура (барлық бөлімдер).

Ескертпе – Осы нормативтік-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жыл сайын құрылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әрекетін ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша тексеру мақсатқа сай. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күші жойылған болса, онда сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

2 АЛҒЫ ШАРТТАР

3.1 Жалпы ережелер

3.1.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 және ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 және сәйкесінше, осы құралда берілген жобалау мақсаттарына келесі шарттарды орындаған кезде қол жеткізіледі:

- конструктивті сұлбаны таңдау және көтергіш конструкцияларын жобалау, соның ішінде өрттің есептік сценарийін таңдау техниканың заманға сай даму деңгейіне және жобалау тәжірибесіне сәйкес тәжірибелі, білікті мамандармен жүргізіледі (жүргізілді).

- құрылыс тиісті дайындыққа және тәжірибеге ие қызметкерлермен жүзеге асырылады (жүзеге асырылды);

- сапаны қадағалау және бақылау жобалау, дайындау және көтергіш конструкцияларын монтаждауды қосқанда, құрылыстың барлық кезеңдерінде орындалады (орындалды);

- құрылыс материалдарын және бұйымдарды қолдану осы құралдың талаптарына сәйкес немесе жұмыстар, материалдар және бұйымдар өндірісіндегі стандарттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі (жүргізілді);

- көтергіш конструкциялары тиісті түрде ақаусыз күйде болып табылады (болып табылды);

- көтергіш конструкциялары жобалық құжаттамаға сәйкес қолданылады (қолданылды) (жобалауға техникалық тапсырмаға сәйкес).

Ескертпе – Келтірілген шарттар тиісті құжаттардың, мысалы, жобалауға/құрылысқа лицензиялардың (рұқсаттардың) болуымен расталады.

3.1.2 [ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 2.5(1) т.] Жобалау кезінде қабылданған талаптарға және алғышарттарға сәйкес келетін құрылыстарды салу үшін сапаны қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды жүргізу керек. Бұл шаралар мыналарды қамтиды:

- сенімділікке қойылатын талаптарды анықтау;
- ұйымдастыру шаралары;
- жобалау, жұмыстарды өндіру кезеңінде, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үдерісінде бақылау.

ЕСКЕРТПЕ

1 Сапа менеджментін қамтамасыз ету бойынша шаралар үшін ҚР СТ ИСО 9001-2009 қолдануға жол беріледі.

2 Сапаны бақылау конструкциялардың дайындалу дәлдігін жоғарылатуға, кейбір жағдайларда қауіпсіздіктің нормативтік коэффициенттерін төмендетуге рұқсат береді.

3.2 Көтергіш конструкцияларына арналған жалпы ережелер

3.2.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 2.1(3)Р, ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 1.1.2(3)Р және 2.1.1(1)Р сәйкес темірбетон көтергіш конструкцияларын өрт кезінде талап етілетін уақыт аралығында өзінің көтергіш (қоршау) қабілетін сақтайтындай түрде жобалау және салу керек.

Ескертпе – «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне (4 және 5 қосымша) сәйкес, өрт кезінде көтергіш (қоршау) қабілеті стандартты от әсерінің уақытында көрінетін отқа төзімділік шектерінің талап етілетін мәндеріне конструкциялардың сәйкестігімен қамтамасыз етіледі. Өрттің стандарттан ерекшеленетін температуралық режимдерінің (параметрлік немесе жалпы – ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (5.1.4(3)), ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.1.3) және ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.3)) әсерін ескере отырып конструкцияларды жобалауға жол беріледі, бұл жағдайда көтергіш қабілеті салқындау кезеңін қосқанда өрттің барлық ұзақтығында қамтамасыз етілуі тиіс (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.1.3(1)) қараңыз).

3.2.2 Өрт кезінде көтергіш қабілеті R қиманың төмендеуі (бұзылуы) және/немесе материалдар сипаттамаларының өзгеруі есебінен конструкцияға оттың әсер етуі кезінде қолданылатын құрылыстық конструкцияның көтергіш қабілетінің қоры (қалдығы) болып табылады (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1992-1-2:2002/2011, 2.1.2(2) тармақты қараңыз). Стандартты от әсері үшін өрт кезіндегі көтергіш қабілеті сонымен қатар «отқа төзімділік шегі» деп аталуы және $R30$, $R60$, $R150$ және т.с.с. отқа төзімділіктің нормаланатын өлшемдері (шектік күйлері) туындағанға дейін уақытпен (минутпен) анықталуы мүмкін.

3.2.3 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011B, 2.1(4)Р сәйкес, өрт (жарылыс), соққы немесе механикалық істен шығу секілді оқиғалар туындаған жағдайда пропорциялы емес оқиғалар туындамайтындай етіп көтергіш конструкцияны жобалау және салу керек. Пропорциялы емес оқиғалар жеке өрт тәуекелінің нормаланатын мәнінің жоғарылауымен және олардың алдын алуға жұмсалатын шығындармен салыстырғанда салдарлардан экономикалық шығындардың жоғарылауымен анықталады (тәуекелді бағалау әдістеріне қатысты ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 қараңыз).

Өрт (жарылыс), соққы немесе механикалық істен шығу секілді оқиғалардың орын алу ықтималдығы төмендігін ескере отырып, олардың бір мезгілде жүзеге асуын ескермеуге жол беріледі.

3.2.4 Мүмкін болатын зақымдалуды тиісті шараларды жүргізумен шектеу немесе жою керек (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 2.1(5)Р-т. сәйкес):

- көтергіш конструкцияның ұшырауы мүмкін қауіптердің алдын алу, болдырмау немесе төмендету (конструкциялардың жанында жанғыш заттарды және материалдарды азайту (болдырмау) немесе өрттің туындау ықтималдығын төмендету);

- ықтимал қауіптерге қабілеттілігі төмен көтергіш жүйе түрін қолдану (мысалы, мүмкін болған жерде тас конструкцияларды - өртке қабілеті төмен материалдарды қолдану);

- конструкцияның жекелеген элементі немесе көтергіш элементтің шектеулі бөлігі зақымдалу салдарынан істен шығуы барлық көтергіш конструкциясының толық істен шығуына әкелмейтіндей түрде көтергіш жүйені қолдану және оны құрылыстық атқару (көлденең қималарда пластикалық топсалардың туындауы салдарынан статикалық

анықталатын элементтерге өту кезінде әрекет етуші жүктемелерді қабылдауға қабілетті статикалық анықталмайтын элементтерді қолдану);

– қиратыла бастаудың алдын ала көріністерінсіз қатардан толығымен шығуы мүмкін көтергіш жүйелерді мүмкіндігінше болдырмау (бетон бойынша морт қираудан сақтанып, арматурадағы ағушылықтың шегі туындағанда «бірқалыпты» қирау мүмкіндігімен жобалау);

– көтергіш элементтердің сенімді қосылысы.

3.2.5 Егер жарылыс ықтималдығы өмір сүретін болса, көтергіш конструкцияның ұшырауы мүмкін қауіптердің алдын алу, болдырмау немесе төмендету ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011, 5.2(1)-т. сәйкес келесі шараларды қолданумен қол жеткізіледі:

– орын-жайда айналымдағы шаңның, газдың немесе будың массасын шектеу немесе болдырмау;

– ауадағы шаңның, газдың немесе будың пайыздық мөлшерін тұтанудың шоғырландырылған шектерінен төмен төмендету;

– өртену көзін болдырмау немесе шектеу;

– жарылыстың әсеріне тұрақты қоршаулардың өлшемін, формасын және беріктігін жобалау;

– қысымды түсіру үшін клапандарды және ойықтарды қолдану.

Ескертпе – ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.2(2)-т. сәйкес көрсетілген тәуекелдер жалпы қауіпсіздік тұжырымдамасын құрған кезде ескерілуі тиіс.

3.3 Шектік күй бойынша есепке алудың негізгі қағидалары

3.3.1 Көтергіш конструкцияларын жобалау жобалық шешімдердің параметрлерін есептік әсерлердің параметрлерімен салыстыру арқылы жүреді (есептік жағдай – осы құралдың 3.3.5-т. қараңыз). Әсер ету үшін (соның ішінде өрт үшін) тиісті есептік мәндерді, құрылыс материалдарының көрсеткіштерін немесе конструкция элементтерінің және бұйымдарының көрсеткіштерін, сонымен қатар осы модельдерде геометриялық өлшемдерді қолданған кезде шектік күйдің жоғарылауы орын алмайтындығын есептеумен растау керек (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.5(2)Р.). Көрсетілген параметрлердің маңыздылығына байланысты аумалы шектік күй (көтергіш қабілеті бойынша шектік күй) және пайдаланушылық жарамдылығы бойынша шектік күй бойынша талаптарды ерекшелейді (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.1(1) Р т.).

Ескертпе

1 Көрсетілген талаптар басымдылықпен қалыпты пайдалану шарттары үшін әзірленген. Алайда олар сонымен қатар өрт кезінде көтергіш қабілетті бағалау үшін пайдаланылады. Отқа төзімділік тұрғысынан көтергіш қабілеті R әдетте көтергіш қабілетінің шектік күйіне қойылатын талаптар бойынша бағаланады (шектік күйлердің 1-тобы), алайда әсер ету параметрлері және материалдардың сипаттамалары пайдаланушылық жарамдылықтың шектік күйі үшін басымдылықпен қабылданады (шектік күйлердің 2-тобы). Кейбір жағдайларда (мысалы, сертификациялық оттық сынақтарда) өрт кезіндегі көтергіш қабілетін бағалау пайдаланушылық жарамдылықтың шектік күйіне ұқсастығы бойынша – конструкцияның шектік өзгерісін өлшеу арқылы (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1992-1-2:2002/2011, 2.1.1(3)Р қараңыз).

2 Кеңестік нормативтік құжаттарда және олардың ізбасарларында «отқа төзімділік бойынша шектік күй» (R , E , I белгілеулерінің жалпы атауы ретінде) ұғымы кеңінен қолданылады. Еурокодтардың (соның ішінде осы құралдың) аясында осы ұғымдар функция ретінде анықталған: R – конструкцияның көтергіш қабілетінің функциясы (салынған күшті немесе өрттің әсер ету уақыты бойынша мерзімді қабылдау қабілеті); EI – отқа кедергі болу қабілеті функциясы (конструкция қалыңдығының конструкцияның қызбайтын жағынан материалдардың тұтануы үшін жеткілікті өрттің әсер ету уақытына тәуелділігі). Сондықтан осы құралда «шектік күй» ұғымы көтергіш қабілетін бағалауға қойылатын талаптарды белгілеу үшін ғана пайдаланылады (өрт кезінде).

3.3.2 Шектік күй түрі көтергіш конструкцияның моделін негіздеу немесе таңдау кезінде анықтаушы болып табылады (Сонымен қатар осы құралдың 3.3.8-тармағын қараңыз). ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (3.3(1)P) сәйкес, өрт кезінде көтергіш конструкциялары апаттарының алдын алу есебінен адамдардың және құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шектік күйлер ауыспалы шектік күйлер (көтергіш қабілет бойынша шектік күйлер) ретінде жіктеледі. Қалыпты пайдалану шарттарында көтергіш конструкцияның немесе оның бөлшектерінің бірінің функциясын немесе пайдаланушылардың жақсы көңіл-күйін немесе құрылымның сыртқы түрін қамтамасыз ететін шектік күйлерді ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 3.4(1)P-т. сәйкес пайдаланушылық жарамдылық бойынша шектік күйлер ретінде жіктейді.

Ескертпе

1 Пайдаланушылық жарамдылыққа байланысты «сыртқы түр» ретінде үлкен бүгілістерді және жол берілмейтін сызат түзілуді түсіну керек.

2 Отқа төзімділікті бағалау кезінде пайдаланушылық жарамдылыққа қойылатын талаптарға негізделген әдістерді пайдалануға жол беріледі (шектік өзгерістер). Осындай қатынас отқа төзімділікті бағалау бойынша сертификатталған от сынақтарында артықшылықпен пайдаланылады.

3.3.3 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (3.3(4)P) сәйкес апаттық есептік жағдай (өрт) үшін ауыспалы шектік күйлерге (көтергіш қабілеті бойынша шектік күйлерге) жатқызылады:

а) қатты жүйе ретінде қарастырылатын көтергіш конструкцияның (оның бөлігінің) орнықтылығын жоғалту;

б) конструкцияның (оның бөлігінің) шектен тыс өзгерісі немесе кинематикалық күйге, қирау немесе тұрақсыз қалыпқа өтуі себепті істен шығуы.

Ескертпе

1 Шектен тыс өзгеріс себепті істен шығу механикалық тұрақтылықты жоғалтумен байланысты істен шығу ретінде қарастырылады. Бұл әдетте нәзік топсаның түзілуінде және конструкцияның (статикалық анықталатын) кинематикалық күйге – қирауға ауысуында көрінеді.

2 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (3.4(2)P) сәйкес, пайдаланушылық жарамдылыққа жататын шектік күйлер қайтымды және қайтымсыз болуы мүмкін. Қайтымсыз шектік күйлер осы құралдың аясынан шығады және осындай ұғымға оттан сақтанушылық - өрттен кейін өзінің функциясын сақтау қабілеті секілді ұғымға жатады.

3.3.4 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.4(3) тармағына сәйкес апаттық есептік жағдай (өрт) үшін пайдаланушылық жарамдылықтың шектік күйлеріне жатады:

а) көтергіш конструкцияның функциясына әсер ететін немесе конструкцияның оттан қорғайтын қаптамаларының, жабындарының немесе көтергіш емес оттан қорғаушы элементтерінің функцияларына әсер ететін өзгерістер және ауысулар;

б) көтергіш конструкцияның функционалды қабілетіне шамамен теріс әсер ететін зақымдаулар.

Ескертпе – Егер қоршау конструкциялары үшін қолданылатын қорғау тәсілдері немесе жобалау өлшемдері талап ететін болса, көтергіш конструкцияның өзгерісін есептеу жүреді. Көтергіш конструкциясының өзгерісін есепке алу келесі жағдайларда талап етілмейді:

- қорғау тәсілдерінің тиімділігі осы құралға сәйкес анықталды;
- қоршау конструкциялары өрт кезіндегі номиналды әсерлерді ескере отырып жобаланған.

3.3.5 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.4.1(1)P) сәйкес өрттің апаттық есептік жағдайын ескерумен құрылыстарды жобалау кезінде келесі ауыспалы шектік күйлерді тексеру қажет:

а) EQU: құрылыстың немесе қатты дене ретінде қарастырылатын оның кез келген бөлігінің статикалық тепе-теңдігін жоғалтуы, ол үшін:

– біркелкі тұрақты әсерлердің кеңістікті таралуы немесе мәндерінің елеусіз өзгерісі маңызды болып табылады; және

– материалдар конструкцияларының немесе негіздерінің беріктігі әдетте анықтаушы болып табылмайды;

б) STR: құрылыс материалдарының және негіздерінің беріктігі анықтаушы болып табылатын, іргетастарды, көтергіштерді, жертөлелердің қабырғаларын және т.б. қосқанда, құрылымның немесе оның конструктивті элементтерінің шектен тыс өзгерісі нәтижесінде немесе ішкі себеп бойынша істен шығуы.

3.3.6 Әсер ету параметрлерінің жиынтығын (өрт жағдайында – бір мезгілде жылулық және механикалық) есептік жағдай деп атау қабылданған. ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.2(2)P-т. сәйкес, тұрақты, өтпелі, апаттық және сейсмикалық апаттық жағдайларды ерекшелейді.

Ескертпе

1 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.1(3)P-т. сәйкес өрт апаттық есептік жағдайларға (апаттық әсерлерге) жатады.

2 Отқа төзімділікті бағалау осылайша апаттық есептік жағдай үшін қабылданған әсерлердің және материалдардың сипаттамаларын ескерумен ауыспалы шектік күйлер (кейбір жағдайларда – пайдаланушылық жарамдылықтың шектік күйлері) бойынша көтергіш қабілетті бағалауға жатқызылады.

3.3.7 Апаттық есептік жағдай (өрт) кезінде көтергіш қабілетінің есептеулерінде, ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.5(4)-т. сәйкес, жеке қауіпсіздік коэффициенттерін қолдану керек. Жеке қауіпсіздік коэффициенттері геометриялық ауытқулардан және өндірістің деңгейінен және бақылаудан шығара келе материалдардың сипаттамаларындағы немесе әсерлердің мәндеріндегі ықтимал ауытқуларды ескереді.

Ескертпе

1 Өрт – жеткілікті түрде сирек кездесетін оқиға екендігін ескере отырып, өрт кезінде көтергіш қабілетін есептеу үшін жеке қауіпсіздік коэффициенттері 1,0-ге тең болып қабылданады.

ҚР НТҚ 02-01.2-2012

2 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, А.1(1)-т. өндіріс деңгейін және бақылауды және геометриялық ауытқуларды бағалау ENV 13670 сәйкес жүргізілуі тиіс.

3.3.8 [ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.1(2)-т.] Егер қолда бар деректер өткізіп жіберілген тексеру жүргізілген есептеулермен қанағаттандырылатындығын көрсететін болса, шектік күйлердің бірі бойынша есептеулерді жүргізбеуге жол беріледі.

Ескертпе – Аралықты бойлай бүгілетін тұрақты қима конструкцияларының көпшілігінің көтергіш қабілеті ең жоғары иілу моментіне орташа қиманың кедергісімен анықталады. Барлық қалған қималардың кедергісін бағалау жүргізілмеуі мүмкін.

3.3.9 [ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.5(1)Р-т.] Шектік күйлер бойынша есепті қарастырылатын шектік күймен сәйкес келетін құрылыстардың және әсерлердің есептік модельдерінің көмегімен орындау керек.

Ескертпе

1 Әсер ету (есептік жағдай) ретінде отқа төзімділікті бағалау аясында сондай-ақ өрттің жылу әсері түсініледі. Бұл жағдайда модель ретінде ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3-тарау) (осы құралдың 6.2 қосымша бөлімі) сәйкес температуралық-уақыттық тәуелділік түрлерінің бірі әрекет етеді.

2 Құрылымның (конструкцияның) есептік моделі ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5- тарау) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3.3.10 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 3.5(9)-т. сәйкес, көтергіш конструкцияның және әсерлердің модельдері әрекет етуші физикалық модельдер немесе виртуалды (компьютерлік) математикалық модельдер болуы мүмкін. Шектік шарттарды олар құрылымның іс жүзіндегі жұмыс шарттарына сәйкес келетіндей түрде қолдану керек.

3.3.11 Қолданылатын есептік жағдайлар үшін жүктемелердің есептік комбинацияларын (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.4.3) немесе осы құралдың 6-тарауының талаптарына сәйкес) анықтау керек (өрттің есептік әсері – осы құралдың 6.2-т. қараңыз). Есептерді барлық негізгі есептік жағдайлар және жүктеменің есептік жағдайлары үшін жүргізу керек.

Ескертпе – Негізгі есептік жағдайлардың барлық түрлері үшін отқа төзімділікті бағалау аясында әдетте ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 3.2 –т. және осы құралдың 6.33-тармағына сәйкес, от әсерінің тек бір түрі таңдап алынады. Негізгі есептік жағдайлардың түрлері күш әсерлерін салу нұсқаларымен ғана ерекшеленеді.

3.4 Отқа төзімділікті есептеу әдістері

3.4.1 Отқа төзімділік бойынша талаптарға көтергіш конструкцияның сәйкестігі барлық көтергіш конструкцияның, көтергіш конструкцияның учаскелерін немесе оның элементтерін талдау негізінде кестелік, есептік немесе тәжірибелік деректерді қолданумен талдау негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3.4.2 1-суретке, ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 4.1(1)Р сәйкес, отқа төзімділікті есептеудің келесі әдістері қолданылады:

– танылған жобалық шешімдерге сәйкес конструкциялау (кестелік деректер немесе сынақ нәтижелері) (9- тарауын қараңыз);

– орнатылған типтегі конструкциялар үшін есептеудің жеңілдетілген әдістері (осы құралдың 7- тарауын қараңыз);

– конструкциялардың, конструктивті жүйе бөліктерінің немесе жалпы алғанда конструктивті жүйенің жұмысын имитациялауға арналған есептеудің жалпы әдістері (осы құралдың 8- тарауын қараңыз).

Ескертпе – Есептеу әдістерін пайдаланған кезде осы ұғралдың 10- тарауына сәйкес конструктивті талаптарды қамтамасыз ету қажет.

3.4.3 Отқа төзімділікті есептеу әдістерін қолдану аймағы өрттің есептік әсер ету типімен және есептік сұлбаның күрделілігімен шектелген. Номиналды және параметрлік температуралық режимдерді ерекшелейді (осы құралдың 6.2 қараңыз). Есептік сұлбаның күрделілігі конструкцияның немесе оның элементтерінің қиысу орындарында шектік шарттармен шартталған. ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 сәйкес (1-сурет) есептеулер үшін қабылдайды:

- жекелеген (құралатын, еркін сүйелмелі) конструкциялар;
- конструктивті жүйе бөлігі (тұтасқұймалы, құрама тұтасқұймалы, статикалық анықталмайтын) конструкциялар;
- жалпы алғанда конструктивті жүйе (ғимараттың қаңқасы).

Ескертпе – Өрттің номиналды температуралық режимдері (стандартты температуралық режим) белгілеуші сипаттағы нормативтік тәжірибеде басымдылықпен пайдаланылады (prescriptive design). Мақсатты жобалаудың әлдеқайда заманауи, нормативтік тәжірибесі (performance-based design) нақты жағдайға әлдеқайда жақындатылған, физикалық негізделген параметрлік температуралық режимді пайдалануды шамалайды.

3.4.4 Осы құралдың 3.4.3-тармағына сәйкес жекелеген конструкциялар үшін:

а) осы құралдың 3.4.2-тармағына сәйкес есептеулердің барлық әдістері қолданылады;

б) конструкцияның бойлық осіне қалыпты қимада температуралық градиенттердің салдарынан температуралық өзгерістердің нәтижелері ғана ескеріледі. Осыік немесе жазықтық температуралық кеңею нәтижелерін елемеуге болады;

в) $t = 0$ моментінде қабылданған тіректердегі және конструкциялардың шеттеріндегі шекаралық шарттарды өрт кезінде өзгеріссіз деп саналады.

3.4.5 Осы құралдың 3.4.3-тармағына сәйкес конструктивті жүйе бөлігі үшін:

а) осы құралдың 3.4.2-тармағына сәйкес жеңілдетілген (өрттің номиналды және параметрлік тәртібі үшін) немесе жалпы (өрттің параметрлік тәртібі үшін) есептеу әдістері қолданылады;

б) көтергішдің реакциясы, ішкі күштер және конструктивті жүйе бөлігінің шеттеріндегі моменттер қалыпты температура кезінде конструкциялардың талдауынан қабылдануы мүмкін;

в) Конструктивті жүйені бөліктерге бөлу ықтимал температуралық кеңеюлерді және өзгерістерді олардың өзара әрекеттесуін уақытқа тәуелді емес өрттің ұзақтығы бойынша шектік шарттардың және сүйемелдеу сұлбасының көмегімен бағалауға болатындай түрде талдау негізінде жүреді;

г) өрт кезінде талданатын конструктивті жүйенің бөлігін есептеу қабылданған бұзылу сұлбасының негіздемесін, қызу температурасына, конструкцияның қаттылығына, температуралық кеңеюлердің және өзгерістердің (өрттің тікелей емес әсері) нәтижелеріне байланысты материалдардың сипаттамаларын қамтуы тиіс;

д) $t = 0$ уақыт моментінде қабылданған конструктивті жүйе бөлігінің шеттеріндегі моменттер және күштер, тіректердегі шектік шарттар өрт кезінде өзгеріссіз болып саналады.

3.4.6 осы құралдың 3.4.3-тармағына сәйкес жалпы алғанда конструктивті жүйе (ғимарат) үшін:

а) осы құралдың 3.4.2-тармағына сәйкес есептеудің жалпы әдістері қолданылады;

б) өрт кезінде конструктивті жүйенің жалпы талдауы бұзылудың қабылданған сұлбасының негіздемесін, қызу температурасына, конструкциялардың қаттылығына, температуралық кеңеюлердің және өзгерістердің (өрттің тікелей емес әсері) нәтижелеріне байланысты материалдардың сипаттамаларын қамтуы тиіс.

3.4.7 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.1(1)-т. сәйкес, отқа төзімділікті есептеу келесі кезеңдерді қамтиды:

- өрттің ықтимал есептік сценарийлерін таңдау;
- сәйкес есептік өрттерді анықтау;
- конструкциялардағы температураның жоғарылау есебі (жылу техникалық есептеу);
- өрт кезінде конструкциялардың механикалық сипаттамаларының есебі (статикалық есептеу).

Ескертпе – Егер стандартты өрт пайдаланылатын болса, өрттің есептік сценарийлерін таңдау және есептік өртті анықтау көп жағдайда жүргізілмейді.

3.4.8 [ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.1(2)-т.] Отқа төзімділікті есептеу жылу техникалық және статикалық есептеу үшін әсерлерді пайдалануды қамтиды.

3.4.9 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 6.4.3.3(4)-т. сәйкес, өрт кезінде көтергіш конструкцияның әрекетін өрт кезіндегі термиялық әсердің жанама әсерлерімен бірге есептеу керек. Өрттің жанама әсерлерінің есептік мәндері $A_{ind,d}$ болып белгіленеді және материалдардың жылу техникалық және механикалық сипаттамаларының есептік мәндерінің және өрттің тиісті әсерінің негізінде анықталады. ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 4.1(2)-т. сәйкес жанама әсерлер қамтиды:

- конструкцияның өзінің шектеулі температуралық кеңеюі (мысалы, қатты қабырғаларымен көп қабатты қаңқалы конструктивті жүйелер бағаналары);
- статикалық анықталмаған конструкциялардағы ерекшеленетін температуралық кеңею (мысалы, кесікті емес жабу тақталары);
- ішкі кернеулерді шақыратын көлденең қималардағы температуралық градиенттер;
- түйіспе конструкциялардың температуралық кеңеюі (мысалы, жабынның кеңеюі салдарынан бағанның жоғарғы бөлігінің жылжуы немесе қосылған арқандардың кеңеюі);
- өрт бөлімінің шегінен тыс басқа конструкцияларға әсер ететін конструкциялардың температуралық кеңеюі.

Ескертпе – ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 4.1(4)-т. сәйкес, жанама әсерлер өрттің стандартты температуралық режимін пайдаланған кезде ескерілмеуі мүмкін.

3.4.10 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.2(3)-т. сәйкес, жүктемеге және уақытқа тәуелді конструкция сипаттамалары апаттық жағдайдың алдындағы моментте ескерілмеуі тиіс.

Ескертпе – Бұл ең алдымен материалдардың жылжығыштығы және қажуы ұғымдарына қатысты.

3.4.11 Өрт секциясындағы (бөліміндегі) есептік өрттің әрбір сценарийі үшін есептік өрт осы құралдың 6.2 деректеріне сәйкес бағалануы тиіс. Егер конструкциялар үшін ұлттық нормалар (осы құралдың 3.2.1-тармағына Ескертпе –ні қараңыз) отқа төзімділік бойынша талаптарды (уақыт мәндерінде отқа төзімділік шегі) орнататын болса, онда ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.3(3)-т. сәйкес есептік ретінде өрттің стандартты температуралық тәртібі қабылданады.

3.4.12 ҚР ҚН 91-1-2:2002/2011, 2.4(1)Р сәйкес жекелеген конструкцияның жылу техникалық есептеуін орындау кезінде оған қатысты есептік өрттің қалпы көрсетілуі тиіс.

3.4.13 [ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.4(4)-т.] Таңдап алынған есептік өртке байланысты жылу техникалық есептің келесі әдістері пайдаланылады:

- номиналды (стандартты) температуралық режимді пайдаланған кезде жекелеген конструкцияның жылу техникалық есебі салқындау фазасын ескерусіз белгіленген уақыт кезеңі үшін жүргізіледі;

- өртті моделдеу кезінде жекелеген конструкцияның жылу техникалық есебі салқындау фазасын қосқанда, өрттің толық ұзақтығы үшін жүргізіледі.

3.4.14 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.5(1)Р сәйкес статикалық және жылу техникалық есептеу оттың әсер ету уақытының аталмыш бір мәні үшін бірге жүргізілуі тиіс.

3.4.15 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 5.1.4(5)-т. сәйкес, есептеуді жеңілдету үшін жол беріледі:

- конструкция элементтерінің қимасы және бойлығы бойынша температуралардың құбылуымен немесе температураның бойынша қима немесе біркелкі бөлінуін қабылдау;

- барлық көтергіш конструкцияның басқа элементтерімен өзара әрекеттескенде немесе жеке өрттің әсер етуі кезінде конструкцияның жеке элементтерін зерттеуді жүргізу (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 1-суретті қараңыз).

Жоғары температура кезінде конструкция элементтерінің әрекетін линиялық емес ретінде қабылдау керек.

3.4.16 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 2.4.1(6)Р сәйкес, жобалау және есептеу сынақтармен немесе сынақтар мен есептеулердің комбинациясымен үйлестіріліп жүргізуге болады.

Ескертпе – Сынақтар келесі жағдайларда қажет болуы мүмкін:

- сәйкес модельдер болмағанда;
- материаладардың сипаттамалары сәйкес келмегенде немесе болмағанда;
- конструкциялардың типтік элементтерін қолданған кезде;
- жобалау кезінде жол берулерді тексеру қажет болғанда.

3.4.17 Сынақтарды нәтижелері қолданылатын есептік жағдайдың талап етілетін сенімділігімен расталатындай түрде жүргізу керек. Бұл жағдайда

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 5.2(2)Р сәйкес сынақтардың шектеулі санының салдарынан статистикалық қателіктерді ескеру қажет.

Ескертпе – Соған карамастан, ISO 834-1 және ISO 834-3 деректеріне сәйкес, толық масштабты конструкцияның отқа төзімділігін бағалау үшін 1-ден 3 дейінгі үлгілер талап етіледі.

3.4.18 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011, 2.5(2)-т. сәйкес отқа төзімділік ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (2.1)-(2.3) Формулалары бойынша келесі шарттарды орындаумен расталады:

– уақыт параметрлерінде

$$t_{fi,d} \geq t_{fi,requ}; \quad (3.1)$$

– беріктік параметрлерінде

$$R_{fi,d,t} \geq E_{fi,d,t}; \quad (3.2)$$

– температуралық параметрлерде

$$\theta_d < \theta_{cr,d}, \quad (3.3)$$

мұнда $t_{fi,d}$ – отқа төзімділіктің есептік шегі;

$t_{fi,requ}$ – отқа төзімділіктің талап етілетін шегі;

$R_{fi,d,t}$ – t уақыт моментіндегі өрт кезінде элементтің есептік кедергісі;

$E_{fi,d,t}$ – t уақыт моментіндегі өрт кезінде әсердің есептік нәтижесі;

θ_d – материалдың есептік температурасы;

$\theta_{cr,d}$ – материалдың есептік ауыспалы температурасы.

3.4.19 Тоғыспаларды қосқанда, өрт секцияларының (бөлімдерінің) қоршауын қалыптастыратын темірбетон (бетон) конструкциялар (өртке қарсы қабырғалардың және аралық қабырғалардың рөлін орындайтын), өрт кезінде регламенттелетін әсерлердің нормаланатын ұзақтығы барысында олардың қоршау қабілетін сақтайтындай түрде жобалануы және дайындалуы тиіс. ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 2.1.1(2)Р сәйкес, бұл келесімен қамтамасыз етіледі:

– E тұтастық жоғалмайды;

– I жылу оқшаулағыш қабілетті жоғалту жүрмейді;

– жылытылмайтын беттен жылулық сәулелендіру шектелген.

3.4.20 Өрт жағдайындағы рөлдеріне байланысты құрылыстық конструкциялар (элементтер) үшін R , E және I - өрт кезінде функциялардың белгілі бір жинағы орнатылады:

– қоршау конструкциялары үшін: E шектеуші функциясы және егер талап етілетін болса, I жылу оқшаулағыш қабілет;

– көтергіш конструкциялары үшін: R көтергіш қабілетінің функциясы;

– қоршау және көтергіш конструкциялары үшін: R , E көтергіш және қоршау қабілетінің функциясы және егер талап етілетін болса, I жылу оқшаулағыш қабілет функциясы.

Ескертпе – Егер стандартты өрттің нормаланған ұзақтығы барысында қызбайтын беттің температурасы орташа есеппен 140°C -тан аспайтын болып жоғарыласса және осы беттің кез келген нүктесінде 180°C -тан аспайтын болса, өрттің номинал (стандартты) тәртібі үшін I жылу оқшаулағыш қабілет функциясының шектік мәніне сәйкес келетін отқа төзімділік шегі қамтамасыз етілген болып саналады (20°C қоршаған ортаның бастапқы температурасына қатысты).

Өрттің параметрлік тәртібі үшін:

– Орын-жайдағы ортаның (газдардың) ең жоғары температурасына жеткен моментке дейін қызу фазасы кезінде қызбайтын беттің температурасы орташа есеппен 140°C -қа аспай жоғарылайды, осы беттің кез келген нүктесінде - 180°C -тан аспайды;

– сөну фазасы кезінде жылытылмайтын беттің температурасы орташа есеппен 200°C -тан аспайтындай жоғарылайды, осы беттің кез келген нүктесінде 240°C -тан аспайтындай жоғарылайды.

3.4.21 Барлық құрылыстық темірбетон конструкциялар үшін өртке қарсы жобалау белгіленген тәртіпте бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың және ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген ұлттық, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін отқа төзімділікке жүргізілген сынақтардың нәтижелері бойынша ғана негізделуі тиіс.

3.4.22 От сынақтарынан өткен, формасы, материалдары және конструктивті атқарылуы бойынша ұқсайтын құрылыстық темірбетон конструкциялардың отқа төзімділік шектерін (отқа төзімділік бойынша шектік күйлер) отқа төзімділікке сынақ нәтижелерін ескерусіз жобалауға балама ретінде есептік-талдау әдістерімен анықтауға жол беріледі.

3.4.23 Жобалау кезінде құрылыстық конструкциялардың отқа төзімділігін отпен сынаудың және есептік-аналитикалық әдістердің нәтижелерін қолдануға жол беріледі.

Мысалы

1 (3.4.12) Арқалықтар үшін өрттің үш жақтан әсері тән болып табылады, түйіспе қабырғалардың және аралық қабырғалардың орналасуына байланысты бағандар үшін – бір-, екі-, үш- және төрт жақтан әсері тән болып табылады. Қабырғалар үшін өрттің біржақты әсері әлдеқайда қауіпті болып табылады. Такталар үшін өрттің біржақты әсері әлдеқайда тән болып табылады.

2- (3.4.18) темірбетон конструкциялар үшін келтірілген үш шарттар бір мезгілде қолданылуы мүмкін. Мысалы, темірбетон бағана үшін отқа төзімділіктің талап етілетін шегі $R60$ құрайды. Отқа төзімділіктің іс жүзіндегі шегі (есеп бойынша) көрсетілген мәннен кем еместі құрауы тиіс, мысалы, $R90$. Бұл (3.1) Формулаға сәйкес келетіндігі анық. Сонымен бірге, есептеуді жеңілдету мақсатында сонымен қатар (3.3) Формуланы пайдалану және стандартты от әсерінің берілген уақытына ғана (60 минут) бағананың беріктігін бағалау ыңғайлы. Темірбетон конструкциялар үшін өрт кезіндегі беріктікті ауыспалы температура әдісімен бағалау ыңғайлы (көп жағдайда – 500°C). Егер арматура берілген уақыт моментіне қарай (60 минут) ауыспалы температураға дейін қызбаса, бірінен соң бірі (3.3), (3.2) және (3.1) Формула орындалатындығы анық.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құралда тиісті анықтамалармен келесі терминдер қолданылады:

4.1 Құрылыс (structure): Салынып жатқан немесе құрылыс жұмыстарының нәтижесі болып табылатынның барлығы (жерүсті және (немесе) жерасты типтегі құрылыс жүйесі, оның құрамына функционалдық тағайындалуына байланысты адамдардың болуына немесе тұруына және технологиялық үдерістерді орналастыруға арналған орын-жайлар кіреді).

Ескертпе – Бұл термин ғимараттарды, сонымен қатар инженерлік құрылыстарды білдіреді. Термин конструктивті (көтергіш), конструктивті емес (тірегіш емес), сонымен қатар геотехникалық элементтерді (іргетасты) қамтитын аяқталған құрылысқа қатысты.

4.2 Ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың типі (type of building or civil engineering works): Ғимараттың немесе құрылыстың функционалды мақсатынан шығара келе анықталады, мысалы, тұрғын үй, тірек қабырға, өнеркәсіптік ғимарат, жол көпірі.

Ескертпе – құрылыстың түрі конструкцияға күштік және температуралық (өрттік) әсерлерді, соның ішінде қосымша есептеулерсіз коэффициенттерді анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4.3 Конструкция типі (type of construction): Конструкцияны дайындау үшін қолданылатын материалдардың түрінен шығара келе анықталады, мысалы, темірбетон конструкция, болат конструкция, ағаш конструкция, тас конструкция, болат бетон құрамдас конструкция.

Ескертпе – Осы құралда тек темірбетон конструкциялар ғана қарастырылады.

4.4 Құрылыс әдісі (method of construction): Құрылысты салу тәсілі, мысалы, тұтас құймалы бетоннан, зауыттық әзірлемедегі конструкциядан, кантилеверлі (көпірлерді салу кезінде қолданылады).

Ескертпе – Конструкцияларды салу тәсілі көп жағдайда олардың есептік сұлбасын анықтайды (модель): зауыттық әзірлемедегі конструкциялар негізінен топсалы бекітілген элементтер болып табылады, мысалы, еркін сүйелмелі тақталар; тұтасқұймалы (немесе құрама тұтас құймалы) конструкциялар негізінен көп рет статикалық анықталмайтын конструкциялармен танытылған.

4.5 Құрылыс материалы (construction material): Құрылыс үшін қолданылатын материал, мысалы, бетон, болат, ағаш, кірпіш.

4.6 Конструкция (құрылыс) (structure): Жүктемелерді қабылдау және барабар қаттылықты қамтамасыз ету үшін арналған өзара байланысты конструктивті элементтердің қарастырылған комбинациясы.

4.7 Конструктивті элемент (structural member): 1. Конструкцияның физикалық ерекшеленетін бөлігі, мысалы, бағана, аркалық, тақта, іргетасты қада. 2. Байланыстырғышты қосқанда, конструктивті жүйенің көтергіш элементі.

4.8 Жеке конструкция (member): Шектік шарттарды және сүйемелдеу сұлбасын ескере отырып жеке қарастыруға болатын конструктивті жүйенің негізгі элементі (мысалы, арқалық, бағана, сонымен қатар ферма және т.б. секілді құрама конструкциялар).

4.9 Көтергіш құрылыс бұйымы (structural element): Көтергіш құрылыстық бұйымдарға іргетас, бағана, көпірлерде – көтергіш, жол полотносының тақтасы және көтергіш элементтер, мысалы, арқандар.

4.10 Көтергіш емес құрылыс бұйымы (non structural element): Көтергіш емес құрылыс бұйымдарына жол жабындарын және қаптамаларды қосқанда, тірегіш бұйыммен қосылатын қосымша өңдеулер, жабындар және қаптамалар, сонымен қатар көтергіш бұйыммен стационарлы қосылатын жабдықтар және механикалық құрылғылар жатады.

4.11 Арақабырға (partition): Көтергіш емес қабырға.

4.12 Уақытша арақабырға (movable partition): Жылжытуға, басқа орынға орнатуға немесе демонтаждауға болатын көтергіш емес қабырға.

4.13 Құрылыстың конструктивті формасы (form of structure): Конструктивті элементтердің орналасуымен анықталады.

Ескертпе – Құрылыстардың конструктивті формалары – бұл, мысалы, жақтаулар, аспалы көпірлер.

4.14 Конструктивті жүйенің бөлігі (part of structure): Сәйкес шекаралық шарттармен және сүйемелі сұлбамен конструктивті жүйенің жекелеген бөлігі.

4.15 Конструктивті жүйе (structural system): Бірлесе жұмыс істеу үшін белгілі бір тәсілмен біріктірілген ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың көтергіш элементтері.

4.16 Құрылыс моделі (structural model): Жобалау кезінде есептеулерде және есептік тексерулерде қолданылатын құрылыстың мінсіз сұлбасы.

Ескертпе – Көтергіш конструкцияның моделі дәлдікті елеулі жоғалтусыз есептік процедураларды жеңілдету үшін геометрияның жеңілдетілген қабылдануы болып табылады – мысалы, есепте тақталар арқалық, бағана – шыбық түрінде беріледі.

4.17 Құрылыс (execution): Құрылыс материалдарын сатып алуды, бақылауды және сәйкес құжаттаманы әзірлеуді қосқанда, ғимараттың немесе құрылыстың құрылысы бойынша қызметтің барлық түрлері.

Ескертпе – Термин аумағында, сонымен қатар оның шегінен тыс жерлерде бұйымдарды дайындауды қосқанда, құрылыс алаңшасындағы барлық жұмыстарды білдіреді.

4.18 Үлес салмағы (bulk weight density): Микро және макрокуыстарды және кеуектерді қосқанда, материал көлемі бірлігінің салмағы.

Ескертпе – Сөйлесу тәжірибесінде көлем бірлігіне массаға қатысты «тығыздық» термині қолданылады.

4.19 Есептеу критерийлері (design criteria): Әрбір шектік күй үшін орындалуы тиіс шарттарды сипаттайтын сандық көрсеткіштер.

Ескертпе – Шектік күйлер толығырақ осы құралдың 3.3-қосымша бөлімінде қарастырылған. Отқа төзімділікті есептеу тұрғысынан критерийлер ретінде негізінен конструкциялардың бұзылуын немесе айнымалы температураға жету қабылданады.

4.20 Есептік жағдайлар (design situations): Есептеулер сәйкес шектік күйлер жоғарыламағандығын көрсетуі тиіс белгілі бір уақыт аралығында кездесетін шынайы шарттарды моделдейтін физикалық шарттардың жиынтығы.

Ескертпе – Өртті апаттық есептік жағдайларға жатқызады.

4.21 Тұрақты есептік жағдай (persistent design situation): Құрылысты пайдаланудың барлық кезеңінде анықтаушы болып табылатын жағдай.

Ескертпе

1 Әдетте ол қалыпты пайдалану шарттарына жатады. Тұрақты есептік жағдай бастапқы деректер – жүктемелер, кернеулер ретінде отқа төзімділік есебінде пайдаланылуы мүмкін.

2 Өрт кезінде тұрақты есептік жағдай үшін анықталатын әрекет етуші жүктемелердің тек белгілі бір бөлігі әрекет ететіндігі саналады (осы құралдың 6- тарауын қараңыз), өйткені өрт – жеткілікті түрде сирек кездесетін оқиға, демек конструкциялардың асқын жүктелу моментінің өрттің туындау моментімен сәйкес келу ықтималдығы өте аз.

3 Статикалық анықталатын конструкциялар үшін әрекет етуші кернеулер (тұрақты есептік жағдай үшін анықталған) отқа төзімділікті есептеу үшін бастапқы шарттар ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл осындай конструкцияларда салынған күштердің, соның ішінде өрттің әсерімен түскен күштердің қайта таралуы туындамайтындығымен шартталған. Осылайша, отқа төзімділік белгілі бір температура кезінде құрылыс материалының беріктігімен әрекет етуші кернеулерді салыстырумен және жылу техникалық тапсырманы шешумен ғана анықталуы мүмкін. Осы болжамға айнымалы температура әдісі негізделген (кестелік әдіс).

4.22 Апаттық есептік жағдай (accidental design situation): Құрылыс үшін ерекше шарттарды немесе әсерлерді, мысалы, өртті, жарылысты, соққыны немесе жергілікті бұзылуды ескеретін жағдай.

Ескертпе – Егер басқалай көрсетілмесе, осы құралдың ережелері нақ апаттық есептік жағдайлар үшін қолданылады.

4.23 Өртке қарсы жобалық шаралар (fire design): Өрт жағдайында жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін конструкцияларды жобалау кезінде қарастырылатын шаралар.

Ескертпе – Отқа төзімділікті өртке қарсы жобалық шараларға жатқызады. Оның талап етілетін мәні ұлттық нормалармен орнатылады (мысалы, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» Техникалық регламентінде, осы құралдың 3.2.1-тармағын қараңыз). Отқа төзімділіктің талап етілетін мәні еурокодтармен орнатылмайды.

4.24 Есептік пайдалану мерзімі (design working life): Құрылыс немесе оның бөлігі күрделі жөндеусіз, тиісті техникалық қызмет көрсетуде өзінің функционалды мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс уақыт кезеңі.

Ескертпе – Өрт конструкциялардың есептік пайдалану мерзімін қысқартуы мүмкін.

4.25 Қауіптілік (hazard): Ерекше және салмақты оқиға, мысалы, қоршаған ортаның болжанбаған әсері немесе ықпалы, жеткіліксіз беріктік немесе көтергіш қабілет, немесе қарастырылған өлшемдерден жол берілмейтін ауытқу.

Ескертпе – Өрт қауіп түрі болып табылады.

4.26 Жүктелу сұлбасы (load arrangement): Қалыпты, шаманы және еркін әсер ету бағытын сипаттайтын сұлба.

Ескертпе – Сонымен қатар осы құралдың 3.3.8-тармағын қараңыз.

4.27 Жүктелу жағдайы (load case): Кейбір тексеру есептерінде жүктелудің әртүрлі сұлбалары – деформация және жетілмеушілік жиынтығы үйлесетін жағдайлар, белгіленген ауыспалы және тұрақты әсерлермен бірге қарастырылады.

4.28 Шекті күйлер (limit states): Жоғарылаған жағдайда құрылыстық конструкциялар жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін күй.

Ескертпе – Осы құралдың 3.3-қосымша бөлімін қараңыз.

4.29 Шектік шекті күйлер (ultimate limit states): Конструкцияның (құрылыстың) бұзылуымен немесе басқалай істен шығу формаларымен байланысты күйлер.

Ескертпе – Әдетте, олар конструкцияның немесе оның элементінің, соның ішінде өрт жағдайында ең жоғары көтергіш қабілетіне сәйкес келеді.

4.30 Пайдаланушылық жарамдылық бойынша шектік күйлер (serviceability limit states): Жоғарылаған жағдайда конструкцияның (құрылыстың) немесе оның элементтерінің пайдаланушылық жарамдылығына қойылған талаптар орындалмайтын жай-күйлер.

4.31 Көтергіш қабілеті (кедергі) (resistance): Конструктивті элементтің немесе оның көлденең қимасының механикалық бұзылусыз әсерлерге қарсы тұру қабілеті, мысалы, майысуға кедергілік, тұрақтылықты жоғалтуға кедергілік, созылуға кедергілік.

4.32 Беріктік (strength): Әсерлерге қарсылық көрсету қабілетін сипаттайтын және әдетте, механикалық кернеудің бірліктерінде көрінетін материалдың механикалық қасиеті.

4.33 Сенімділік (reliability): Құрылыстың немесе оның конструктивті элементінің есептік пайдалану мерзімі ішінде орнатылған талаптарға сәйкес келу қабілеті. Сенімділік, әдетте, ықтималдық шамаларында көрінеді.

Ескертпе – Сенімділік ұғымы құрылыстың қауіпсіздігіне, пайдаланушылық жарамдылығына және төзімділігіне тарайды.

4.34 Техникалық қызмет көрсету (maintenance): Пайдаланушылық жарамдылығын қолдау үшін құрылысты есептік пайдалану мерзімінде жүзеге асырылатын шаралардың жиынтығы.

Ескертпе – Апаттық әсерлерден кейін көтергіш конструкцияны жөндеу бойынша шаралар ақаусыз күйде ұстау болып табылмайды.

4.35 Номиналды мән (nominal value): Статистикалық талдаудың нәтижелері бойынша емес, тәжірибелік деректердің немесе физикалық шарттардың негізінде қабылданған мән.

Ескертпе – Номиналды мән көбіне статистикалық талдауды жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда пайдаланылады.

4.36 Әсер ету (action) *F*:

а) көтергіш конструкциясына әсер ететін күштер (жүктемелер) тобы (тікелей әсер).

б) температураның немесе ылғалдықтың өзгеруімен, негіздердің біркелкі емес шөгуімен немесе жер сілкінісімен туындаған салынған деформациялар немесе ауытқулар тобы (жанама әсер).

Ескертпе – Өрт б) әсер ету нұсқасына жатады және конструкциялар бағытындағы стационарлы емес (уақыт бойынша айнымалы) жылу ағыны болып табылады.

4.37 Әсер ету нәтижесі (effect of action) *E*: Конструкция элементтеріне әсер ету нәтижесі (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеулер, деформациялар) немесе әсерлерден туындаған барлық құрылыстың реакциялары (мысалы, бүгілулер, бұрылыстар).

4.38 Тұрақты әсер (permanent action) *G*: Пайдаланудың барлық мерзіміндегі әсер, оның шамасының уақытша өзгерісі орташа мәнмен салыстырғанда елеусіз немесе белгілі бір шектік мәнге жеткенге дейін өзгерісі әрдайым бірсарынды және бір бағытта жүретін шаманың уақытша өзгерісі.

4.39 Айнымалы әсер (variable action) *Q*: Уақыт бойынша шамасының өзгеруі елеусіз және бірсарынды болып табылмайтын әсер.

4.40 Апаттық әсер (accidental action) *A*: Әдетте, қысқа мерзімді, бірақ елеулі шамадағы, құрылысты пайдаланудың есептік мерзімінде шағын ықтималдыққа ие әсер.

Ескертпе – Егер тиісті шараларды қабылдаса, апаттық әсер елеулі салдарларға ие болуы мүмкін. Мысалы, өрт – апаттық әсер (қауіптілік) – конструкцияның (ғимараттың, құрылыстың) қирауына әкелуі мүмкін. Соған қарамастан, сандық көріністе апаттық әсер өрт жағдайында температуралық кеңеюдің деформациясына сәйкес келетін балама күш түрінде көрінеді.

4.41 Бекітілген әсер (fixed action): Конструкцияға немесе конструктивті элементке қатысты тұрақты таратуға және қалыпқа ие әсер, соның нәтижесінде егер осы әсердің шамасы және бағыты конструкцияның немесе конструктивті элементтің бір нүктесі үшін анықталса, конструкция немесе конструктивті элемент үшін бір мәндес анықталады.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу үшін әсер етудің (жүктеменің) белгіленген күш әсерлері ғана ескеріледі. Өрт кезінде конструкциялардың деформациясы шарттарында жүктерді ауыстыру ескерілмейді. Ерекше жағдай - өрттің жылулық ағыны әсерінен еритін қар жүктемесі.

4.42 Еркін әсер ету (free action): Конструкцияға қатысты әртүрлі кеңістікті таратылымға ие болуы мүмкін әсер.

4.43 Жеке әсер ету (single action): Конструкцияға кез келген басқа әсерден уақыт және кеңістік бойынша статистикалық тәуелсіз болып табылатын әсер.

4.44 Статикалық әсер (static action): Конструкцияның немесе конструктивті элементтің елеулі ауытқуларын туындатпайтын әсер.

Ескертпе – Статикалық әсер – бұл қарастырылатын уақыт аралығы үшін тұрақты қабылдануы мүмкін әсер. Отқа төзімділікті есептеу үшін тек статикалық күштік әсерлер (жүктемелер) ескеріледі.

4.45 Динамикалық әсер (dynamic action): Конструкцияның немесе конструктивті элементтің елеулі ауытқуын туындататын әсер.

4.46 Квазистатикалық әсер (quasi-static action): Есептеу кезінде балама статикалық әсермен ауыстырылатын динамикалық әсер.

Ескертпе – Квазистатикалық әсер жарылыстық әсерлерге конструкцияларды есептеу үшін жиі қолданылады.

4.47 Әсердің сипаттамалық мәні (characteristic value of an action) F_k : Әсердің анықтаушы репрезентативті мәні.

Ескертпе – Сипаттамалық мән статистикалық тұрғыда орнатылуы мүмкіндіктен, оны «бастапқы уақыт кезеңінде» осы мәнің жоғарылауы орын алмайтын берілген ықтималдықпен қолданады, бұл жағдайда көтергіш конструкцияның жобалық пайдалану мерзімі және есептік жағдайдың ұзақтығы ескеріледі.

4.48 Референтті уақыт кезеңі (reference period): Айнымалы және егер мүмкін болса, апаттық әсерлер үшін статикалық бағалауға арналған орнатылған уақыт аралығы.

4.49 Айнымалы әсердің комбинациялық мәні (combination value of a variable action) $\psi_0 Q_k$: Әсерлер комбинациясынан туындаған салдарлардың жоғарылау ықтималдығы шамамен жекелеген әсердің сипаттамалық мәнінің жоғарылау ықтималдығы секілді түрде статистикалық негізде мүмкіндігінше таңдап алынған айнымалы әсер мәні. Комбинациялық мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_0 \leq 1$ коэффициентіне көбейтумен анықталуы мүмкін.

4.50 Айнымалы әсердің жеке мәні (frequent value of a variable action) $\psi_1 Q_k$: Айнымалы әсер мәні, ол бұл мән жоғарылайтын референтті кезеңнің шегінде әрекет етуінің жиынтық уақыты референтті кезеңнің шағын бөлігі болып табылатын түрде немесе осы жоғарылау жиілігі берілген мәнмен шектелетін түрде мүмкіндігінше статистикалық негізде таңдап алынады. Жеке мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бір бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_1 \leq 1$ коэффициентіне көбейтумен анықталуы мүмкін.

Ескертпе – Айнымалы әсердің жеке мәні сонымен қатар мерзімдік ұзақ әрекет ететін, бірақ статистикалық негізде қабылданған жүктеме ретінде белгілі. Өйткені өрт – сирек кездесетін оқиға, отқа төзімділікті есептеу үшін айнымалы әсердің жеке мәнін қолдануға жол беріледі.

4.51 Айнымалы әсердің квазитұрақты мәні (quasi-permanent value of a variable action) $\psi_2 Q_k$: Айнымалы әсер мәні, ол жоғарылайтын жиынтық уақыт аралығы референтті уақыт кезеңінің үлкен бөлігін құрайтындығын ескерумен анықталады. Квазитұрақты мән

айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_2 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

Ескертпе – Айнымалы әсердің квазитұрақты мәні сондай-ақ отқа төзімділікті есептеу үшін де қабылдануы мүмкін (айнымалы әсердің жеке мәніне балама ретінде).

4.52 Ілесе жүретін айнымалы әсердің мәні (accompanying value of a variable action)

ψQ_k : Әсерлер комбинациясында басым әсерді ілестіретін айнымалы әсердің мәні.

Ескертпе – Ілесе жүретін айнымалы әсердің мәні оның комбинациялық, жеке немесе квазитұрақты мәні болуы мүмкін. Айнымалы әсерлер қатысу уақытының, әсер ету шамасының тұрғысынан әртүрлі болғандықтан, олардың дәл мәнін кез келген уақыт сәтінде (референтті кезең) (мысалы, өрттің туындауына сәйкес келетін) ескеру мүмкін болып табылмайды. Сондықтан есептік жағдайдың түріне байланысты (яғни оның болу ұзақтығы – әсер ету ықтималдығы) $\psi \leq 1$ құрама коэффициент қабылданады.

4.53 Әсердің репрезентативті мәні (representative value of an action) F_{rep} :

Шектік күй бойынша есептеу кезінде қолданылатын мән. Репрезентативті мән ретінде сипаттамалық мән (F_k) немесе ілесе жүретін мән (ψF_k) қабылдануы мүмкін.

Ескертпе – Есептік мән сонымен қатар өзіндік мән мен γ_F жеке қауіпсіздік коэффициентінің туындысы ретінде белгіленуі мүмкін ($\gamma_F = \gamma_{sd}\gamma_f$). Әсердің репрезентативті мәні сонымен қатар әсердің «сипаттамалық» мәні ретінде белгілі. Тұрақты күш әсерлері үшін отқа төзімділікті есептеу кезінде сипаттамалық мәнді алады, айнымалы күш әсерлері үшін – ілесе жүретін әсер ету мәні қабылданады.

4.54 Әсердің есептік мәні (design value of an action) F_d :

Репрезентативті мәнді γ_F жеке коэффициентке көбейту арқылы алынған әсер ету мәні.

Ескертпе – Есептік мән сонымен қатар өзіндік мән мен γ_F жеке қауіпсіздік коэффициентінің туындысы ретінде белгіленуі мүмкін ($\gamma_F = \gamma_{sd}\gamma_f$). Апаттық есептік жағдайлар (өрт) үшін γ_f коэффициент 1,0-ге тең болып қабылданады.

4.55 Әсерлер комбинациясы (combination of actions):

Әртүрлі әсерлердің бір мезгілде әрекеті кезінде кейбір шектік күйлер бойынша құрылыстың сенімділігін тексеру кезінде пайдаланылатын әсерлердің есептік мәндерінің жиынтығы.

4.56 Сипаттамалық мән (X_k немесе R_k) (characteristic value (X_k or R_k)):

Болжамды түрде сынақтардың шектеусіз санында асырмаудың белгілі бір ықтималдығымен бұйымның немесе материалдың қасиеттерін сипаттайтын мән. Сипаттамалық мән әдетте қарастырылатын материалдың немесе бұйымның қабылданған статистикалық бөлінісінің белгілі бір квантиліне сәйкес келеді. Кейбір жағдайларда қалыпты мән сипаттамалық ретінде пайдаланылады.

Ескертпе – Мысалы, бетонның беріктігі статистикалық бөлініс квантилінің 5 % деңгейіне тең қабылданады. Бұл сыналған 100 барабар үлгілердің ішінен беріктіктің төмендігін көрсеткен 5 үлгі жарамсыздыққа шығарылатындығын білдіруі мүмкін және материалдың беріктігі қалған 95 үлгінің ішіндегі ең төмені бойынша қабылданады.

4.57 Материал немесе бұйым қасиеттерінің есептік мәні (X_d немесе R_d) (design

value of a material or product property (X_d or R_d)): X_k материал және бұйым қасиеттері

көрсеткішінің немесе R_k конструктивті элемент қасиеттері көрсеткішінің сипаттамалық мәнін γ_m немесе γ_M жеке коэффициентіне бөлу нәтижесінде алынатын немесе ерекше жағдайларда тікелей анықталатын мән.

Ескертпе – Апаттық есептік жағдайлар (өрт) үшін γ_m немесе γ_M коэффициенттері 1,0-ге тең болып қабылданады.

4.58 Материал немесе бұйым қасиеттерінің номиналды мәні (X_{nom} немесе R_{nom}) (nominal value of a material or product property (X_{nom} or R_{nom})): Тиісті құжатта, мысалы, стандартта немесе құрылыс материалына техникалық шарттарда анықталған, әдетте сипаттамалық мән ретінде қолданылатын мән.

4.59 a_k геометриялық шамадағы сипаттамалық мән (characteristic value of a geometrical property (a_k)): Жобалау кезінде қабылданған, әдетте номиналды өлшемге сәйкес келетін мән. Қажет болса геометриялық өлшемдердің мәндері статистикалық таралымның белгіленген квантильдеріне сәйкес келуі мүмкін.

4.60 a_d геометриялық шамадағы есептік мән (design value of a geometrical property (a_d)): Әдетте – бұл номиналды мән. Қажет болған жағдайда геометриялық өлшемдердің мәндері статистикалық таратылымның белгіленген квантильдеріне сәйкес келуі мүмкін.

Ескертпе – Геометриялық көрсеткіштің мәні шектік күй үшін анықтаушы болып табылғанда, мысалы, бойлық бүгіліске геометриялық ақаулықтардың әсер етуі кезінде ауытқулар туындайды. Бұл жағдайларда есептік мән өлшеуге стандарттарда тікелей көрсетіледі. Қажет болған жағдайда есептік мән сипаттамалық мәнің фрактилінен асатын фрактильді (яғни әлдеқайда сирек мәнді) қолданумен статистикалық бағалаулардың негізінде анықталуы мүмкін.

4.61 Қонструкциялардың есебі (structural analysis): Конструкцияның кез келген нүктесінде әсер ету нәтижелерін (күш, моменттер, кернеулер, деформациялар) анықтау алгоритмі немесе процедурасы.

Ескертпе – Есептеуді әртүрлі модельдерді пайдаланып, үш деңгейде жүргізуге болады: жалпы есеп, жекелеген конструктивті элементтердің есебі, жергілікті есеп. Отқа төзімділікті есептеу үшін осы құралдың 3.4-қосымша бөлімін қараңыз.

4.62 Жалпы есептеу (global analysis): Көтергіш конструкциясына әсер етумен тепе-теңдікте тұрған және материалдардың геометриялық өлшемдеріне, конструктивті шешімдеріне және қасиеттеріне тәуелді күштердің, моменттердің және салынған күштердің өзара келісілген шамаларын конструкциялы анықтау.

Ескертпе – Жалпы есептеу – бұл барлық конструктивті жүйенің есебі. Жалпы есеп әдетте САПР – автоматтандырылған жобалау жүйелерінің көмегімен жүргізіледі.

4.63 Өрт кезінде конструктивті жүйенің жалпы талдауы (global structural analysis (for fire)): Өрттің әсеріне толығымен немесе ішінара ұшыраған жалпы конструктивті жүйенің талдауы. Өрттің тікелей емес әсерлері барлық конструктивті жүйе үшін ескеріледі.

4.64 Өрттің тікелей емес (жанама) әсерлері (indirect fire actions): Температуралық кеңеюден туындаған күштер.

4.65 Өрт кезінде жекелеген конструкцияны талдау (member analysis (for fire)): Сәйкес шекаралық шарттармен және өрттің әсер ету шарттарында сүйемелдеу сұлбасымен жеке қарастырылатын конструкцияның жылу техникалық және статикалық есептері. Температуралық құбылудан туындаған әсерлерді қоспағанда, өрттің тікелей емес әсерлері қарастырылмайды.

4.66 Қалыпты температура кезіндегі есеп (normal temperature design): Қоршаған орта температурасындағы конструкцияның есебі.

4.67 Жылу техникалық есеп (temperature analysis): Жылулық әсерлерді (жылу ағынын), конструкция материалдарының жылу техникалық қасиеттерін және қажет болған жағдайда қорғаныстық беттердің қасиеттерін ескерумен конструкциялардағы температураның жоғарылауын анықтау әдістері.

4.68 Отқа төзімділік (fire resistance): Конструктивті жүйенің, оның бөлігінің немесе жекелеген конструкцияның жүктеменің берілген деңгейінде регламенттелетін өрттің белгіленген ұзақтығы кезінде талап етілетін функцияларды (көтергіш және/немесе қоршау) орындау қабілеті.

4.69 Стандартты отқа төзімділік, отқа төзімділік шегі (standard fire resistance): Стандартты температуралық режиммен анықталатын жылулық әсер шарттарында белгіленген уақыт ішінде жүктемелердің регламенттелген комбинациясы кезінде талап етілетін көтергіш және/немесе қоршау функциясын конструктивті жүйенің, оның бөлігінің немесе әдетте тек жекелеген конструкцияның орындау қабілеті (от әсерінің басталуынан осы конструкция үшін нормаланатын отқа төзімділік бойынша шектік күйлердің бірі туындағанға дейінгі уақыт).

4.70 Тұтастық (integrity) **E**: Бір жақты от әсері кезінде қоршау конструкцияның жалынның және өртену өнімдерінің қызбайтын бетке енуінің алдын алу қабілеті.

4.71 Жылу оқшаулағыш қабілет (insulation) **I**: Біржақты от әсері кезінде қоршау конструкцияның қызбайтын бет температурасының белгіленген деңгейден жоғары көтерілуін шектеу қабілеті.

4.72 Көтергіш қабілеті (функция) (load bearing function) **R**: Конструктивті жүйенің немесе жекелеген конструкцияның өрт кезінде берілген параметрлерге сәйкес белгіленген әсерге төзу қабілеті.

4.73 Қоршау қабілеті (функция) (separating function): Қоршау конструкцияның регламенттелген өрттің таралуының немесе қызбайтын беттің тұтануының алдын алу қабілеті (тұтастықты (**E**) және жылу оқшаулағыш қабілетті (**I**) қамтиды).

4.74 Өрт секциясы (бөлім) (fire compartment): Қоршау конструкцияларымен бөлінген, регламенттелген өрттің оның шегінен тыс таралуына кедергі келтіретін бір немесе бірнеше қабат шегіндегі ғимараттағы тұйық кеңістік (ғимараттың басқа бөліктерінен отқа төзімділік шегі 2,5 с кем емес өртке қарсы қабырғалармен және аражабындармен оқшауланған ғимарат бөлігі).

4.75 Өртке қарсы қабырға (fire wall): Ықтимал көлденең жүктемелердің, соның ішінде жанасқан құрылыстық конструкциялардың біржақты қирауы кезіндегі әсерлерді ескере отырып, қажетті отқа төзімділікке және конструктивті тұрақтылыққа иелік ететін ғимараттың екі бөлігі (екі ғимарат) арасындағы қабырға (нормаланған отқа төзімділік шегімен және конструктивті өрт қауіптілігінің нормаланған класымен құрылыстық

конструкция, ғимараттың көлемді элементі немесе ғимараттың (құрылыстың) бір бөлігінен басқа бөлігіне немесе ғимараттар (құрылыстар, жасыл егістер) арасында өрттің таралуының алдын алуға арналған басқа тәсіл.

Ескертпе – Әдетте, бұл өздігінен тірегіш кірпіш қабырға (өз іргетасымен).

4.76 Қоршау конструкциясы (separating element): Өрт бөлімі қоршауының бөлігін құрайтын, көтергіш немесе көтергіш емес конструкция (қабырға).

4.77 Есептік өрт (design fire): Жобалау кезінде қабылданған өрттің даму сұлбасы.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу үшін стандартты температуралық режимге сәйкес келетін есептік өрт басымырақ пайдаланылады. Бұл ұлттық нормаларда қабылданған отқа төзімділіктің талап етілетін мәндері ең алдымен стандартты температуралық режимнің уақыт бірліктерінде көрінетіндігімен шартталған.

4.78 Өрт жүктемесі (fire load): Белгілі бір кеңістікте барлық жанғыш заттар (конструктивті элементтер және ғимараттардың ішкі жабдықталуы) өртенген кезде бөлінетін жылу энергиясының жиынтығы.

4.79 Меншікті өрт жүктемесі (fire load density): q_f еденнің аудан бірлігіне немесе ойықтарды қосқанда, q_f барлық қоршаулардың беткі ауданының бірлігіне жатқызылған өрт жүктемесі.

4.80 Есептік меншікті өрт жүктемесі (design fire load density): Ықтимал белгісіздіктерді ескерумен есептік өрттің жылулық әсерін анықтау үшін қабылданатын меншікті өрт жүктемесі.

4.81 Өрттің туындау тәуекелі (fire activation risk): Өрттің туындау ықтималдығын ескеретін және өрт бөлімі ауданының функциясы және орын-жайдың мақсаты болып табылатын параметр (адамдар және материалдық үшін өрт қауіптілігін және оның салдарларын жүзеге асыру мүмкіндігінің сандық сипаттамасы).

Ескертпе – Өрттің туындау тәуекелі өрттің (қорғаныс жүйелерінің істен шығу ықтималдығы) және ықтимал өрт әкелуі мүмкін нұқсанның туындау ықтималдығының туындысы болып табылады. Нұқсан тікелей жанғыш материалдардың орналасу ауданына тікелей байланысты болғандықтан, іс жүзінде нұқсан орын-жайдың мақсатын ескерумен өрт бөлімінің ауданына (өрт іс жүзінде еркін таралуы мүмкін кеңістік) параметрлік тұрғыда ауыстырылады.

4.82 Өрттің сценарийі (fire scenario): Осы өртті сипаттайтын және оны басқа мүмкін өрттерден ерекшелейтін негізгі оқиғалар үшін уақытты көрсетумен өрт барысының сапалы сипаттамасы.

Ескертпе – Сценарий әдетте өртену және өрттің даму үдерістерімен, оның толық даму және өрттің барысына әсер ететін ғимараттың және жүйелердің жабдықтарымен өзара байланысты сөну кезеңдерімен сипатталады. «Өрттің сценарийі» ұғымы өрттің жалпы және параметрлік модельдері үшін ғана тән.

4.83 Көлемді жалындау (flash-over): Орын-жайдағы барлық өрт жүктемесінің бір мезгілде жануы.

Ескертпе – Көлемді жалындау сонымен қатар орын-жайда орналасқан барлық өрт жүктемесінен булардың тұтануы ретінде белгілі. Өртенетін бу мөлшерінің артуымен байланысты орын-жайдағы

температураның күрт өсуімен сипатталады. Көлемді жалындау материалдардың өздігінен тұтану температурасына дейін (300...400 °C) сәулелі жылу алмасу есебінен өрт жүктемесінің қызуымен шартталған.

4.84 Өрістеген өрт (fully developed fire): Белгіленген кеңістік шегінде барлық жанғыш беттердің өртке толық қатысу кезеңі.

4.85 Ойық коэффициенті (opening factor): Қабырғадағы ойықтардың ауданына, ойықтардың және биіктігіне және қоршаушы беттердің жалпы ауданына байланысты орын-жайды желдету шарттарын көрсететін коэффициент.

4.86 Толық өртену коэффициенті (combustion factor): 1-ден (толық өртену) 0 дейінгі (өртенудің болмауы) шектердегі және өртену толықтығын көрсететін коэффициент.

4.87 Жылулық әсерлер (thermal actions): Конструкцияларға жылулық әсердің көмегімен сипатталатын конструктивті жүйеге әсерлер.

4.88 Жылу ағынының қуаты (rate of heat release): Уақыт функциясында зарттардың және материалдардың өртенуі кезінде босайтын жылулық (энергия).

4.89 Температуралық режимдер (temperature-time curves): Конструкция бетін қоршаған орта температурасының уақытқа тәуелділігі. Бөлінеді:

– номиналды: отқа төзімділікті растау және жіктеу үшін бейімделген жалпы қабылданған тәуелділік (орнатылды: стандартты температуралық режим, сыртқы өрттің температуралық тәртібі және көмірсутек өртінің температуралық режимі);

– параметрлік: өрт кезінде орын-жайдағы шарттарды анықтайтын өрт модельдері және арнайы физикалық параметрлер базасында анықталған тәуелділік.

4.90 Өрттің жалпы моделі (advanced fire model): Масса және энергия балансын теңестіруге негізделген өрттің есептік моделі.

4.91 Есептегіш газдинамикалық модель (computational fluid dynamic model): Өрт бөлімінің барлық нүктелерінде термодинамикалық және аэродинамикалық параметрлердің өзгерістерін анықтауға рұқсат беретін жеке туындыда саралап теңестірулердің сандық шешіміне негізделген өрт моделі.

4.92 Бір аймақтық модель (one-zone model): Орын-жайдағы орташаланған температураны пайдалануға негізделген өрт моделі.

4.93 Өрттің қарапайым моделі (simple fire model): Қабылданған физикалық параметрлерінің шектеулі санына негізделген есептік өрт.

4.94 Қос аймақтық модель (two-zone model): Орын-жайдағы әртүрлі аймақтарды анықтауға негізделген өрт моделі: жоғарғы деңгей, төменгі деңгей, жалын және оның лақтырылуы, қоршаған орта және қабырғалар. Жоғарғы деңгей үшін температураның біркелкі таралуы қабылданады.

4.95 Стандартты температуралық тәртіп (standard temperature-time curve): Орын-жайдағы өрістеген өрт моделін сипаттау үшін номиналды температура-уақыт тәуелділігі.

4.96 Өрттің балама жалғастығы (equivalent time of fire exposure): шынайы өрт секілді орын-жайдағы жылулық әсер шамаланатын стандартты температуралық режиммен сипатталатын өрттің ұзақтығы.

4.97 Сыртқы өрттің температуралық тәртібі (external fire curve): Қасбеттің әртүрлі бөліктерінен, күтілетін өртпен орын-жайдан тікелей немесе қарастырылатын сыртқы қабырғаға қатысты төмен/жоғары орналасқан орын-жайлардан тікелей өрттің

әсеріне ұшырауы мүмкін сыртқы қабырғалардың сыртқы беттері үшін қолданылатын номиналды температуралық-уақыттық тәуелділік.

Ескертпе – Сыртқы өрттің температуралық тәртібі стандартты өрт тәрізді жақындатылған математикалық тәуелділік болып табылады. Алайда оттегі шектеусіз қатынайтындықтан және заттардың және материалдардың әлдеқайда толық өртенуінен сыртқы өрт жылулық тұрғысынан стандартты өртке қарағанда әлдеқайда ауыр болып табылады.

4.98 Көмірсутектер өртінің температуралық тәртібі (hydrocarbon fire curve): Көмірсутекті типтегі өрт кезінде әсерлерді бағалау үшін номиналды температуралық-уақыттық тәуелділік.

Ескертпе – Стандартты температуралық тәртіп бастапқыда өртену жылулығы 20 МДж/кг аспайтын целлюлозалы өрт жүктемесінің жануы үшін құрылған. Мұнай өңдеу өнеркәсібінің дамуы жану жылулығы 50 МДж/кг дейін болатын материалдардың туындауына әкелді, демек, стандартты температуралық тәртіп осындай өрт жүктемесі үшін ықтимал өртті дәл сипаттамауы мүмкін. Көмірсутектер өртінің температуралық тәртібі стандартты өртке қарағанда жылулық тұрғысынан алғанда әлдеқайда елеулі болып табылады.

4.99 Жергілікті өрт (localised fire): Орын-жайдағы өрт жүктемесінің шектеулі ауданын қамтыған өрт.

Ескертпе – Кез келген шынайы өрт әдетте жергілікті өрттен басталады. Алайда орын-жайдағы өрт жүктемесінің жеткіліксіз мөлшерінде (немесе оның жергілікті орналасуында) көлемді жалындау орын алмайды және өрт жылулық әсердің жергілікті көзі ғана болады.

4.100 Сәулеленудің бұрыштық коэффициенті (configuration factor): В бетімен алынған энергияның А бетімен диффузды сәулеленген энергияға қатынасымен анықталатын А бетінен В бетіне сәулелендірумен жылуды беруге арналған сәулелену коэффициенті.

4.101 Конвекциямен жылу беру коэффициенті (convective heat transfer coefficient): Қоршаған орта мен конструкция беті температураларының айырмашылығына жатқызылған конструкцияға жылудың конвективті ағыны.

4.102 Қаралық деңгейі (emissivity): Қарастырылатын бетпен және мүлдем қара дененің бетімен жұтылған жылулық арасындағы қатынасқа тең беттің жұту қабілетінің сипаттамасы.

4.103 Қорытынды жылулық ағын (net heat flux): Конструкциямен жұтылған, аудан бірлігіне жатқызылған энергия.

4.104 Көміртекті болат (carbon steel): Тот баспайтын болаттарды қоспағанда, болат маркасы S235-S460.

4.105 Тот баспайтын болат (stainless steel): Болаттың ферритті, аустенитті және аустенитті-ферритті маркалары (S280-S650).

4.106 Арматураның шекті температурасы (critical temperature of reinforcement): Арматура кернеуінің берілген деңгейінде өрт кезінде конструкцияның қирауы күтілетін арматура температурасы (критерий R).

Ескертпе – Көп жағдайда әдеттегі ыстықтай тапталған арматура үшін критикалық температура 500 °C-қа тең болып қабылданады. Қызу кезінде арматураның өзгеру диаграммасына сәйкес (осы құралдың

7.3-суретін қараңыз) бұл температура қалыпты шарттарда материалдың 80 % беріктігіне тең кернеулерде ағушылық шегінің туындауына сәйкес келеді. Қалыпты шарттарда жобалау кезінде қабылданатын қауіпсіздік коэффициенттерін ескерумен арматурадағы кернеулер 80 % төмен болады. Бұл арматураның критикалық температурасын пайдаланумен анықталған конструкциялар үшін отқа төзімділіктің ең төменгі мәнін кепілдендіреді.

4.107 Конструктивті болаттан жасалған конструкциялардың шекті температурасы (critical temperature of structural steel element): Кернеудің берілген деңгейі үшін – қима ауданы бойынша температураның біркелкі бөлінуі жағдайында конструктивтік болаттан жасалған конструкцияның шектік күйінің туындауы күтілетін температура.

4.108 Кернеудің ең жоғары деңгейі (maximum stress level): Берілген температура кезіндегі кернеудің деңгейі, бұл жағдайда арматураның деформациясы диаграммасында икемді кезеңге өте жүреді.

Ескертпе – кернеудің ең жоғарғы деңгейі икемді топсаның түзілуіне және өрт кезінде конструкцияның бұзылуына әкелуі мүмкін.

4.109 Аққыштықтың есептік шегі (effective yield strength): Берілген температура үшін кернеу мәні, бұл жағдайда болаттың деформациясы диаграммасы аққыштық алаңшасына өтеді.

4.110 Келтірілген көлденең қима (reduced cross section): Нөлдік беріктікпен және қатандықпен қабылданатын, конструкцияның бойлық осіне қалыпты қимадан бөлшектерді жою арқылы алынатын отқа төзімділік есебіндегі кішірейтілген қима.

Ескертпе – Келтірілген көлденең қима есепті жеңілдетуге және конструкцияны өрт кезінде қызбаған, ағаштың көмірленуіне ұқсас азайтылған қимамен санауға рұқсат береді.

4.111 Қорғаныстық қабат (protective layer): Конструкцияға отқа төзімділікті жоғарылату үшін жүргізілген материал немесе материалдар комбинациясы.

Ескертпе – Бетонның төмен жылу өткізгіштігін назарға ала отырып, қорғаныс қабатын көбейту темірбетон конструкциялардың отқа төзімділігін жоғарылатудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

4.112 Қорғалған конструкциялар (protected members): Қиманың ішінде температураның өсуін төмендету бойынша шаралар қабылданған құрылыстық конструкциялар.

4.113 Оттан қорғаушы материал (fire protection material): Отқа төзімділікті арттыру мақсатында конструктивті элементке қолданылған кез келген материалдар немесе олардың үйлесуі.

4 БЕЛГІЛЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ

Құралда келесі белгілеулер қабылданған:

5.1 Латын алфавитінің бас әріптері

A	– ерекше (апаттық) әсер; көлденең қима ауданы;
A_d	– апаттық әсердің есептік мәні;
A_c	– бетонның көлденең қима ауданы;
A_p	– кернелетін элементтердің көлденең қимасының ауданы;
A_s	– арматураның көлденең қимасының ауданы;
$A_{s,min}$	– арматураның көлденең қимасының минималды ауданы;
A_{sw}	– көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;
C_d	– номиналды мән, материалдың белгілі бір есептік қасиеттерінің функциясы;
E	– әсер ету нәтижесі;
E_c	– бетонның серпімділік модулі;
$E_{c,eff}$	– бетон серпімділігінің тиімді модулі;
E_{cd}	– бетонның серпімділік модулінің есептік мәні;
E_{cm}	– бетон серпімділігінің қима модулі;
E_p	– алдын ала кернеулі арматураның серпімділік модулінің есептік мәні;
E_s	– арматура серпімділігі модулінің есептік мәні;
EI	– иілу кезіндегі қаттылық;
F	– әсер, күш салу;
F_d	– әсердің есептік мәні;
F_k	– әсердің сипаттамалық мәні;
F_t	– созғыш күш;
G	– тұрақты әсер;
G_k	– тұрақты әсердің сипаттамалық мәні;
I	– бетондық қиманың инерция моменті;
L	– ұзындық;
M	– иілу моменті;
M_{Ed}	– ішкі иілу моментінің есептік мәні;
N	– бойлық күш салу;
N_{Ed}	– бойлық күш салудың есептік мәні (созу немесе қысу);
P	– алдын ала кернеу күшінің анықтаушы репрезентативті мәні;
P_0	– кергеннен кейін тікелей кернеу элементінің соңындағы бастапқы күш салу;
Q	– айнымалы әсер;
Q_d	– айнымалы әсердің есептік мәні;
Q_k	– жекелеген айнымалы әсердің сипаттамалық мәні;
R	– көтергіш қабілеті (кедергі);
R_d	– көтергіш қабілетінің (кедергінің) есептік мәні;
$R_{d,fi}$	– өрт кезіндегі есептік кедергі;
$R_{fi,d(t)}$	– t уақыт моментіндегі өрт кезіндегі есептік кедергі;

- $R_{fi,d,0}$ – $t = 0$ уақыт моментіндегі $R_{fi,d,t}$ мәні;
 R_k – көтергіш қабілетінің (кедергінің) сипаттамалық мәні;
 R_{30} – өрттің 30 мин стандартты температуралық режиміне сәйкес келетін көтергіш қабілетін жою бойынша отқа төзімділік шегі;
 E_{30} – өрттің 30 мин стандартты температуралық режиміне сәйкес келетін тұтастықты жоғалту бойынша отқа төзімділік шегі;
 I_{30} – өрттің 30 мин стандартты температуралық режиміне сәйкес келетін жылу оқшаулағыш қабілетті жоғалту бойынша отқа төзімділік шегі;
 S – ішкі күштер және моменттер;
 S – қима ауданының статикалық моменті;
 T – айналдыру моменті, температура, К;
 T_{Ed} – айналдыру моментінің есептік мәні;
 V – көлденең күш салу;
 V_{Ed} – көлденең күш салудың есептік мәні;
 X – материал немесе бұйым қасиеттерінің көрсеткіші;
 X_d – материал немесе бұйым қасиеттері көрсеткішінің есептік мәні;
 $X_{d,fi}$ – өрт кезіндегі есептік беріктік немесе деформациялық сипаттама.

5.2 Латын алфавитінің кіші әріптері

- a – арақашықтық, геометриялық параметр;
 a_d – геометриялық шаманың есептік мәні;
 Δa – геометриялық параметрдің ауытқуы;
 b – Т немесе L тектес арқалық сөресінің ені немесе қима ені;
 b_w – Т - қабырғаның, I- немесе L тектес арқалық ені;
 c – меншікті жылу сыйымдылығы;
 c_a – болаттың меншікті жылу сыйымдылығы;
 c_c – бетонның меншікті жылу сыйымдылығы;
 d – диаметр, биіктік, қиманың пайдалы биіктігі;
 e – эксцентриситет;
 f_c – осьтік қысу кезіндегі бетон беріктігінің шегі;
 f_{cd} – осьтік қысу кезіндегі бетон беріктігі шегінің есептік мәні;
 f_{ck} – 28 тәуліктік қысуға бетонның сипаттамалық цилиндрлі беріктігі;
 f_{cm} – бетонның сығудағы цилиндрлі беріктігінің орташа мәні;
 f_{ctk} – осьтік керу кезінде бетонның беріктік шегінің сипаттамалық мәні;
 f_{ctm} – осьтік керу кезінде бетонның беріктік шегінің орташа мәні;
 f_p – арматуралық болаттың созылуға беріктік шегі;
 f_{pk} – алдын ала кернеулі болаттың созылуға беріктік шегінің сипаттамалық мәні;
 $f_{p0,1}$ – алдын ала кернеулі арматураға арналған аққыштықтың 0,1 %-дық шартты шегі;
 $f_{p0,1k}$ – алдын ала кернеулі арматура аққыштығының 0,1 %-дық шартты шегінің сипаттамалық мәні;
 $f_{0,2k}$ – арматура аққыштығының 0,2 %-дық шартты шегінің сипаттамалық мәні;
 f_t – созылу кезінде арматураның беріктік шегі;

- f_{tk} – созылу кезінде арматураның беріктік шегінің сипаттамалық мәні;
 f_y – арматураның аққыштық шегі;
 f_{yd} – арматураның аққыштық шегінің есептік мәні;
 f_{yk} – арматураның аққыштық шегінің сипаттамалық мәні;
 f_{ywd} – көлденең арматура үшін аққыштық шегінің есептік мәні;
 $f_{ck}(\theta)$ – белгіленген деформация үшін θ температура кезіндегі сығудағы бетонның сипаттамалық кедергісі;
 $f_{ck,t}(\theta)$ – белгіленген деформация үшін θ температура кезіндегі созылуға бетонның сипаттамалық кедергісі;
 $f_{pk}(\theta)$ – белгіленген деформация үшін θ температура кезіндегі кернелетін арматураның сипаттамалық кедергісі;
 $f_{sk}(\theta)$ – белгіленген деформация үшін θ температура кезіндегі кернелмейтін арматураның сипаттамалық кедергісі;
 h – биіктік;
 h – көлденең қиманың жалпы биіктігі;
 i – инерция радиусы;
 k – коэффициент;
 l (L) – ұзындық, аралық;
 $k(\theta)$ – θ температурасына байланысты материалдың беріктік немесе деформациялық сипаттамаларын төмендету коэффициенті ($X_{d,\theta}/X_k$): $k(\theta) = X_{d,fi}/X_k$;
 m – салмағы;
 n – қалыпты температура кезіндегі бағананың жүктелу деңгейі:
 $n = N_{0,d,fi}/0,7(A_c f_{cd} + A_s f_{yd})$;
 p_d – бөлінген жүктеме;
 q_i – балама біркелкі таралған жүктеме;
 r – радиус;
 l/r – қисықтық;
 t – қалыңдық;
 t – өрттің (от әсерінің) ұзақтығы, мин;
 t_0 – жүктемені салу кезіндегі бетонның жасы;
 u – A_c ауданмен бетонның қима периметрі;
 u, v, w – нүктенің ауысуын құраушылар;
 x – қысу аймағының биіктігі;
 x, y, z – координаттар;
 z – ішкі күштер иіні.

5.3 Грек алфавитінің бас әріптері

- $\Delta\alpha$ – есептеудің белгілі бір мақсаттары үшін, мысалы, ақаулықтардың әсерлерін бағалау үшін геометриялық шаманың номиналды мәнінің өзгерісі;
 Δt – уақыт аралығы;
 Δl – температуралық ұзарту;
 $\Delta\theta_{g,t}$ – Δt уақыт аралығында газ ортасының температурасының жоғарылауы.

5.4 Грек алфавитінің кіші әріптері

α	– бұрыш, арақатынас;
β_c	– бұрыш, арақатынас, коэффициент;
γ	– жеке коэффициент (қауіпсіздік немесе пайдалану сенімділігі);
γ_A	– A ерекше әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_c	– бетон үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_F	– F әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
$\gamma_{F,fat}$	– төзімділікке есептегенде әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
$\gamma_{c,fat}$	– төзімділікке есептегенде бетон үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_G	– G тұрақты әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_M	– сондай-ақ есептік модельдердің белгісіздігін және шамалардың ауытқуын ескеретін материалға арналған жеке коэффициент;
γ_P	– P алдын ала кернеу нәтижесінде құрылатын әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_Q	– Q айнымалы әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_S	– арматура және кернелетін арматура үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
$\gamma_{S,fat}$	– төзімділікке есептеген кездегі арматура және кернелетін арматура үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_f	– есептеу моделінің жетілдірілмегендігін ескере отырып әсерлер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
γ_g	– репрезентативті шамалардан әсерлердің сандық мәндерінің жағымсыз ауытқу мүмкіндігін ескеретін тұрақты әсерлер үшін жеке коэффициент;
γ_m	– материал үшін жеке коэффициент;
η_{fi}	– өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті: $\eta_{fi} = E_{d,fi} / E_d$;
δ	– үстеме, қайта бөлу коэффициенті;
ζ	– азаю коэффициенті/ қайта бөлу коэффициенті;
ξ	– G жағымсыз тұрақты әсерлерді есепке алу үшін төмендеткіш коэффициент;
θ	– температура, °C;
θ_a	– болаттың температурасы, °C;
$\theta_{a,cr}$	– болаттың шектік температурасы, °C;
$\theta_{g,t}$	– t уақыт моментіндегі газ ортасының температурасы;
θ_{web}	– конструкция қимасындағы орташа температура;
θ_i	– A_i қарапайым алаңшасының температурасы;
ψ	– айнымалы әсерлердің репрезентативті мәндерін анықтайтын коэффициенттер;
ψ_0	– айнымалы әсердің комбинациялық мәніне коэффициент;
ψ_1	– айнымалы әсердің жеке мәніне коэффициент;
ψ_2	– айнымалы әсердің квазитұрақты мәніне коэффициент;
ψ_{fi}	– әсерлердің үйлесу коэффициенті, $\psi_{1,1}$ немесе $\psi_{2,1}$ тең болып қабылданады;
μ_0	– $t = 0$ уақыт моментінде көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті;
μ_{fi}	– өрт кезінде көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті: $\mu_{fi} = N_{Ed,fi} / N_{Rd}$;

ε_c	— бетонның сығу кезіндегі салыстырмалы деформациялары;
ε_{c1}	— f_c ең жоғары кернеу кезінде қысқан кездегі бетонның салыстырмалы деформациялары;
ε_{cu}	— бетонның сығу кезіндегі шектік салыстырмалы деформациялары;
ε_u	— ең жоғары жүктеме кезінде арматураның немесе кернелетін арматураның салыстырмалы деформациялары;
ε_{uk}	— ең жоғары жүктеме кезінде арматураның немесе кернелетін арматураның сипаттамалық салыстырмалы деформациялары;
$\varepsilon_c(\theta)$	— бетонның температуралық деформациясы;
$\varepsilon_p(\theta)$	— кернелетін арматураның температуралық деформациясы;
$\varepsilon_s(\theta)$	— кернелмейтін арматураның температуралық деформациясы;
$\varepsilon_{s,fi}$	— θ температура кезінде кернелетін және кернелмейтін арматураның деформациясы;
λ	— жылу өткізгіштік коэффициенті, икемділік;
λ_c	— бетонның жылу өткізгіштік коэффициенті;
$\lambda_{0,fi}$	— өрт кезіндегі бағаналардың икемділігі;
μ	— кернелетін арматуралық элементтер мен олардың арналары арасындағы үйкелу коэффициенті;
ν	— Пуассон коэффициенті;
ν	— тілік сызаттарымен бетон үшін сығымдауға беріктік шегін азайту коэффициенті;
$\sigma_{c,fi}$	— өрт кезіндегі бетонның сығу кернеуі;
$\sigma_{s,fi}$	— өрт кезіндегі арматураның кернеуі;
ρ_a	— тығыздық;
σ_c	— бетондағы сығу кернеуі;
σ_{cp}	— бойлық күш салу немесе алдын ала кернеу кезінде бетондағы сығу кернеуі;
σ_{cu}	— ε_{cu} бетонның шектік салыстырмалы деформациясы кезіндегі бетондағы кернеу;
τ	— айналдыру кезіндегі тангенциальды кернеу;
\varnothing	— арматураның немесе каналдың диаметрі;
\varnothing_n	— шыбықтар будасының келтірілген диаметрі.

5.5 Индекстер

f_i	— өрт кезіндегі мән;
t	— уақытқа тәуелділік;
θ	— температураға тәуелділік.

5.6 Өлшеу бірліктері

К	— Кельвин;
мин	— минут;
м	— метр;
Н	— Ньютон;

Па – Паскаль;
С – Цельсий.

5 ӘСЕР ЕТУ

6.1 Механикалық әсер ету

6.1.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.1-қосымша бөліміне және ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 1.1(1)-т. сәйкес әсерлерді жіктейді:

а) әсер ету уақыты бойынша:

- G тұрақты әсер ету (уақыты бойынша өзгерістің ықтималдығы аз);
- Q айнымалы (салынған) әсерлер (уақыты бойынша өзгеріс ықтимал);
- A апаттық әсерлер (қысқа мерзімді ықтималдығы аз, бірақ конструкцияға немесе

оны пайдалану шарттарына елеулі әсер көрсететін әсер).

б) физикалық мәні бойынша:

- күштік;
- жылулық.

в) кеңістіктік таралуының өзгерісі бойынша:

- белгіленген (стационарлы);
- еркін.

г) құрылым реакциясы немесе табиғаты бойынша:

- статикалық;
- динамикалық;

д) шығу тегі бойынша:

- тікелей;
- жанама.

6.1.2 «Өрт» апаттық есептік жағдайы үшін анықтау керек:

- тікелей статикалық (және/немесе балама статикалық) бекітілген (және/немесе еркін) күш әсерлері (тұрақты және айнымалы);
- жанама статикалық салынған күш әсерлері (апаттық).

Ескертпе

1 Өрт кезіндегі жел әсерлерінен динамикалық әсерлерді ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 5.1.3-т. сәйкес балама статикалық (бекітілген) әсерлерге келтіру керек. Жалпы жағдайда ғимараттың ішіндегі динамикалық жүктеулерді ескеруге жол берілмейді, өйткені жабдықтың және механизмдердің жұмысы өрт кезінде тоқтатылуы тиіс.

2 Өрттің жанама күштік әсерлерін (мысалы, өрт кезіндегі жылулық кеңею) ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 5.1.2-т. сәйкес балама күштік жүктеме ретінде ескеру керек. Сонымен қатар осы құралдың 3.4.9-тармағына Ескертпе –ні қараңыз.

6.1.3 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.1(5)-т. сәйкес әсерлердің барлық түрлері модель (есептік сұлба) арқылы сипатталады, бұл жағдайда оның шамасы көп жағдайда әртүрлі өзіндік шамаларды қабылдауы мүмкін сандық мәнмен (скалярмен) көрінеді. Күш әсерлері салынған күш (N , Н) немесе момент (M , Н·м) түрінде көрінеді.

6.1.4 Әсерлердің сипаттамалық мәндері ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.2(1)Р–т. сәйкес орташа мән, жоғарғы немесе төменгі мән немесе номиналды мән (яғни статистикалық бөліністің негізінде емес) ретінде белгіленеді. Бұл жағдайда конструкциялардың меншікті салмағынан немесе жүктемелерден туындаған күш әсерлері үшін көбінесе номиналды немесе орташа мәндер қабылданады (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 4.1(1)-т. қараңыз). Егер қолданылатын материалдардың меншікті салмағының мәні олардың ылғалдығына және басқа сипаттамаларына байланысты елеулі айырмашылықтарға ие болса, онда меншікті салмақтың сипаттамалық мәнін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (4.1.2) сәйкес анықтау керек.

6.1.5 G тұрақты күш әсерлеріне (жүктемелеріне) жатқызу керек (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 5.1-қосымша бөліміне сәйкес):

а) құрылыстар бөліктерінің салмағы (ғимараттың меншікті салмағы), соның ішінде көтергіш және көтергіш емес бұйымдардың салмағы. Көтергіш емес бұйымдарға жатады:

- шатырдың жабыны;
- беттердің жабындары және қорғаныстық (оттан қорғайтын) жабындар;
- аралық қабырғалар және шеген;
- сүйеніштердің тұтқалары, жақтаулар, қоршаулар және қоршау элементтері;
- қасбеттер және қабырғалардың қаптамасы;
- аспалы төбелер;
- оқшауландыру;
- жабдықтың астына құю және бетондау, тірек бөліктері.

б) коммуникациялардың және стационарлы жабдықтың салмағы:

– аппараттар, моторлар, сыйымдылықтар, таспалы транспортерлер, конвейерлер, арқандарымен және бағыттаушыларымен тұрақты тірегіш машиналар;

- лифтілерге немесе эскалаторларға арналған жабдық;
- жылыту, желдету және кондициялау жүйелері;
- электрлі жабдық;
- жасырын коммуникациялар, арматурамен құбырлар;
- электр сымы.

в) топырақтардың (үйінділердің, төкпелердің) салмағы және қысымы, тау қысымы;

г) балласт ретінде әрекет ететін материалдардан жүктемелер;

д) негізінде немесе конструкцияла сақталатын алдын ала кернеу күші (арматурамен туындаған алдын ала кернеу немесе тіректердің қозғалуымен шақырылатын алдын ала кернеу).

6.1.6 Айнымалы (жүктелген) күш әсерлеріне (уақытша жүктемелерге) жатқызу керек (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.1- қосымша бөліміне сәйкес):

а) уақытша арақабырғалар салмағы;

б) жабдықты толтырған қатты денелердің және сұйықтықтардың салмағы;

в) шахталарды желдету кезінде туындаған сыйымдылықтардағы және құбырлардағы газдардың, сұйықтықтардың және сусымалы денелердің қысымы, асқын қысым және ауаның сирексуі;

г) қоймалық орын-жайлардағы, тоңазытқыштардағы, қамбалардағы, кітап қоймаларындағы, мұрағаттардағы және осындай орын-жайлардағы стеллаж жабдығын және қоймаланатын материалдарды жабуға түскен жүктемелер;

д) сумен толтырылған жалпақ жабындардағы су қабатының салмағы;

е) егер жиналуына тиісті шаралармен жол берілмесе, өндірістік шаң шөгінділерінің салмағы;

ж) адамдардың, жануарлардың, жиһаздардың және жылжымалы жабдықтардың жүктемесі;

з) қар жүктемелері;

и) жел жүктемелері;

к) мұз жүктемелері.

Ескертпе – Шатырлардағы уақытша қар және жел жүктемелерін бір мезгілде әрекет етпейтіндер ретінде қарастыру керек. Егер уақытша жүктемелермен бірге қысқа мерзімді жүктемелер әрекет ететін болса (мысалы, желден және қардан), онда есептеуде ескерілетін осы жүктемелердің үйлесуін бір әсер ретінде қарастыру керек.

6.1.7 ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 А қосымшасында материалдардың меншікті салмағының орташа мәндері көрсетілген. Өлшеудің алдында тікелей немесе ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (4.1.2) сәйкес меншікті салмақты анықтауға жол беріледі.

6.1.8 Бұйымдардың номиналды өлшемдерін жұмыс сызбалары бойынша анықтау керек. Аражабындардың тақталары, қабырғалардың сыртқы панельдері, аспалы төбелер, лифтілердің шахталары немесе ғимараттардың жабдықтары секілді құрылыстық конструкциялар үшін дайындаушының деректерін қолдануға жол беріледі.

6.1.9 q_k (біркелкі таралған жүктеме) және Q_k (шоғырландырылған жүктеме) мәндерінің түрінде нормативті (үстеме) күш әсерлерінің мәндерін 6.1-кестеде келтірілген аудандарды пайдалану санаттарына сәйкес 6.2-кесте бойынша анықтауға жол беріледі (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 (6.2) сәйкес). Егер бір мезгілде бірнеше санат пайдаланылатын болса, онда құрылыстық бұйымдарды есептеу негізіне пайдаланудың ең қолайсыз санаты алынуы тиіс.

Ескертпе – Әртүрлі пайдалану үшін қарастырылған жүктелетін беттерді есептеу кезінде жүктемелердің ең қолайсыз комбинацияларын қолдану керек. Физикалық себептер бойынша бір мезгілде туындай алмауы мүмкін әсерлерді осы комбинацияда ескеру міндетті емес.

6.1.10 Аражабындар (балкон), арқалықтар және шатырлар конструкцияларының ең төменгі жергілікті көтергіш қабілетін қамтамасыз ету үшін ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.2.1(3)Р –т. сәйкес, шоғырландырылған жүктемеге жеке қосымша есепті жүргізу керек, оны еген басқалай орнатылмаған болса, біркелкі таралған жүктемемен және басқа айнымалы әсерлермен үйлестірмеу керек. Шоғырландырылған жүктемені конструкцияның әрбір нүктесінде қолдану керек. Әдетте, базалық аудан үшін тарап ұзындығы 50 мм болатын квадратты қолданады.

6.1.11 [ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.2.2(1)] Бірнеше қабаттан түсетін жүктемені тартатын бағандар және қабырғаларды есептеу үшін салынған күштерді жекелеген қабаттардың аражабындары бойынша біркелкі таралған ретінде қарастыруға жол беріледі.

6.1.12 Қоймалық алаңдарға тік жүктемелердің нормативтік мәндері сусымалы материалдардың меншікті салмағын және себілген қабат биіктігінің жоғарғы есептік мәндерін ескере отырып, жобаланатын нысан үшін оның мақсатына сәйкес өзгеруі мүмкін. Кітаптарды немесе мұрағаттық құжаттарды қоймалау алаңдарына жүктемелерді меншікті салмақтың тиісті мәндерінің және стеллаждар биіктігі мен алаңдар мәндерінің негізінде анықтау керек.

6.1.13 Өндірістік алаңдарға жүктемелерді қарастырылған пайдалануға және қарастырылған жабдықтауға сәйкес анықтау керек. Ашалы тиеушілерден және көлік құралдарынан әсерлерді шоғырландырылған жүктемелер ретінде қарастыру және біркелкі таралған жүктемелермен бірге қолдану керек.

6.1.14 Ашалы тиеушілер және көлік құралдары болған жағдайда оларды шоғырландырылған жүктемелер ретінде қарастыру және ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.3.2.3 және 6.3.2.4 қосымша бөлімдеріне сәйкес қабылдау керек.

6.1.15 Аралық қабырғалардың 1,20 м дейінгі биіктігінде q_k көлденең біркелкі таралған жүктемесінің сипаттамалы мәндері 6.3-кестеде келтірілген. Қоғамдық шаралармен бірге адамдар көптеп жиналуы мүмкін беттер үшін, мысалы, стадиондарда, мінберлерде, сахналарда, жиналыс залдарында және конференц-залдарда көлденең біркелкі таралған жүктемені С5 санаты бойынша орнату керек.

6.1-кесте – Пайдалану санаттары

Санат	Пайдалану түрі	Мысалы
A	Тұрғын аудандар	Тұрғын аудандар, жатақханалар, ауруханадағы палаталар, қонақүйлердегі және демалыс үйлеріндегі нөмірлер, асүйлер, дәретханалар
B	Офистер (бюро)	
C	Адамдардың шоғырлану (жиналу) аудандары (A, B және D санаттарынан басқа)	C1: столдар және т.с.с. орналасқан орын-жайлар, мысалы, мектептерде, кафелерде, мейрамханаларда, асханаларда, кітапханаларда, қонақ бөлмелерінде
		C2: стационарлы отырғыштары бар орын-жайлар, мысалы, ғибадатханаларда, театрларда, кино залдарында, конференц-залдарда, аудиторияларда, жиналысқа арналған залдарда, қабылдау бөлмелерінде, вокзалдардың күту залдарында
		C3: адамдар еркін қозғалатын орын-жайлар, мысалы, мұражайларда, көрме залдарында және т.с.с., сонымен қатар вестибюльдерде, қоғамдық және әкімшілік ғимараттарда, қонақүйлерде, ауруханаларда, вокзалдардың күту залдарында
		C4: адамдардың белсенді қызметіне арналған орын-жайлар, мысалы билеу және дене шынықтыру залдары, сахналар
		C5: адамдардың жиналуы ықтимал орын-жайлар, мысалы, концерт залдары, спорт залдары және мінберлер, террасалар және перрондар секілді қоғамдық шаралар өткізілетін ғимараттарда
D	Сауда алаңдары	D1: бөлшек сауда дүкендері
		D2: сауда үйлері және универсамдар
E	Қоймалық және өндірістік алаңдар	E1: кітап қоймаларын немесе мұрағаттарды қосқанда, қоймалық алаңдар
		E2: өндірістік алаңдар
F	Жеңіл көлік құралдарына арналған көлік және тұрақ беттері (жалпы салмағы ≤ 30 кН, жүргізушіден басқа сегіз орыннан аз)	Көлікжай-тұрақтар, көлікжайлар, тұрақ платформалары

6.1-кесте – Пайдалану санаттары (жалғасы)

Санат	Пайдалану түрі	Мысалы
G	Орташа көлік құралдарына арналған көлік және тұрақ беттері (жалпы салмағы > 30 кН, бірақ ≤ 160 кН, екі осьті)	Кіру аймақтары, жеткізу аймақтары; өрт машиналарына арналған кіріс жолдар (жалпы салмағы ≤ 160 кН)
H	Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жұмыстарын қоспағанда, пайдаланылмайтын шатырлар	
I	A – D санаттары бойынша қолданылатын шатырлар	
K	Арнайы пайдаланылатын шатырлар, мысалы, тікұшақтарды қондыруға арналған алаңшалар	

6.2-кесте – Аражабындарға, балкондарға және ғимараттардың баспалдақтарына түсетін айнамалы жүктемелер

Пайдалану санаттары	q_k , кН/м ²	Q_k , кН
A санаты:		
аражабындар	1,5– <u>2,0</u>	<u>2,0</u> –3,0
баспалдақтар	<u>2,0</u> –4,0	<u>2,0</u> –4,0
балкондар	<u>2,5</u> –4,0	<u>2,0</u> –3,0
B санаты	2,0– <u>3,0</u>	1,5– <u>4,5</u>
C санаты:		
C1	2,0– <u>3,0</u>	3,0– <u>4,0</u>
C2	3,0– <u>4,0</u>	2,5–7,0 (4,0)
C3	3,0– <u>5,0</u>	<u>4,0</u> –7,0
C4	4,5– <u>5,0</u>	3,5– <u>7,0</u>
C5	<u>5,0</u> –7,5	3,5– <u>4,5</u>
D санаты:		
D1	<u>4,0</u> –5,0	3,5–7,0 (4,0)
D2	4,0– <u>5,0</u>	3,5– <u>7,0</u>
E1	7,5	7,0

6.2-кесте – Аражабындарға, балкондарға және ғимараттардың баспалдақтарына түсетін айнамаы жүктемелер (жалғасы)

Пайдалану санаттары	q_k , кН/м ²	Q_k , кН
F санаты Көлік құралының жалпы салмағы ≤ 30 кН	1,5– <u>2,5</u>	10– <u>20</u>
G санаты 30 кН < Көлік құралының жалпы салмағы ≤ 160 кН	5,0	40– <u>90</u>
H санаты	0,00–1,00 (<u>0,4</u>)	0,9–1,5 (<u>1,0</u>)

Ескертпе

1 6.2-кестеде q_k және Q_k нормативтік мәндері көрсетілген. Асты сызылған мән ұсынылатын болып табылады. q_k мәні бұйымдар қималарының жалпы параметрлерін анықтау үшін арналған, Q_k мәні жергілікті әсерлерге тарайды.

2 F санатында осьтік жүктеме үшін G санатында - 100 мм және 200 мм дөңгелектің базалық бетінің квадраты тарапының ұзындығын қабылдау керек, бұл жағдайда осьтік жүктеменің орналасуы ең жағымсыз болуы тиіс.

3 H санатында q_k мәнін А алаңына жатқызуға жол беріледі. Осы ауданның ұсынылатын мәні 10 м² құрайды. Табақ болаттан басқа, шабыр жабынын 50 мм квадрат тарапының ұзындығымен квадратты базалық бет кезіндегі 1,5 кН шоғырландырылған жүктемеге есептеу керек. Q_k шоғырландырылған жүктемесінің орналасуы кезінде бедерлі немесе біркелкі емес бетпен шатыр жабындарын есептеу үшін жүктеменің қарастырылған жіктеуінен іс жүзіндегі базалық бетті қолдануға жол беріледі. Көшіру жолдарының бөлігі болып табылатын өткелдер үшін q_k мәнін 6.2-кесте бойынша анықтау керек. Қызметтік өткелдер үшін нормативтік жүктеменің минималды мәні қолданылады, $Q_k = 1,5$ кН.

6.3-кесте – Аралық қабырғаларға және қоршауларға түсетін көлденең жүктемелер

Пайдалану санаты	q_k , кН/м ²
А	0,2–1,0 (<u>0,5</u>)
В және С1	0,2–1,0 (<u>0,5</u>)
С2 – С4 және D	0,8– <u>1,0</u>
С5	3,0– <u>5,0</u>
Е	0,8– <u>2,0</u>

Ескертпе – 6.3-кестеде q_k сипаттамалы мәндері көрсетілген. Асты сызылған мән ұсынылатын болып табылады.

6.1.16 Уақытша арақабырғалардың меншікті салмағын есепке алу үшін ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 (6.3.1.2(8)) талаптарына және 6.2-кестеге сәйкес айнамаы (үстеме) жүктемелерге қосылатын біркелкі таралған балама жүктемені қолдану керек.

6.1.17 Уақытша арақабырғалардың меншікті салмағына байланысты осы біркелкі таралған беткі жүктемені келесі түрде орнатуға жол беріледі:

- уақытша арақабырғаның меншікті салмағында $\leq 1,0 \text{ кН/м}$ – $q_k = 0,5 \text{ кН/м}^2$;
- сол секілді $\leq 2,0 \text{ кН/м}$ – $q_k = 0,8 \text{ кН/м}^2$;
- “ $\leq 3,0 \text{ кН/м}$ – $q_k = 1,2 \text{ кН/м}^2$;
- әлдеқайда ауыр уақытша арақабырғалар үшін ықтимал орналасу орнын және бағыттарды, аражабын типін ескеру керек.

6.1.18 Құрылыстық конструкцияның жүктелетін ауданына байланысты, А – Е, I орын-жайларының ауданын пайдалану санаттарының үстеме (айнымалы) жүктемесін, соның ішінде бірнеше қабат үшін, 6.2.1(4)-т. және ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 (6.1) Формуласына сәйкес, α_A азайту коэффициентіне көбейту арқылы азайтуға жол беріледі:

$$\alpha_A = \frac{5}{7} \psi_0 + \frac{A_0}{A} \leq 1,0, \quad (6.1)$$

мұнда ψ_0 – үйлесу коэффициенті;

A_0 – $10,0 \text{ м}^2$;

A – жүктелетін беттің ауданы.

С және D санаттары үшін төмендеу коэффициентін $\alpha_A \geq 0,6$ ретінде қабылдау керек.

6.1.19 Бірнеше қабат үшін А – D орын-жайларының ауданын пайдалану санаттарының жүктемелері бойынша анықталатын бағаналарға және қабырғаға түсетін жүктемені α_n азайту коэффициентіне көбейтуге жол беріледі. α_n азайту коэффициентін ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 (6.2) Формуласы бойынша анықтау ұсынылады:

$$\alpha_n = \frac{2 + (n - 2)\psi_0}{n}, \quad (6.2)$$

мұнда n – бір пайдалану санатының қабырғаларынан және жүктелетін тіректерден жоғары қабаттардың саны ($n > 2$);

ψ_0 – айнымалы әсердің комбинациялық мәніне коэффициент.

Бұл жағдайда ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 3.3.2(2)Р-т. сәйкес, ψ үйлесу коэффициентін немесе α_n азаю коэффициентін қолдану керек.

Ескертпе – Бұл жағдайда бағаналар және қабырғалар үшін α_A және α_n екі азаю коэффициентін бір мезгілде пайдалануды болдырмау керек. Осы құралдың 6.1.18 және 6.1.19 тармақшаларынан шығара келе, мәндердің ең азын - $\psi \alpha_A$ немесе α_n қолдану тиімді.

6.1.20 F күш әсерінің F_d есептік мәні ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.1) Формула бойынша ұсынылуы мүмкін:

$$F_d = \gamma_f F_{rep} = \gamma_f \psi F_k, \quad (6.3)$$

мұнда F_k – күш әсерінің сипаттамалық мәні;

$F_{\text{гер}}$ –күш әсерінің репрезентативті мәні;

γ – өзіндік мәндерге қатысты әсерлердің қолайсыз ауытқу мүмкіндігін ескеретін әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\psi = 1,00$ немесе ψ_0 , ψ_1 және ψ_2 мәнін қабылдайды.

Ескертпе – (6.1) формуласында сипаттамалық мәннен жеке күш әсерінің (тұрақты немесе айнымалы) есептік мәніне өтудің жалпы түрі көрсетілген. Жалпы, оны γ қауіпсіздік коэффициентіне және ψ айнымалы әсердің комбинациялық мәніне коэффициент көбейту талап етілетіндігі көрінеді.

6.1.21 Қабылданған есептік жағдайдың F күш әсерлерінің барлық түрлері үшін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 6.4.3-қосымша бөліміне сәйкес E_d әсерлерінің есептік комбинациясын анықтау керек. Қарастыруға жататын әсерлер нәтижелерінің комбинациясы басым айнымалы әсердің есептік мәнін және ілесе жүретін айнымалы әсерлер мәндерінің есептік комбинациясын қамтуы тиіс. STR және EQU шектік күйлері үшін әсерлер комбинациясы ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.10) Формуласы бойынша көрінуі мүмкін:

$$E_d = \sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}, \quad (6.4)$$

немесе әлдеқайда қолайсыз күйді жүзеге асыратын ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.10a, 6,10b) екі Формуласының бірі ретіндегі балама ретінде (STR шектік күйі үшін):

$$\left\{ \begin{aligned} E_d &= \sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}, \end{aligned} \right. \quad (6.5a)$$

$$\left\{ \begin{aligned} E_d &= \sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}, \end{aligned} \right. \quad (6.5b)$$

мұнда “+” – «үйлесуі тиіс»;

\sum – «құрама нәтижесі»;

ξ – G қолайсыз тұрақты әсерлер үшін редакция коэффициенті.

6.1.22 Апаттық есептік жағдайлар кезінде E_d әсер ету нәтижесі ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.11) Формуласы бойынша анықталады:

$$E_d = \sum_{j \geq 1} G_{k,j} "+" P "+" A_d "+" (\psi_{1,1} \text{ или } \psi_{2,1}) Q_{k,1} "+" \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}, \quad (6.6)$$

$\psi_{1,1}$ және $\psi_{2,1}$ мәндерінің ішіндегі азын қолдануға жол беріледі.

6.1.23 Егер өрттің жанама күш әсерлері ескерілмесе, онда әсер ету нәтижесі $t = 0$ уақыт үшін әсерлердің үйлесуі үшін конструкцияларды талдау арқылы анықталады. $E_{fi,d}$ әсер ету нәтижесін өрттің барлық ұзақтығы бойына тұрақты қабылдауға жол беріледі.

6.1.24 Үйлесудің жалпы коэффициенттері 6.4-кестеде белгіленген.

6.4-кесте – Үйлесудің жалпы коэффициенттерінің сандық мәндері

Әсер ету	ψ_0	ψ_1	ψ_2
A санаты: тұрғын үйлер	0,7	0,5	0,3
B санаты: офистік ғимараттар			
C санаты: жиналуға арналған аймақтар	0,7	0,7	0,6
D санаты: сауда алаңдары			
E санаты: қойма алаңдары	1,0	0,9	0,8
F санаты: көлік құралының салмағы ≤ 30 кН	0,7	0,7	0,6
G санаты: $30 \text{ кН} < \text{көлік құралының салмағы} \leq 160 \text{ кН}$	0,7	0,5	0,3
H санаты: шатырлар	0,7	0	0
Ғимаратқа түсетін қар жүктемелері (ҚР ҚН EN 1991-1-3 қараңыз): $s_k < 2,75 \text{ кН/м}^2$ $s_k \geq 2,75 \text{ кН/м}^2$	0,7	0,4	0,2
	0,7	0,5	0,3
Ғимаратқа түсетін жел жүктемелері (ҚР ҚН EN 1991-1-4 қараңыз)	0,6	0,2	0

6.1.25 қалыпты шарттар үшін тұрақты және айнымалы есептік жағдайларда ((6.4) – (6.5б) Формуласын қараңыз) конструкция элементтерінің көтергіш қабілетінің резервін (қалдығын) есептеу кезінде (STR) және беріктікті және тұрақтылықты есептеу кезінде көтергіш қабілетінің шектік күйлері үшін әсер ету қауіпсіздігінің жеке коэффициенттері ретінде 6.5-кестеден мәндерді қолдану керек.

Құрылыстың статикалық тепе-теңдігі (EQU) 6.5(A)-кестенің деректерін пайдаланып тексерілуі тиіс. Конструктивті элементтерді есептеу (STR) 6.5(B)-кесте деректерін ескере отырып орындалуы тиіс.

6.1.26 Апаттық есептік жағдайлар үшін көтергіш қабілеті бойынша шектік күйлерге арналған қауіпсіздік коэффициенттері (6.6-Формула) 1,0-ге тең болып қабылдануы тиіс. Конструктивті элементтерді есептеу 6.6-кестенің деректерін ескере отырып орындалуы тиіс.

6.1.27 Құрылыстың статикалық тепе-теңдігінің шектік күйін тексеру кезінде (EQU) ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.7) Формуласы бойынша шарт тексерілуі тиіс:

$$E_{d,dst} \leq R_{d,stab}, \quad (6.7)$$

мұнда $E_{d,dst}$ – тұрақсыздандырғыш әсерлер нәтижесінің есептік мәні;

$R_{d,stab}$ – тұрақтандырушы әсерлер нәтижесінің есептік мәні .

6.1.28 Секцияның, элементтің немесе қосылыстың (STR) бұзылуымен немесе шектен тыс деформациясымен байланысты шектік күйді қарау кезінде ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (6.8) Формуласы бойынша тексерілуі тиіс:

$$E_d \leq R_d, \quad (6.8)$$

мұнда E_d – әсерлер нәтижесінің, мысалы, ішкі күштің, моменттің немесе бірнеше ішкі күшті және моментті сипаттайтын вектордың есептік мәні;

R_d – сәйкес кедергінің (көтергіш қабілетінің) есептік мәні.

6.1.29 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (4.1) Формуласына сәйкес өрт кезіндегі әсерлердің нәтижелерін қалыпты температуралар кезінде алынған нәтижелерді пайдаланумен анықтауға жол беріледі:

$$E_{fi,d,t} = E_{fi,d} = \eta_{fi} E_d, \quad (6.9)$$

мұнда E_d – негізгі комбинациядан әсердің сәйкес есептік нәтижесі;

$E_{fi,d}$ – өрт кезіндегі әсер нәтижесінің сәйкес келетін тұрақты есептік мәні;

η_{fi} – келтірілген коэффициент.

6.5-кесте – Әсерлердің есептік мәндері

Есептік жағдайлар	Тұрақты әсерлер		Жетекші әсер	Ілеспе әсерлер
	қолайсыз	қолайлы		басқалары
EQU (А тобы)				
Формула (6.4)	$\gamma_{Gj,sup}G_{kj,sup}$	$\gamma_{Gj,inf}G_{kj,inf}$	$\gamma_{Q,1}Q_{k,1}$	$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i}Q_{k,i}$
	$\gamma_{Gj,sup} = 1,10$	$\gamma_{Gj,inf} = 0,90$	$\gamma_{Q,1} = 1,50$ – қолайсыз әсер кезінде; $\gamma_{Q,1} = 0$ – қолайлы әсер кезінде	$\gamma_{Q,i} = 1,50$ – қолайсыз әсер кезінде; $\gamma_{Q,i} = 0$ – қолайлы әсер кезінде
STR (В тобы)				
Формула (6.4) немесе (6.5a)/(6.5б)	$\gamma_{Gj,sup}G_{kj,sup}$	$\gamma_{Gj,inf}G_{kj,inf}$	$\gamma_{Q,1}Q_{k,1}$	$\gamma_{Q,i} \psi_{0,i}Q_{k,i}$
	$\gamma_{G,sup} = 1,35$	$\gamma_{G,inf} = 1,00$	$\gamma_{Q,1} = 1,50$ – қолайсыз әсер кезінде; $\gamma_{Q,1} = 0$ – қолайлы әсер кезінде	$\gamma_{Q,i} = 1,50$ – қолайсыз әсер кезінде; $\gamma_{Q,i} = 0$ – қолайлы әсер кезінде
	$\xi = 0,85$			

6.6-кесте – Апаттық есептік жағдайлардағы әсерлердің есептік мәндері

Есептік жағдай	Тұрақты әсерлер		Басым әсер	Ілеспе әсерлер	
	қолайсыз	қолайлы		Басты (болған жағдайда)	басқалары
Апаттық (Формула (6.7))	$G_{kj,sup}$	$G_{kj,inf}$	A_d	$\psi_{1,1}Q_{k,1}$	$\psi_{2,i}Q_{k,i}$

6.1.30 Кестелік деректер үшін (10-тарау) жүктеме деңгейі
ҚР ҚН EN 1991-1-2:2008/2011 (4.2) Формула бойынша анықталады:

$$E_{fi,d,t} = \eta_{fi,t} \cdot R_d, \quad (6.10)$$

мұнда R_d – қалыпты температура кезіндегі элементтің есептік кедергісі;

$\eta_{fi,t}$ – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті.

6.1.31 Осы құралдың (6.4) Формуласы бойынша жүктемелер комбинациясының η_{fi} коэффициенті ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.5) Формула бойынша анықталады:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} Q_{k,1}}{\gamma_G G_k + \gamma_{Q,1} Q_{k,1}}, \quad (6.11)$$

мұнда $Q_{k,1}$ – басым айнымалы әсер;

G_k – тұрақты әсердің сипаттамалық мәні;

γ_G – тұрақты әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{Q,1}$ – басым айнымалы әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\psi_{fi} = \psi_{1,1}$, немесе $\psi_{1,2}$ түрінде берілген жеке немесе квазитұрақты мәндер үшін комбинация коэффициенті.

немесе ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.5a, 2.5b) Формулаларына сәйкес осы құралдың (6.5a) және (6.5b) Формулалары бойынша жүктемелердің комбинациясы үшін:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot \psi_{0,1} \cdot Q_{k,1}}, \quad (6.12a)$$

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\xi \cdot \gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}}, \quad (6.12b)$$

Ескертпе

1 (6.11) Формулаларымен анықталатын $\psi_{1,1}$ әртүрлі мәндерімен $Q_{k,1}/G$ қатынасынан η_{fi} коэффициентінің тәуелділігі келесі жол берулермен 6.1-суретте келтірілген: $\gamma_{GA} = 1$, $\gamma_G = 1,35$ және $\gamma_Q = 1,5$ (осы құралдың 6.5(В)-кестенің деректеріне сәйкес).

2 $\eta_{fi} = 0,7$ қолдануға жол беріледі.

6.2 Температуралық әсер ету

6.2.1 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 3.1-қосымша бөліміне сәйкес, конструкцияның бетіне өрт кезіндегі жылулық әсерлер ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.1) Формуласы бойынша сәулелендірумен және конвекциямен жылу берілісін ескере отырып анықталатын \dot{h}_{net} , Вт·м⁻² нәтижелеуші жылу ағынымен беріледі:

$$\dot{h}_{net} = \dot{h}_{net,c} + \dot{h}_{net,r}, \quad (6.13)$$

мұнда $\dot{h}_{net,c}$ – конвекциямен нәтижелеуші меншікті жылу ағыны;

$\dot{h}_{net,r}$ – сәулелендірумен нәтижелеуші меншікті жылу ағыны.

6.2.2 Конвекциямен нәтижелеуші меншікті жылу ағыны, Вт·м⁻², ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.2) Формуласымен анықталады:

$$\dot{h}_{net,c} = \alpha_c \cdot (\theta_g - \theta_m), \quad (6.14)$$

мұнда α_c – конвекциямен жылу берілісінің коэффициенті, Вт·м⁻²·К⁻¹;

θ_g – конструкция жанындағы температура, °С;

θ_m – конструкция бетінің температурасы, °С.

6.2.3 Номиналды (стандартты) температуралық режимге сәйкес келетін конвекциямен жылу беру коэффициентінің мәні $\alpha_c = 25$ Вт·м⁻²·К⁻¹ тең болып қабылданады (көмірсутектердің өрті үшін – $\alpha_c = 50$ Вт·м⁻²·К⁻¹, өрттердің жеңілдетілген және жалпы модельдері үшін – $\alpha_c = 35$ Вт·м⁻²·К⁻¹).

6.2.4 Қоршау конструкцияның жылытылмайтын жағындағы жиынтық жылу ағыны $\alpha_c = 4$ Вт·м⁻²·К⁻¹ қабылдап, (6.13) Формуласын пайдаланумен анықталады. Егер конвекциямен жылу берілісінің коэффициенті сәулелендірумен жылу берілісін қамтитындығы қабылданатын болса, онда $\alpha_c = 9$ Вт·м⁻²·К⁻¹.

6.2.5 Сәулелендірумен нәтижелеуші меншікті жылу ағыны, Вт·м⁻², ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.3) Формуласы бойынша анықталады:

$$\dot{h}_{net,r} = \Phi \cdot \varepsilon_m \cdot \varepsilon_f \cdot \sigma \cdot ((\theta_r + 273)^4 - (\theta_m + 273)^4), \quad (6.15)$$

мұнда Φ – сәулеленудің бұрыштық коэффициенті;

ε_m – конструкция бетінің қаралық дәрежесі;

ε_f – жалын (өрт) қаралығының дәрежесі;
 $\sigma = 5,67 \times 10^{-8} \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-4}$ – Стефан – Больцман тұрақтысы;
 θ_r – өрттің сәулеленуінің тиімді температурасы, °C;
 θ_m – конструкция бетінің температурасы, °C.

Ескертпе – Конструкция бетінің қаралық дәрежесі $\varepsilon_m = 0,8$ болып қабылданады, жалынның (өрттің) қаралық дәрежесі $\varepsilon_f = 1$ болып қабылданады. Сәулеленудің бұрыштық коэффициентін 1,0-ге тең қабылдауға, немесе ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 G қосымшасына сәйкес есептеуге жол беріледі.

6.2.6 Жалын толық қамтыған конструкция үшін ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 3.1(8)-т. сәйкес θ_r өрттің сәулеленуінің тиімді температурасы θ_g оның жанындағы ортаның температурасын тең болып қабылдануы мүмкін. θ_g конструкция жанындағы ортаның температурасы номиналды температуралық режимдерді пайдаланумен немесе өрт модельдерінің көмегімен анықталады.

6.2.7 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес, жеңілдетілген және жалпы моделдеуге негізделген өрт режимдерін және өрттердің номиналды температуралық режимдерін ерекшелейді.

6.2.8 Номиналды температуралық режимдерге жатқызылады:

– ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.4) Формуласы бойынша анықталатын стандартты температуралық режим:

$$\theta_g = 20 + 345 \lg(8t + 1), \quad (6.16)$$

мұнда θ_g – конструкциялар жанындағы ортаның температурасы, °C;
 t – уақыт, мин.

– ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.5) Формуласы бойынша анықталатын сыртқы өрттің температуралық режимі:

$$\theta_g = 660 \cdot (1 - 0,687 e^{-0,32t} - 0,313 e^{-3,8t}) + 20, \quad (6.17)$$

мұнда θ_g – конструкция жанындағы ортаның температурасы, °C;
 t – уақыт, мин.

– ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (3.6) Формуласы бойынша анықталатын көмірсутек өртінің температуралық режимі:

$$\theta_g = 1080 (1 - 0,325 e^{-0,167t} - 0,675 e^{-2,5t}) + 20, \quad (6.18)$$

мұнда θ_g – конструкция жанындағы ортаның температурасы, °C;
 t – уақыт, мин.

6.2.9 Өрттердің жеңілдетілген модельдері шектелген қолдану облысымен белгіленген физикалық параметрлерге (меншікті өрт жүктемесі, қоршау конструкцияларының жылу жұтқыш қабілеті, ойықтық) базаланады (ең жоғары биіктігі 4 м дейін және 500 м² аспайтын өрт бөлімінің ауданы үшін).

6.2.10 Өрттің көлемді және жергілікті жеңілдетілген модельдерін бөледі. Көлемді өрттер үшін уақытқа байланысты температураны бөлу біркелкі (орта көлемді), жергілікті өрттер үшін – біркелкі емес болып қабылданады. Көлемді жалындау мүмкін болмаған жағдайда есепте жергілікті өрттің жылулық әсерлері келтірілуі тиіс.

6.2.11 Ғимараттың ішінде орналасқан конструкциялар үшін көлемді өрттерді есептеу әдісі ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 А қосымшасында келтірілген. Жергілікті өртті есептеу әдісі ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 С қосымшасында келтірілген.

6.2.12 Өрттің жалпы модельдері ескеруі тиіс:

- ортаның (газдардың) қасиеттері;
- салмақ алмасу;
- жылу алмасу (энергетикалық алмасу).

6.2.13 Жалпы модельдердің келесі түрлерін ерекшелейді:

– мезгілге байланысты орын-жайда температураның біркелкі таралуына негізделген бір аймақтық модельдер;

– екі қабатты пайдалануға негізделген қос аймақтық модельдер: мезгілге байланысты қалыңдықпен және температураның біркелкі таралуымен жоғарғы, сонымен қатар біркелкі, уақытқа байланысты төмендеу температурамен төменгі;

– өрттің ұзақтығына және кеңістіктік орналасуына байланысты орын-жайда температураның өсуін анықтайтын есептегіш газ динамикалық (далалық) модельдер.

6.2.14 бір аймақтық, қос аймақтық немесе далалық модельді пайдаланған кезде жылулық әсерлерді есептеу әдістері ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (D қосымшасы) келтірілген.

1-МЫСАЛ (6.1.17-т.) қалыңдығы 120 мм және биіктігі 2,5 м кірпіш арақабырғаның салмағы 1500 кг/м³ болатын кірпіштік меншікті салмағында 4,5 кН/м құрайды. Бұл жағдайда біркелкі бөлінген балама жүктемені қолдануға болмайды, арақабырғаның әсерін шоғырландырылған жүктеме ретінде ескеру керек.

2-МЫСАЛ (6.1.19-т.) екі бағытта 6,0 м бағана қадамымен 8 қабаттық офистік ғимаратты есептеу үшін (жүктелетін беттің ауданы 36 м²):

Төмендеу коэффициенті α_A :

$$\alpha_A = \frac{5}{7} \cdot \psi_0 + \frac{A_0}{A} = \frac{5}{7} \times 0,7 + \frac{10}{36} = 0,78.$$

Төмендеу коэффициенті α_n :

$$\alpha_n = \frac{2 + (n - 2) \cdot \psi_0}{n} = \frac{2 + (8 - 2) \times 0,7}{8} = 0,78.$$

Формуладан

$$\psi \cdot \alpha_A = 0,7 \times 0,78 = 0,54 < \alpha_n = 0,78.$$

Сондықтан бағаналар және қабырғалар үшін есепте $\psi \cdot \alpha_A$ коэффициенттерінің үйлесуін пайдаланған әлдеқайда тиімді.

3-МЫСАЛ (6.5-кесте) Қалыңдығы 140 мм болатын тұтасқұймалы темірбетон аражабын онда орналасқан бөлшек сауда дүкендерімен пайдаланылады. Қалыпты шарттарда шектік күй (STR) үшін аражабынға жиынтық күш әсерін анықтау керек.

6.1.5-тармаққа сәйкес, аражабынның меншікті салмағы тұрақты күш әсерлеріне жатады. Оның меншікті салмағы ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 А.1-кестеге сәйкес, арматуралауды ескергенде $\gamma = 25 \text{ кН/м}^3$ құрайды. Сәйкесінше, аражабынға тұрақты жүктеменің сипаттамалық мәні құрайды: $G_k = 25 \times 0,14 = 3,5 \text{ кН/м}^2$.

6.1.9-тармаққа және 6.1 және 6.2-кестелерге сәйкес айнымалы (үстеме) сипаттамалық әсер D1 санаты үшін $q_k = 4,0 \text{ кН/м}^2$ және $Q_k = 4,0 \text{ кН}$ тең болып анықталады. Әсер 6.1.6-Тармаққа сәйкес барлық мүмкін болатын айнымалы жүктемелерді ескереді, сондықтан комбинацияларда ол жалғыз болып қабылданған.

6.1.24-тармаққа және 6.4-кестеге сәйкес, сауда алаңшалары үшін комбинация коэффициенттері $\psi_0 = \psi_1 = 0,7$; $\psi_2 = 0,6$ мәндерін қабылдайды.

6.5-кестеге сәйкес, шектік күй (STR) үшін қауіпсіздік коэффициенттері тең: $\gamma_{G,\text{sup}} = 1,35$; $\gamma_{Q,i} = 1,50$.

(6.4) Формулаға сәйкес, q_k (Q_k) басқа, алдын ала кернеу күштерінің және басқа айнымалы жүктемелердің жоқтығын ескере отырып:

$$\begin{aligned} E_d &= \sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} = \\ &= \gamma_{G,\text{sup}} \cdot G_{k,\text{sup}} + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} = 1,35 \times 3,5 + 1,50 \times 4,0 = 10,73 \text{ кН/м}^2. \end{aligned}$$

(6.5a) Формулаға сәйкес, q_k (Q_k) басқа P алдын ала кернеуінің және басқалай айнымалы жүктемелердің жоқтығын ескере отырып:

$$\begin{aligned} E_d &= \sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} = \\ &= \gamma_{G,\text{sup}} G_{k,\text{sup}} + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} = 1,35 \times 3,5 + 1,50 \times 0,7 \times 4,0 = 8,93 \text{ кН/м}^2. \end{aligned}$$

(6.5б) Формулаға сәйкес, q_k (Q_k) басқа P алдын ала кернеу күшінің және басқа айнымалы жүктемелердің жоқтығын ескере отырып:

$$\begin{aligned} E_d &= \sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} = \\ &= \xi \cdot \gamma_{G,\text{sup}} \cdot G_{k,\text{sup}} + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1} = 0,85 \times 1,35 \times 3,5 + 1,50 \times 4,0 = 10,02 \text{ кН/м}^2. \end{aligned}$$

6.1.21 Тармаққа сәйкес (6.4) Формуласы бойынша комбинациялардың нәтижесін немесе баламасын немесе (6.5a) және (6.5б) Формулалары бойынша әсерлер комбинациясының ең жоғары нәтижесін қабылдауға жол беріледі. Конструкциялардың материал сыйымдылығы тұрғысынан (6.5б) Формуласын пайдаланумен анықталған немесе 36 м^2 жүктелетін бет ауданының азаю коэффициентімен әсерлер комбинациясы әлдеқайда тиімді болып табылатындығы анық:

$$\alpha_A = \frac{5}{7} \cdot \psi_0 + \frac{A_0}{A} = \frac{5}{7} \times 0,7 + \frac{10}{36} = 0,78,$$

$$E_d = \xi \cdot \gamma_{G,\text{sup}} \cdot G_{k,\text{sup}} + \gamma_{Q,1} \cdot \alpha_A \cdot Q_{k,1} = 0,85 \times 1,35 \times 3,5 + 1,50 \times 0,78 \times 4,0 = 8,70 \text{ кН/м}^2.$$

Қалыпты шарттарда шектік күйге дейін (STR) аражабынға жиынтық күш әсері 8,70 кН/м² құрайды (немесе жиынтықталған жүктеме – 4,68 кН).

4-МЫСАЛ (6.6-кесте) Қалыңдығы 140 мм тұтас құймалы темірбетон аражабын оған орналастырылған бөлшек сауда дүкендерімен пайдаланылады. Апаттық есептік жағдайда шектік күй үшін (STR) аражабынға жиынтық күш әсерін анықтайды. Алдыңғы мысалдың, сонымен қатар (6.6) Формуланың деректері негізінде, $\psi_2 = 0,6$ әлдеқайда тиімді аз мәнді қабылдайтындығын ($\psi_1 = 0,7$) ескере отырып, сонымен қатар 3.4.9 Тармаққа сәйкес $A_d = 0$ апаттық әсерді қабылдап, жиынтық күш әсері құрайды:

$$\begin{aligned} E_{f,d} &= \sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + A_d + \min\{\psi_{1,1}; \psi_{2,1}\} Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} = \\ &= G_{k,\text{supp}} + \psi_{2,1} \cdot \alpha_A \cdot Q_{k,1} = 3,5 + 0,6 \times 0,78 \times 4,0 = 5,37 \text{ кН/м}^2. \end{aligned}$$

Қалыпты шарттарда аражабынға жиынтық күш әсері өрттің апаттық жағдайында жиынтық күш әсерінен әрдайым жоғары екендігі анық.

5-МЫСАЛ (6.1.31) Салмағы 3,0 кН/м² аражабынның темірбетонды көп қуысты тақтасы тұрғын ғимаратта пайдаланылады. 6.1.5-тармаққа сәйкес, G_k тұрақты әсері тақтаның меншікті салмағына тең, 3,0 кН/м² болып қабылданады.

6.1 және 6.2-кестелерге сәйкес, тақта үшін айнымалы (салынған) сипаттамалық әсер 2,0 кН/м² құрайды. Әсер 6.1.6-т. сәйкес барлық мүмкін болатын айнымалы жүктемелерді өзінде ескереді, сондықтан үйлесулерде ол жеке болып қабылданған. 6.1.24-т. және 6.4-кестеге сәйкес, тұрғын аудандар үшін үйлесу коэффициенттері келесі мәндерді қабылдайды: $\psi_0 = 0,7$; $\psi_1 = 0,5$; $\psi_2 = 0,3$.

6.5-кестеге сәйкес, шектік күй үшін (STR) қауіпсіздік коэффициенттері тең болады: $\gamma_{G,\text{sup}} = 1,35$; $\gamma_{Q,i} = 1,50$.

Осылайша, жүктемелердің комбинациясы үшін η_f коэффициент (6.11) Формулаға сәйкес құрайды:

$$\eta_f = \frac{G_k + \psi_f \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}} = \frac{3,0 + 0,5 \times 2,0}{1,35 \times 3,0 + 1,50 \times 2,0} = 0,57.$$

Осы секілді жүктемелердің үйлесуі үшін $\eta_f = 0,57$ коэффициент мәнін 6.1-сурет бойынша $Q_{k,1}/G_k = 2,0/3,0 = 0,67$ және 0,5 тең болатын $\psi_{1,1}$ айнымалы әсерлердің жеке мәндеріне арналған коэффициент рақатынасы үшін анықтауға болады.

$\psi_f = \psi_{2,1}$ үшін (6.11) Формулаға сәйкес жүктемелердің үйлесуі үшін η_f коэффициент құрайды:

$$\eta_f = \frac{G_k + \psi_f \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}} = \frac{3,0 + 0,3 \times 2,0}{1,35 \times 3,0 + 1,50 \times 2,0} = 0,51.$$

$\psi_f = \psi_{2,1}$ үшін (6.12а) Формулаға сәйкес жүктемелердің үйлесуі үшін η_f коэффициент құрайды:

$$\eta_f = \frac{G_k + \psi_f \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot \psi_{0,1} \cdot Q_{k,1}} = \frac{3,0 + 0,3 \times 2,0}{1,35 \times 3,0 + 1,50 \times 0,7 \times 2,0} = 0,59.$$

$\psi_f = \psi_{2,1}$ үшін (6.12б) Формулаға сәйкес жүктемелердің үйлесуі үшін η_f коэффициент құрайды:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\xi \cdot \gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}} = \frac{3,0 + 0,3 \times 2,0}{0,85 \times 1,35 \times 3,0 + 1,50 \times 2,0} = 0,56.$$

Есептеудің нәтижелері бойынша аз, тиімді мән $\psi_{fi} = \psi_{2,1}$ үшін (6.11) Формулаға сәйкес алынуы мүмкіндігі көрінеді.



6.1-сурет – $Q_{k,1}/G_k$ қатынасына η_{fi} коэффициенттің тәуелділігі

6 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

7.1 Жалпы деректер

7.1.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 4.2(1)-т. сәйкес осы құралда бетонның және арматураның беріктік және деформациялық қасиеттері сипаттамалық мәндерде көрсетілген. Қаттылық параметрлері (мысалы, серпімділік модулі) және жылулық кеңею коэффициенттері үшін орташа мәндер қабылданған (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.2(8)-т. сәйкес).

7.1.2 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 2.3(1)Р-т. сәйкес $X_{d,fi}$ материалдардың механикалық (беріктік және деформациялық) сипаттамаларының есептік мәндері (отқа төзімділікті есептеу үшін $\gamma_{M,fi}=1,0$ қауіпсіздіктің жеке коэффициентін қабылдай отырып) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, (2.1) Формула бойынша анықталады:

$$X_{d,fi} = \frac{k_{\theta} X_k}{\gamma_{M,fi}} = k_{\theta} X_k, \quad (7.1)$$

мұнда X_k – қалыпты температура кезіндегі беріктік немесе деформациялық сипаттамалардың сипаттамалық мәні (әдетте f_k немесе E_k);

k_{θ} – температурасына байланысты материалдың беріктік немесе деформациялық сипаттамаларын төмендету коэффициенті ($X_{d,\theta}/X_k$);

$\gamma_{M,fi}$ – өрт кезінде материалдың тиісті сипаттамасына арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті.

7.1.3 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 2.3(2)Р –т. сәйкес, $X_{d,fi}$ материалдардың жылу техникалық сипаттамаларының есептік мәндері олардың $X_{k,\theta}$ сипаттамалық мәніне тең болып қабылданады ($\gamma_{M,fi}=1,0$ қауіпсіздіктің жеке коэффициентін қабылдаумен).

7.2 Бетонның сипаттамалары

7.2.1 Бір осьтік қысуға бетонның беріктігі беріктік бойынша бетонның кластарымен белгіленеді (7.1-кестені қараңыз) және S_x/y (қалыпты бетон үшін) түрінде белгіленумен ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.1-кестеге және 11.3.1-кестеге және ҚР СТ EN 206-1 сәйкес анықталады, мұнда x – сығу кезіндегі сипаттамалық (5 %) цилиндрлі беріктік f_{ck} , y – сығу кезіндегі сипаттамалық (5 %) кубикті беріктік $f_{ck,cube}$. Бетон беріктігінің есептік мәнін анықтау үшін сығу кезіндегі цилиндрлі беріктіктің сипаттамалық мәні пайдаланылады f_{ck} .

Ескертпе – ҚР СТ EN 206-1 сәйкес, үлгі-цилиндрлерді 150 мм диаметрде және 300 мм биіктікпен орындайды, үлгі-кубтарды 150 мм қыр ұзындығымен орындайды. Барлық үлгілерді 28 тәулік мерзімінде сынайды.

7.2.2 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011B, 3.1.3(2)-т. сәйкес, бетонның серпімділік модулі оны құраушылардың серпімділік модульдеріне байланысты. Кварцті толтырғыштарда бетонға арналған $\sigma_c = 0$ және $0,4 \cdot f_{cm}$ нүктесі арқылы жүргізілген қима арқылы анықталған E_{cm} серпімділік модулінің жақындатылған мәндері 7.1-кестеде келтірілген. Өктен немесе құмтастан толтырғыштарда бұл мәндер сәйкесінше 10 % және 30 %-ға азайтылуы тиіс. Базальтты толтырғыштар кезінде мән 20 %-ға ұлғайтылуы тиіс.

7.1-кесте – Қалыпты бетонның беріктік және деформациялық қасиеттерінің сипаттамалық мәндері

Бетонның беріктігі кластары														
Бетон класы	C12/15	C16/20	C20/25	C25/30	C30/37	C35/45	C40/50	C45/55	C50/60	C55/67	C60/75	C70/85	C80/95	C90/105
f_{ck} , МПа	12	16	20	25	30	35	40	45	50	55	60	70	80	90
$f_{ck,cube}$, МПа	15	20	25	30	37	45	50	55	60	67	75	85	95	105
f_{cm} , МПа	20	24	28	33	38	43	48	53	58	63	68	78	88	98
f_{ctm} , МПа	1,6	1,9	2,2	2,6	2,9	3,2	3,5	3,8	4,1	4,2	4,4	4,6	4,8	5,0
$f_{ctk,0,05}$, МПа	1,1	1,3	1,5	1,8	2,0	2,2	2,5	2,7	2,9	3,0	3,1	3,2	3,4	3,5
$f_{ctk,0,95}$, МПа	2,0	2,5	2,9	3,3	3,8	4,2	4,6	4,9	5,3	5,5	5,7	6,0	6,3	6,6
E_{cm} , %о	27	29	30	31	33	34	35	36	37	38	39	41	42	44

7.2.3 [ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.1.3(4)-т.] Пуассон коэффициенті сызаттармен бетон үшін 0,2 тең және сызатты бетон үшін 0-ге тең болып қабылдануы мүмкін.

7.2.4 Бетонның бір ості кернеулі жай-күйінің беріктік және деформациялық сипаттамаларын деформациялау диаграммасы түрінде көрсету қабылданған. Жоғары температура кезінде бетонның деформациялану диаграммасының түрі 7.1-суретте көрсетілген.

7.2.5 Деформация диаграммасының өзіндік нүктелері (есептеу кезіндегі шектік мәндер) анықталады:

- сығуға шектік кедергімен $f_{c,0}$;
- $f_{c,0}$ сәйкес келетін $\varepsilon_{c1,0}$ салыстырмалы деформациясымен;
- $\varepsilon_{cu1,0}$ шектік салыстырмалы деформациясымен.

$\varepsilon \leq \varepsilon_{c1,0}$ деформациялары үшін (7.1-суреттегі диаграмманың өсетін тармағы) (0; 0) және ($f_{c,0}$; $\varepsilon_{c1,0}$) координаттарымен нүктелер арасындағы әрекет етуші кернеулерден тәуелділік ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (3.1)-сурет бойынша эмпириялық тәуелділік түрінде қабылданады:

$$\sigma(\theta) = \frac{3\varepsilon \cdot f_{c, \theta}}{\varepsilon_{c1, \theta} \left(2 + \left(\frac{\varepsilon}{\varepsilon_{c1, \theta}} \right)^3 \right)} \quad (7.2)$$

$\varepsilon_{c1,0} < \varepsilon \leq \varepsilon_{cu1,0}$ диапазон үшін (7.1-суреттегі диаграмманың төмен түсетін тармағы) ($f_{c,0}$; $\varepsilon_{c1,0}$) және (0; $\varepsilon_{cu1,0}$) координаттарымен нүктелер арасындағы линиялық интерполяцияға жол беріледі.


7.2.6 Қыздыру кезінде бетонның беріктік және деформациялық қасиеттерінің мәндері (2-ден 50 К·мин⁻¹ дейінгі режимдер үшін) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.1-кестеге сәйкес 7.2-кестеде келтірілген. Температураның аралық мәндері үшін линиялық интерполяцияға жол беріледі. 7.2-кестеде көрсетілген мәндер ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.2.2.1(4)-т. сәйкес, силикатты (гранитті) және карбонатты (карбонатты құраушы массасының кем дегенде 80 % тұратын әкті) толтырғыштармен қалыпты тығыздықтағы бетон үшін қолданылады.

7.2.7 Шынайы өртке ұқсайтын жылулық әсерлер үшін (Осы құралдың 6.2-қосымша бөлімі) бетон деформациясы диаграммасының математикалық моделін әсіресе төмен түсетін тармақ үшін түрлендіру керек.

Ескертпе

1 Бетонның деформациялану диаграммасының төмен түсетін тармағын түрлендіру тәсілі ҚР ҚН EN 1994-1-2:2005/2011 С қосымшасында келтірілген.

2 Салқындау фазасындағы бетон кедергісінің ықтимал ұлғаюы есептеулерді ескеілмейді.



7.1-сурет – Жоғары температура кезінде силикатты толтырушыда сығылған бетонның деформациясы диаграммасының математикалық моделі (7.2 Формула)

7.2-кесте – Жоғары температура кезінде сығылған бетонның деформациялану диаграммасының негізгі параметрлерінің мәндері

Бетонның температурасы θ , °C	Силикатты толтырғыш			Карбонатты толтырғыш			$k_{c,t}(\theta)$
	$k_{\theta}=f_{c,\theta}/f_{ck}$	$\varepsilon_{c1,\theta}$	$\varepsilon_{cu1,\theta}$	$k_{\theta}=f_{c,\theta}/f_{ck}$	$\varepsilon_{c1,\theta}$	$\varepsilon_{cu1,\theta}$	
1	2	3	4	5	6	7	8
20	1,00	0,0025	0,0200	1,00	0,0025	0,0200	1,00
100	1,00	0,0040	0,0225	1,00	0,0040	0,0225	1,00
200	0,95	0,0055	0,0250	0,97	0,0055	0,0250	0,80
300	0,85	0,0070	0,0275	0,91	0,0070	0,0275	0,60
400	0,75	0,0100	0,0300	0,85	0,0100	0,0300	0,40
500	0,60	0,0150	0,0325	0,74	0,0150	0,0325	0,20
600	0,45	0,0250	0,0350	0,60	0,0250	0,0350	0,00
700	0,30	0,0250	0,0375	0,43	0,0250	0,0375	0,00
800	0,15	0,0250	0,0400	0,27	0,0250	0,0400	0,00
900	0,08	0,0250	0,0425	0,15	0,0250	0,0425	0,00
1000	0,04	0,0250	0,0450	0,06	0,0250	0,0450	0,00
1100	0,01	0,0250	0,0475	0,02	0,0250	0,0475	0,00
1200	0,00	—	—	0,00	—	—	0,00

7.2.8 Бетонның созылуға кедергісін жеңілдетілген немесе жалпы есептеу әдістерінде ескермеуге жол беріледі, керісінше жағдайда бетонның созылуға сипаттамалық кедергісінің төмендеуі ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (3.1) Формуласы бойынша $k_{c,t}(\theta)$ коэффициентімен (7.2-кестені қараңыз) ескерілетіндігін ескеру керек:

$$f_{ck,t}(\theta) = k_{c,t}(\theta) \cdot f_{ck,t}, \quad (7.3)$$

7.2.9 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.1.7(3)-т. сәйкес, бүгілетін конструкцияларды есептеу кезінде қиманың тиімді сығылған аймағының биіктігі бойынша кернеулердің біркелкі таралуы қабылдануы мүмкін (7.2-суретті қараңыз). Қиманың сығылған аймағының тиімді биіктігін анықтау үшін қолданылатын λ коэффициентінің мәні және тиімді беріктікті анықтауға арналған η коэффициенттің мәні ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.19-3.22) Формулаларынан шығарылады:


$$\lambda = 0,8 \quad f_{ck} \leq 50 \text{ МПа үшін}, \quad (7.4)$$

$$\lambda = 0,8 - \frac{f_{ck} - 50}{400} \quad 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа үшін} \quad (7.5)$$

$$\eta = 1,0 \quad f_{ck} \leq 50 \text{ МПа үшін}, \quad (7.6)$$

$$\eta = 1,0 - \frac{f_{ck} - 50}{200} \quad 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа үшін}. \quad (7.7)$$

Ескертпе – Егер қиманың қысылған аймағының ені қиманың әлдеқайда күшті қысылған шегіне бағытталаып азаятын болса, онда ηf_{cd} мәнін 10 %-ға азайту керек.



7.2-сурет – Кернеулердің тікбұрышты таралуы

7.2.10 Конструкциялардың 20 °C температура кезіндегі өлшемдеріне қатысты бетонның температуралық деформациясы $\varepsilon_c(\theta)$ ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.3.1(1)-т. сәйкес анықталады (бетонның температуралық кеңеюінің температураға тәуелділігі 7.3-суретте келтірілген):

– силикатты толтырғыштар үшін

$$\varepsilon_c(\theta) = -1,8 \times 10^{-4} + 9 \times 10^{-6} \cdot \theta + 2,3 \times 10^{-11} \cdot \theta^3 \quad 20 \text{ } ^\circ\text{C} \leq \theta \leq 700 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде; } (7.8)$$


$$\varepsilon_c(\theta) = 14 \times 10^{-3} \quad 700 \text{ } ^\circ\text{C} < \theta \leq 1200 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде; } (7.9)$$

– карбонатты толтырғыштар үшін

$$\varepsilon_c(\theta) = -1,2 \times 10^{-4} + 6 \times 10^{-6} \cdot \theta + 1,4 \times 10^{-11} \cdot \theta^3 \quad 20 \text{ } ^\circ\text{C} \leq \theta \leq 805 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде; } (7.10)$$

$$\varepsilon_c(\theta) = 12 \times 10^{-3} \quad 805 \text{ } ^\circ\text{C} < \theta \leq 1200 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде; } (7.11)$$

мұнда θ – бетонның температурасы, °C.



7.3-сурет – Бетонның жалпы температуралық кеңеюі

7.2.11 Құрғақ күйдегі бетонның меншікті жылу сыйымдылығы $c_p(\theta)$, $\text{Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{K}^{-1}$, ($u = 0 \%$) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.3.2(1)-т. сәйкес анықталады:

$$c_p(\theta) = 900 \quad 20 ^\circ\text{C} \leq \theta \leq 100 ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.12)$$

$$c_p(\theta) = 900 + (\theta - 100) \quad 100 ^\circ\text{C} < \theta \leq 200 ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.13)$$

$$c_p(\theta) = 1000 + (\theta - 200)/2 \quad 200 ^\circ\text{C} < \theta \leq 400 ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.14)$$

$$c_p(\theta) = 1100 \quad 400 ^\circ\text{C} < \theta \leq 1200 ^\circ\text{C} \text{ кезінде}, \quad (7.15)$$

мұнда θ – бетонның температурасы, $^\circ\text{C}$.


ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.3.2-т. сәйкес, егер есептік әдістерде ылғалдық ерекше түрде ескерілмейтін болса, онда силикатты және карбонатты толтырғыштармен бетонның меншікті жылу сыйымдылығы үшін көрсетілген функция $100 ^\circ\text{C}$ және $115 ^\circ\text{C}$ арасында орналасқан тұрақты $c_{p,\text{peak}}$ толтырылады:

$$c_{p,\text{peak}} = 900 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{K}^{-1} \quad - \text{ылғалдылық үшін бетон массасының } 0 \%; \quad (7.16)$$

$$c_{p,peak} = 1470 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{K}^{-1} \quad - \text{ сол секілді, } 1,5 \%; \quad (7.17)$$

$$c_{p,peak} = 2020 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{K}^{-1} \quad - \text{ сол секілді, } 3,0 \%, \quad (7.18)$$

115 °С-тан ($c_{p,peak}$ сәйкес келеді) 200 °С дейінгі (1000 Дж · кг⁻¹ · К⁻¹ сәйкес келеді) аралықта меншікті жылу сыйымдылығының әрі қарайғы линиялық төмендеуімен. Ылғалдықтың басқа мәндері үшін линиялық интерполяцияға жол беріледі. $c_{p,peak}$ ескерумен меншікті жылу сыйымдылығы коэффициентінің өзгерісі 7.4-суретте келтірілген.



7.4-сурет – Бетонның меншікті жылу сыйымдылығы коэффициентінің $c_p(\theta)$ температураға және және (u) ылғалдыққа тәуелділігі

7.2.12 Ылғалды жоғалтумен шартталған температураға тығыздықтың тәуелділігі ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.3.2(3)-т. сәйкес анықталады (сонымен қатар 7.5-суретті қараңыз):

$$\rho(\theta) = \rho(20 \text{ } ^\circ\text{C}) \quad 20 \text{ } ^\circ\text{C} \leq \theta \leq 115 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.19)$$

$$\rho(\theta) = \rho(20 \text{ } ^\circ\text{C}) \cdot (1 - 0,02 \cdot (\theta - 115)/85) \quad 115 \text{ } ^\circ\text{C} < \theta \leq 200 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.20)$$

$$\rho(\theta) = \rho(20 \text{ } ^\circ\text{C}) \cdot (0,98 - 0,03 \cdot (\theta - 200)/200) \quad 200 \text{ } ^\circ\text{C} < \theta \leq 400 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде}; \quad (7.21)$$

$$\rho(\theta) = \rho(20 \text{ } ^\circ\text{C}) \cdot (0,95 - 0,07 \cdot (\theta - 400)/800) \quad 400 \text{ } ^\circ\text{C} < \theta \leq 1200 \text{ } ^\circ\text{C} \text{ кезінде}. \quad (7.22)$$



7.5-сурет – Бетонның салыстырмалы тығыздығының $\rho(\theta)/\rho(20\text{ }^{\circ}\text{C})$ температураға тәуелділігі

7.2.13 Бетонның λ_c , Вт · м⁻¹К⁻¹, қалыпты тығыздықтағы бетонның жылу өткізгіштік коэффициенті ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.3.3(2)-т. сәйкес төменгі шектік мәнге тең болып қабылданады (сонымен қатар 7.6-суретті қараңыз):

$$\lambda_c = 1,36 - 0,136 \cdot (\theta/100) + 0,0057 \cdot (\theta/100)^2 \quad 20\text{ }^{\circ}\text{C} \leq \theta \leq 1200\text{ }^{\circ}\text{C} \text{ кезінде,} \quad (7.23)$$

мұнда θ_c – бетонның температурасы.



7.6-сурет – Бетонның жылу өткізгіштік коэффициентінің температураға тәуелділігі

7.3 Арматураның сипаттамалары

7.3.1 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.2.2(3)Р-т. сәйкес, осы құралдың ережелері ҚР СТ EN 10080, немесе ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес келетін (С қосымшасы) $f_{yk} = 400$ -ден 600 МПа дейінгі ағушылық шегімен алдын ала кернеусіз ыстықтай тапталған, суықтай деформацияланған арматураны (сымды) пайдаланумен конструкциялар үшін қолданылады.

Ескертпе

1 Арматураны дайындау стандартына тәуелсіз, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.2.1(4)Р сәйкес барлық талап етілетін қасиеттер ҚР СТ EN 10080 сәйкес сынақтармен расталуы тиіс. Бұл жағдайда арматураның таңбалануы арматураны (ыстықтай тапталған немесе суық деформацияланған) дайындау тәсілін айқын түрде көрсетуі тиіс, өйткені бұл қызған кезде беріктік сипаттамаларының төмендеу жылдамдығын анықтайды (7.4-кестені қараңыз).

2 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 С қосымшасында– максималды жүктеу (ε_{uk}) және ажырауға уақытша кедергіліктің ағушылықтың физикалық немесе шартты шегіне қатынасы (f_t/f_{yk}) кезіндегі толық салыстырмалы ұзарту шамаларын пайдаланумен және А, В немесе С кластарының бірін меншіктеумен деформациялану (иілімдік) бойынша арматураның жіктелуі келтірілген (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.7-суретті қараңыз). Көрсетілген сипаттамаларды олардың әдістері ҚР СТ EN 10080 сәйкес келетіндігі шартында арматураға басқа стандарттардан қабылдауға жол беріледі.

7.3.2 [ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.2.3(1)Р-т.] ағушылық шегі f_{yk} (немесе $0,2$ % қалдық салыстырмалы деформация кезіндегі ағушылықтың шартты шегі $f_{0,2k}$) және f_{tk} керілу кезіндегі беріктік шегі сәйкесінше ағушылыққа сәйкес келетін жүктеменің сипаттамалық мәндері немесе қиманың номиналды ауданына бөлінген тура осьті керілу кезіндегі сипаттамалық ең жоғары жүктеме ретінде анықталады.

7.3.3 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.3.1(4)-т. сәйкес, осы құралдың ережелері EN 10138 (барлық бөлімдер) сәйкес келетін термиялық нығайтылған (q&t) (өзектер) және суық деформацияланған (sw) (сымдар және арқандар) кернелетін арматура үшін қолданылады.

Ескертпе – кернелетін арматураға басқа стандарттарды қолдануға жол беріледі, бұл жағдайда өндіріс және сынақ тәсілдері EN 10138 (барлық бөлімдер) сәйкес келеді.

7.3.4 ҚР ҚН 92-1-1:2004/2011 (3.3.1(5)Р) сәйкес кернелетін болаттар үшін $0,1$ % қалдық салыстырмалы деформация кезіндегі ағушылықтың шартты шегіне, созылуға беріктіктің сипаттамалық шектік мәндері және сәйкесінше f_{pk} , $f_{p0,1k}$ және ε_{uk} болып белгіленген максималды жүктемеге жеткен кездегі салыстырмалы деформациялар орнатылған.

7.3.5 [ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.3.3(1)Р-т.] $0,1$ % қалдық деформация кезіндегі ағушылықтың шартты шегі ($f_{p0,1k}$) және созылуға беріктік шегінің сипаттамалық мәні $0,1$ % қалдық деформация және көлденең қиманың номиналды ауданына сәйкесінше бөлінген осьтік созылу кезіндегі максималды жүктеме кезіндегі жүктеменің сипаттамалық мәндері ретінде анықталады.


7.3.6 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.2.7 және 3.3.6-қосымша бөлімдеріне сәйкес, барлық есептеулер арматураның көлденең қимасының номиналды ауданы мәндерінің

және кедергілердің сипаттамалық мәндерінің негізінде орындалуы тиіс. Тығыздықтың орташа мәні 7850 кг/м^3 тең болып қабылдануы мүмкін. E_s серпімділік модулінің есептік мәні кернелмейтін арматура үшін 200 ГПа тең, сымдар және өзектер үшін 205 ГПа, арқандар үшін 195 ГПа тең болып қабылдануы мүмкін.

7.3.7 Жоғары температура кезінде арматураның беріктік және деформациялық сипаттамалары деформация диаграммасының параметрлері бойынша қабылданады (7.3-кесте). Қызған кездегі болаттың деформациялану диаграммасы (созылған, сондай-ақ сығылған – 7.3-суретті қараңыз) үш параметрмен анықталады:

- серпімділік модулі $E_{s,\theta}$;
- пропорционалдық шегі $f_{sp,\theta}$;
- кенеудің ең жоғары деңгейі $f_{sy,\theta}$.

7.3.8 Осы құралда көрсетілген жоғары температура кезіндегі (соның ішінде шынайы өртке ұқсайтын жылулық әсерлер үшін) арматура сипаттамаларының мәндері қызу температурасына байланысты сәйкесінше, кернелмейтін және кернелетін арматура үшін 7.4 және 7.5-кестелерде келтірілген. Температураның аралық мәндері үшін линиялық интерполяцияға жол беріледі.



7.3-сурет – Жоғары температура кезіндегі $f_{sy,\theta} = 500 \text{ МПа}$ созылған (қысылған) ыстықтай тапталған арматураның деформациялану диаграммасының математикалық моделі

7.3-кесте – Жоғары температура кезіндегі арматураның деформациялану диаграммасының негізгі параметрлерінің математикалық тәуелділігі

Деформация диапазоны	Кернеу $\sigma_{s,\theta}$	Серпімділік модулі $E_{s,\theta}$
$\varepsilon_{sp,\theta}$	$\varepsilon E_{s,\theta}$	$E_{s,\theta}$
$\varepsilon_{sp,\theta} \leq \varepsilon \leq \varepsilon_{sy,\theta}$	$f_{sp,\theta} - c + \frac{b}{a} \sqrt{a^2 - (\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon)^2}$	$\frac{b(\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon)}{a \sqrt{a^2 - (\varepsilon - \varepsilon_{sy,\theta})^2}}$
$\varepsilon_{sy,\theta} \leq \varepsilon \leq \varepsilon_{st,\theta}$	$f_{sy,\theta}$	0
$\varepsilon_{st,\theta} \leq \varepsilon \leq \varepsilon_{su,\theta}$	$f_{sy,\theta} \cdot \left(1 - \frac{(\varepsilon - \varepsilon_{st,\theta})}{(\varepsilon_{su,\theta} - \varepsilon_{st,\theta})}\right)$	—
$\varepsilon = \varepsilon_{su,\theta}$	0	—
Сипаттамалары	$\varepsilon_{sp,\theta} = f_{sp,\theta} / E_{s,\theta}$; $\varepsilon_{sy,\theta} = 0,02$; $\varepsilon_{st,\theta} = 0,15$; $\varepsilon_{su,\theta} = 0,2$ А класты арматура (7.3.1): $\varepsilon_{pt,\theta} = 0,05$; $\varepsilon_{pu,\theta} = 0,1$	
Көмекші айнымалы	$a^2 = (\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon_{sp,\theta}) \left(\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon_{sp,\theta} + \frac{c}{E_{s,\theta}} \right);$ $b^2 = c \cdot (\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon_{sp,\theta}) E_{s,\theta} + c^2;$ $c = \frac{(f_{sy,\theta} - f_{sp,\theta})^2}{(\varepsilon_{sy,\theta} - \varepsilon_{sp,\theta}) E_{s,\theta} - 2(f_{sy,\theta} - f_{sp,\theta})}$	
Ескертпе – Кернелетін арматура үшін «s» жолма-жол индексін «р» -ға ауыстыру керек.		

7.4-кесте – Жоғары температура кезінде ыстықтай тапталған және суық деформацияланған арматура диаграмасы параметрлерінің мәндері

Арматураның температура θ , °C	$f_{sy,\theta}/f_{yk}$		$f_{sp,\theta}/f_{yk}$		$E_{s,\theta}/E_s$	
	ыстықтай тапталған	суық деформацияланған	ыстықтай тапталған	суық деформацияланған	ыстықтай тапталған	суық деформацияланған
20	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00
100	1,00	1,00	1,00	0,96	1,00	1,00
200	1,00	1,00	0,81	0,92	0,90	0,87
300	1,00	1,00	0,61	0,81	0,80	0,72
400	1,00	0,94	0,42	0,63	0,70	0,56
500	0,78	0,67	0,36	0,44	0,60	0,40
600	0,47	0,40	0,18	0,26	0,31	0,24
700	0,23	0,12	0,07	0,08	0,13	0,08
800	0,11	0,11	0,05	0,06	0,09	0,06
900	0,06	0,08	0,04	0,05	0,07	0,05
1000	0,04	0,05	0,02	0,03	0,04	0,03
1100	0,02	0,03	0,01	0,02	0,02	0,02
1200	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

7.3.9 Жоғары температура кезіндегі кернелетін арматураның беріктік және деформациялық сипаттамалары кернелмейтін арматураға ұқсайтын математикалық модельмен анықталады.

7.3.10 ҚР ҚН ЕН 1992-1-2:2004/2011, 3.2.4(2)-т. сәйкес, 7.5-кестедегі β коэффициент мәні ҚР ҚН ЕН 1992-1-2:2004/2011 (3.2) Формуласы бойынша А класы арматура үшін анықталады:

$$\beta = \left[\left(\frac{\varepsilon_{ud} - \frac{f_{p0,1k}}{E_p}}{\varepsilon_{uk} - \frac{f_{p0,1k}}{E_p}} \right) \times \left(\frac{f_{pk} - f_{p0,1k}}{f_{pk}} \right) + \frac{f_{p0,1k}}{f_{pk}} \right]. \quad (7.24)$$

В класы үшін β коэффициентті 0,9-ға тең қабылдау керек.

7.5-кесте – Жоғары температура кезіндегі суық деформацияланған (cw) (сымдар және арқандар) және термиялық нығайтылған (q&t) (шыбықтар) кернелетін арматураның деформациялану диаграммасы параметрлерінің мәндері

Арматураның температурасы θ, °C	$f_{py,θ}/(βf_{pk})$		$f_{pp,θ}/(βf_{pk})$		$E_{p,θ}/E_p$		$ε_{pt,θ}$	$ε_{pu,θ}$	
	cw		q&t	cw	q&t	cw	q&t	cw, q&t	cw, q&t
	A класы	B класы							
1	2a	2б	3	4	5	6	7	8	9
20	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	0,050	0,100
100	1,00	0,99	0,98	0,68	0,77	0,98	0,76	0,050	0,100
200	0,87	0,87	0,92	0,51	0,62	0,95	0,61	0,050	0,100
300	0,70	0,72	0,86	0,32	0,58	0,88	0,52	0,055	0,105
400	0,50	0,46	0,69	0,13	0,52	0,81	0,41	0,060	0,110
500	0,30	0,22	0,26	0,07	0,14	0,54	0,20	0,065	0,115
600	0,14	0,10	0,21	0,05	0,11	0,41	0,15	0,070	0,120
700	0,06	0,08	0,15	0,03	0,09	0,1	0,10	0,075	0,125
800	0,04	0,05	0,09	0,02	0,06	0,07	0,06	0,080	0,130
900	0,02	0,03	0,04	0,01	0,03	0,03	0,03	0,085	0,135
1000	0,00	0,00	00,0	00,0	00,0	00,0	00,0	0,090	0,140
1100	0,00	0,00	0,00	00,0	00,0	00,0	00,0	0,095	0,145
1200	0,00	0,00	0,00	00,0	00,0	00,0	00,0	0,100	0,150
Ескертпе									
1 Температураның аралық мәндері кезінде линиялық интерполяцияға жол беріледі.									
2 β коэффициентін осы құралдың 7.3.10 –т. қараңыз.									

7.3.11 20 °C температура кезіндегі ұзындықтан шығара келе температуралық кеңею $\varepsilon_s(\theta)$ ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 3.4(1)-т. сәйкес анықталады (сонымен қатар 7.4-суретті қараңыз):

– кернелмейтін арматура үшін:

$$\varepsilon_s(\theta) = -2,416 \times 10^{-4} + 1,2 \times 10^{-5} \times \theta + 0,4 \times 10^{-8} \cdot \theta^2 \quad 20^\circ\text{C} \leq \theta \leq 750^\circ\text{C} \text{ кезінде; (7.25)}$$

$$\varepsilon_s(\theta) = 11 \times 10^{-3} \quad 750^\circ\text{C} < \theta \leq 860^\circ\text{C} \text{ кезінде; (7.26)}$$

$$\varepsilon_s(\theta) = -6,2 \times 10^{-3} + 2 \times 10^{-5} \cdot \theta \quad 860^\circ\text{C} < \theta \leq 1200^\circ\text{C} \text{ кезінде; (7.27)}$$

– кернелетін арматура үшін:


$$\varepsilon_s(\theta) = -2,016 \times 10^{-4} + 10^{-5} \cdot \theta + 0,4 \times 10^{-8} \cdot \theta^2 \quad 20^\circ\text{C} \leq \theta \leq 1200^\circ\text{C} \text{ кезінде, (7.28)}$$

мұнда θ – арматураның температурасы.

МЫСАЛ (7.1.2) 500 °C температура кезіндегі қысуға C25/30 класты бетонның есептік беріктігін анықтау:

7.1-кестеге сәйкес, f_{ck} қысуға C25/30 класты бетонның сипаттамалық беріктігі 25 МПа құрайды. 500 °C температура кезіндегі k_θ бетон беріктігінің төмендеу коэффициенті 7.2-кестеге сәйкес, 0,6 құрайды. Осылайша, берілген температура кезіндегі бетонның есептік беріктігі құрайды:

$$f_{cd,fi} = k_\theta \cdot f_{ck} = 25 \times 0,6 = 15 \text{ МПа.}$$



7.4 -сурет – Арматураның жалпы температуралық кеңеюі

7 ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

8.1 Жалпы мәліметтер

8.1.1 Конструкцияның бойлық осіне қалыпты қималарды есептеудің жеңілдетілген әдісі ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 4.2.1(1)-т. сәйкес, қыздырылған қиманың шектік көтергіш қабілетін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

8.1.2 Жеңілдетілген әдіс шектік тепе-теңдік әдісінің классикалық линиялық-серпімді әдістеріне негізделген. Бетонның және арматураның қызуын ескере отырып, олардың беріктігі 7.2 және 7.4 немесе 7.5-кестелеріндегі k_{θ} ұсынылған коэффициенттерге сәйкес төмендейтіндігі қабылданады. N_{Rd} (немесе M_{Rd}) қиманың көтергіш қабілеті әрекет етуші күш әсерлерінің мәніне дейін төмендейтін момент R көтергіш қабілеті бойынша отқа төзімділік шегінен тыс қабылданады. Конструкцияның бойлық осіне қалыпты, келтірілген қиманы пайдаланатын жеңілдетілген есептеу әдістерін қолдануға жол беріледі.

8.1.3 Отқа төзімділік шегін есептеу келесі бөліктерден тұрады (реті өзгеруі мүмкін):

- конструкция (конструктивті жүйенің бөлігі) үшін әсерлерді және шекаралық шарттарды, олардың шамаларын және конструкцияға қатысты таралу сипатын анықтау (осы құралдың 6- тарауына сәйкес);

- өрттің әсер ету уақытының ізделіп отырған моменті үшін қиманың өзіндік нүктелерінде (облыстарында) температураларды (өрттің әсер ету уақытына байланысты көрсетілген нүктелерде (облыстарда) температуралардың өзгерісін) анықтау (осы құралдың 9- тарауына немесе А қосымшасына сәйкес);

- өрттің әсер ету уақытының ізделіп отырған моменттері үшін қималардың есептік нүктелерінде (облыстарында) материалдардың беріктік және деформациялық сипаттамаларын (немесе өрттің әсер ету уақытына байланысты көрсетілген нүктелерде (облыстарда) сипаттамалардың өзгерісін) анықтау (осы құралдың 7- тарауына сәйкес);

- өрттің әсер ету уақытының ізделіп отырған моменттері (немесе өрттің әсер ету уақытына байланысты олардың өзгерісі) үшін көтергіш қабілетін (тұрақтылықты немесе осы құралдың 3.3.3, 3.3.4-т.т. көрсетілген басқа өзіндік белгілерді) анықтау (ағымдағы бөлімге сәйкес);

- отқа төзімділік шарттары орындалатын өрттің шектік уақыт аралығын анықтау (немесе уақыттың ізделіп отырған сәгін растау) (осы құралдың 3.4.18-т. сәйкес).

Ескертпе – Конструкцияның күрделілігіне және қабылданған шекаралық шарттарға байланысты кейбір бөліктер қысқаруы мүмкін. Есептеудің кестелік әдісі (осы құралдың 10-тарауы) шектік температураға жеткен кездегі ағушылықтың (сәйкесінше көтергіш қабілеті шегінің) туындау болжамынан шығара келе әсерлерді, температураларды және көтергіш қабілеті функциясының шегін ғана анықтау қатысатын есептеудің жеңілдетілген әдісінің жеке жағдайы болып табылады.

8.1.4 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 4.2.2(1)-т. сәйкес, өрттің әсер ету уақытының ізделіп отырған моменттері үшін қиманың өзіндік нүктелеріндегі (облыстарындағы) температуралар эксперимент жүргізу немесе есептеулер арқылы анықталады.

Ескертпе – Өрт кезінде темірбетон қимасының қызу міндеті үшінші тектегі шекаралық шарттармен (яғни қимадағы температуралар өрісі ұдайы өзгереді) стационарлы емес жылу өткізгіштік міндеттеріне

жататындығын назарға ала отырып, дәл нәтижені алу үшін түпкілікті-элементті модельдеу әдістеріне қаралу қажет (осы құралдың 9- тарауын қараңыз). Конструкциялардың кеңінен таралған нұсқалары және типтік өлшемдері – тақталар, аркалықтар және бағаналар – үшін стандартты өрттің әсер етуі үшін қимадағы температураларды анықтау нәтижелері (қималардың температуралық пішіндері) осы құралдың А қосымшасында келтірілген.

8.1.5 Бетонның қимадағы температуралар градиентіне (өрісіне) сәйкес беріктігін жоғалтуымен байланысты, оның толық көтергіш қабілеті (конструкцияның көтергіш қабілетіне үлес) есептеу дәлдігін елеулі түрде ұлғайтусыз егжей-тегжейлі есептеулер нысаны болып табылады. Сондықтан қиманың қысылған бөлігінің қызған бетонының жұмысын есепке алу үшін келтірілген қиманы пайдалануға кеңес беріледі. Келтірілген қиманы анықтауға 2 балама әдіс бар:

- 500 °C изотерма әдісі (осы құралдың 8.2-қосымша бөлімін қараңыз);
- аймақтық әдіс (осы құралдың 8.3-қосымша бөлімін қараңыз).

Ескертпе

1 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, В.1.1(1)-т. сәйкес, 500 °C изотерма әдісі стандартты температуралық тәртіп және өрттің параметрлік әсері үшін ғана қолданылады.

2 Аймақтық әдіс өрттің стандартты температуралық тәртібі үшін ғана жарамды және шағын қималар және иілімді бағаналар үшін басымдылықпен қолданылады.

8.2 500 °C изотерма әдісі

8.2.1 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 В.1.1(2)-т. сәйкес, әдісті 8.1-кестеге сәйкес көлденең қиманың шағын енімен конструкциялар үшін қолдануға жол беріледі:

- а) отқа төзімділік шегіне байланысты өрттің стандартты температуралық тәртібі үшін;
- б) меншікті өрт жүктемесіне байланысты $O \geq 0,14 \text{ м}^{1/2}$ ойықтылықпен өрттің параметрлік әсері үшін (ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (А қосымшасын қараңыз).

8.2.2 Есептеу әдісі жылытылатын беттің жанындағы бетон аймағының зақымдалуымен шартталған көлденең қима өлшемінің жалпы төмендеуін ескереді. Зақымдалған бетонның қалыңдығы a_{500} көлденең қиманың қысылған аймағындағы 500 °C изотерманың орташа тереңдігіне теңестіріледі. Зақымдалған (500 °C-тан жоғары қызған) бетон конструкцияның көтергіш қабілетін қамтамасыз етпейді, бұл уақытта қалған көлденең бетон қимасы бастапқы кедергіні және серпімділік модулін сақтайды.

8.1-кесте – Отқа төзімділік шегіне және меншікті өрт жүктемесіне байланысты көлденең қиманың ең төменгі ені

а) отқа төзімділік					
Отқа төзімділік шегі	R 60	R 90	R 120	R 180	R 240
Көлденең қиманың ең төменгі ені, мм	90	120	160	200	280
б) меншікті өрт жүктемесі					
Меншікті өрт жүктемесі, МДж/м ²	200	300	400	600	800
Көлденең қиманың ең төменгі ені, мм	100	140	160	200	240


8.2.1 Өрт кезіндегі темірбетондық көлденең қима кедергісінің есебін келесі бір ізділікте жүргізу керек.

а) жылу техникалық есептеу арқылы (осы құралдың 8.1.4-т. қараңыз) қысылған, созылған арматураның температурасын және белгіленген стандартты температуралық тәртіп немесе өрттің параметрлік әсері үшін $500\text{ }^{\circ}\text{C}$ изотерманың орналасуын анықтау. Келтірілген көлденең қиманың шегінен тыс орналасқан арматуралық шыбықтар (8.1-суретті қараңыз) есепте ескеріледі;


б) бетонды $500\text{ }^{\circ}\text{C}$ изотерма шегінен тыс шығару арқылы (8.1-суретті қараңыз) келтірілген қиманың геометриялық параметрлерін (енін (b_n) және есептік биіктікті (d_n)) анықтау. Изотермалардың жұмырланған бұрыштарын 8.1-суретте көрсетілгендей, тікбұрыштың тік бұрыштарына әкелуге жол беріледі;

в) осы құралдың 7.3 қосымша бөліміне сәйкес жоғары температурада арматураның кедергісін анықтау;

г) осы құралдың 7.2 және 8.2-суреттеріне сәйкес, арматураның төмендетілген кедергісін ескере отырып, келтірілген көлденең қиманың шектік көтергіш қабілетін анықтау;



T – созылу; C – сығу



а – үш тараптан өрт кезіндегі қызу (созылған аймақ тарапынан қызу);

б – үш тараптан өрт кезіндегі қызу (қысылған аймақ тарапынан қызу);

в – төрт тараптан (Арқалықтан немесе бағанадан) өрт кезіндегі қызу

8.1-сурет – Келтірілген көлденең қиманың мысалдары

8.2.2 Көлденең қиманың көтергіш қабілетін (ішкі иілу моменті) есептеу келесі бір ізділікте жүреді:

а) осы құралдың 7.2.9-т. сәйкес, қиманың тиімді қысылған аймағының биіктігі анықталады:

$$\lambda x = \frac{A_{s1} \cdot f_{sd,fi}(\theta_m) + A_{s2} f_{scd,fi}(\theta_m)}{b_{fi} \cdot \eta \cdot f_{cd,fi}(20)}; \quad (8.1)$$

б) Осы құралдың 8.2-суретіне сәйкес, ішкі тең күштің иіні (созылған арматура мен қысылған бетон арасында) анықталады:

$$z = d_{fi} - 0,5\lambda x; \quad (8.2)$$

в) 8.2-суретке сәйкес, ішкі тең күштің жиынтық иілу моменті анықталады:

$$M_u = M_{u1} + M_{u2} = A_{s1} f_{sd,fi}(\theta_m) \cdot z + A_{s2} f_{scd,fi}(\theta_m) \cdot z'; \quad (8.3)$$

мұнда $f_{sd,fi}$ – созылған арматураның есептік кедергісі;

$f_{scd,fi}$ – қысылған арматураның есептік кедергісі;

b_{fi} – өрт кезіндегі көлденең қима ені;


d_{fi} – өрт кезіндегі көлденең қиманың есептік биіктігі;

$f_{cd,fi}(20)$ – бетонның сығылуға есептік кедергісі (қалыпты температура кезіндегі);

z – ішкі тең күштің иіні (созылған арматура мен сығылған бетон арасында);

z' – ішкі тең күштің иіні (созылған және сығылған арматура арасында);

θ_m – арматура қатарының орташа температурасы.



A_s – созылған арматура қимасының ауданы;

A_{s1} – бетонның сығылған аймағымен тепе-теңдікте жұмыс істейтін созылған арматура қимасының үлесі;

A_{s2} – сығылған арматурамен тепе-теңдікте жұмыс істейтін созылған арматура қимасының үлесі;

$A_{s'}$ – сығылған арматура қимасының ауданы;

F_s – созылған арматурадағы жалпы күш бөлігіне балама, өрт кезіндегі қысылған арматураның жалпы күші;

λ, η, x – осы құралдың 7.2.9-т. сәйкес анықталады.

8.2-сурет – Созылған және сығылған арматурамен тікбұрышты көлденең темірбетон қимаға арналған есептік сұлба

8.2.3 Егер барлық арматуралық шыбықтар қатар орналасса және көлденең қиманың біркелкі ауданына ие болса, онда арматураның осіне дейін келтірілген арақашықтықты есептеу кезінде келесі формулалар пайдаланылуы мүмкін.

θ температура кезінде арматура қатарының кедергісін төмендетудің орташа коэффициенті ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (В.1) Формуласы бойынша анықталады:

$$k_v(\theta) = \frac{\sum k(\theta_i)}{\eta_v}, \quad (8.4)$$

мұнда θ – арматуралық шыбықтың температурасы i ;
 $k(\theta_i)$ – θ_i температура кезіндегі i арматура шыбығының кедергісін төмендету коэффициенті;
 $k_v(\theta)$ – v арматура қатарының кедергісін төмендету коэффициенті;
 η_v – v қатарындағы арматуралық шыбықтар мөлшері.

Келтірілген көлденең қиманың төменгі бетінен арматураның осіне дейінгі келтірілген арақашықтық ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (B.2) Формуласы бойынша анықталады:

$$a = \frac{\sum a_v k_v(\theta_i)}{\sum k_v(\theta)}, \quad (8.5)$$

мұнда a_v – көлденең қиманың төменгі бетінен v қатарының арматурасының осіне дейінгі арақашықтық.

Егер барлығы екі қатар болатын болса, онда арматураның осіне дейінгі келтірілген арақашықтық ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (B.3) Формула бойынша анықталады:

$$a = \sqrt{a_1 a_2}. \quad (8.6)$$

Егер арматуралық шыбықтар көлденең қиманың әртүрлі аудандарына ие болса және біркелкі тарамаса, онда θ температура кезіндегі $k(\varphi) f_{sd,fi}$ арматура тобының орташа кедергісі ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (B.4) Формула бойынша анықталады:

$$k(\varphi) f_{sd,fi} = \frac{\sum_i [k_s(\theta_i) f_{sd,i} A_i]}{\sum_i A_i}, \quad (8.7)$$

мұнда $k_s(\theta_i)$ – i арматуралық шыбықтың кедергісін төмендету коэффициенті;
 $f_{sd,i}$ – i арматуралық шыбықтың есептік кедергісі;
 A_i – i арматуралық шыбықтың көлденең қимасының ауданы.

Арматура тобының осіне дейінгі келтірілген арақашықтық ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (B.5) Формуласы бойынша анықталады:

$$a = \frac{\sum_i [a k_s(\theta_i) f_{sd,i} A_i]}{\sum_i [k_s(\theta_i) f_{sd,i} A_i]}, \quad (8.8)$$

мұнда A_i – i арматуралық шыбығының осіне дейінгі арақашықтық.

8.3 Аймақтық әдіс

8.3.1 Әдіс көлденең қиманы бірнеше аймаққа бөлуге негізделген. Бұл әдіс көп еңбекті қажет ететіндігіне қарамастан, әсіресе бағаналар үшін «Изотермалар 500 °С» әдісіне қарағанда әлдеқайда дәлірек болып табылады.


8.3.2 ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 В.2(2)-т. сәйкес, конструкцияның көлденең қимасын бірдей қалыңдықтағы бірнеше ($n \geq 3$) параллель аймаққа (тікбұрышты элементтер) бөлу керек, олардың әрқайсысы үшін орташа температура және $f_{cd}(\theta)$ қысылуға тиісті кедергі және қажет болған жағдайда серпімділік модулі анықталады.


8.3.3 Өрт кезінде зақымдалған көлденең қима өрт кезінде қызатын тараптарға қалыңдығы a_z зақымдалған аймақты қоспайтын конструкцияның бойлық осіне қалыпты келтірілген қима арқылы ұсынылады (8.3-суретті қараңыз).

8.3.4 Балама қабырға негіз ретінде алынады (8.3а және 8.3 г суреттерін қараңыз). М нүктесі оның осінде орналасқан және барлық келтірілген көлденең қиманың қысылуға төмендетілген кедергісін анықтау үшін қолданылады. Егер өрт кезінде екі қарама-қарсы тарап қызатын болса, онда ені $2w$ тең болып қабылданады (8.3а-суретті қараңыз). Өрт кезінде тек бір тараптан ғана қызатын тік бұрышты көлденең қима үшін ені w тең болып қабылданады (8.3в-суретті қараңыз). Үлкен қалыңдықтағы қабырғалар ені $2w$ қабырға ретінде ұсынылады (8.3г-суретті қараңыз). 8.3е-суреттегі сөре 8.3г-суреттегі қабырғаға балама, ал қабырға 8.3а-суреттегі қабырғаға балама болады.

8.3.5 Өрт кезінде екі тараптан қызатын балама қабырға үшін a_z зақымдалған аймағы келесі түрде анықталады:


- а) қабырға қалыңдығының жартысы бірдей қалыңдықтағы n ($n \geq 3$) параллель аймаққа бөлінеді (8.4-суретті қараңыз);
- б) әрбір аймақтың ортасы үшін қызу температурасы анықталады;
- в) әрбір аймақ үшін $k_c(\theta)$ сәйкес коэффициенттер анықталады (8.5-сурет).






- а – қабырға;
 б – қабырғаның шеті;
 в – тақта;
 г – қалыңдығы үлкен қабырға;
 д – бағана;
 е – аркалық

8.3-сурет – Өрт кезінде келтірілген көлденең қималар




8.4-сурет– Өрт кезінде екі жағынан қызатын қабырға аймағына бөлу



W келесі түрде анықталады:

- тақтаның қалыңдығы;
- бір жағынан қызатын қабырғаның немесе бағананың қалыңдығы;
- аркалық қабырғасы қалыңдығының жартысы;
- екі жағынан қызатын қабырға немесе бағана қалыңдығының жартысы;
- төрт жағынан қызатын бағананың төменгі көлемінің жартысы



а – Келтірілген көлденең қиманың сығылуына кедергіні төмендету;

б – a_z арқалықтар немесе тақталар үшін;

в – a_z бағаналар немесе қабырғалар үшін

8.5-сурет – Өрттің стандартты температуралық режимінде a_z анықтау

8.3.6 Әрбір аймақтың қызу біркелкісіздігін есепке алу коэффициентін тең қабылдай отырып $(1 - 0,2/n)$, көлденең қима кедергісінің келтірілген төмендеу коэффициенті ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (В.11) Формула бойынша анықталады:

$$k_{c,m} = \frac{\left(1 - \frac{0,2}{n}\right)}{n} \cdot \sum_{i=1}^n k_c(\theta_i), \quad (8.9)$$

мұнда n – параллель аймақтардың w -дағы саны;

w – жалпы енінің жартысы;

m – аймақтың нөмірі.

8.3.7 Арқалықтың, тақтаның немесе панельдің зақымдалған аймағының қалыңдығы ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (В.12) Формула бойынша анықталады:

$$a_z = w \left[1 - \frac{k_{c,m}}{k_c(\theta_M)} \right], \quad (8.10)$$

мұнда $k_c(\theta_M)$ – М нүктесінде бетонның кедергісін төмендету коэффициенті.

8.3.8 Екінші қатардағы теория бойынша әсерлерді ескеру керек бағаналардың, қабырғалардың және басқа конструкциялардың зақымдалған аймағының ені ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (В.13) Формула бойынша анықталады:

$$a_z = w \left[1 - \left(\frac{k_{c,m}}{k_c(\theta_M)} \right)^{1,3} \right]. \quad (8.11)$$

8.3.9 Өрт кезінде келтірілген көлденең қиманы, кедергіні және серпімділік модулін анықтағаннан кейін отқа төзімділік есебі 8.2-суретте көрсетілгендей, $\gamma_{M,fi}$ пайдаланып, қалыпты температура кезіндегі конструкциялардың есебіне барабар.

8.4 Екінші қатар теориясы бойынша әсерлер

8.4.1 Бағаналар үшін екінші қатар теориясы бойынша әсерлерді өрт кезінде елемеуге жол берілмейді. Өрттің жоғары температурасының әсерімен сыртқы қабаттардың зақымдалуы ішкі қабаттардың серпімділік модулінің төмендеуімен бірге конструкцияның тұрақтылығын жоғалтуға әкеледі.

8.4.2 Өрт кезінде бағаналарды бағалауды қисықтықты немесе элементтің қаттылығын анықтау арқылы жекелеген конструкциялар (элементтер) ретінде жүргізуге жол беріледі.

8.4.3 Егер бағаналар тұрақтылығының төмендеуі салдарынан бірінші қатардағы теория бойынша моменттерді төмендету қарастырылмаса, жалғастырғыш конструктивті жүйелер үшін өрттің тікелей емес (жанама) әсерлері ескерілмейді.

8.4.4 Өрт кезінде $l_{0,fi}$ бағананың есептік ұзындығын қалыпты температура үшін есеп бойынша l_0 тең етіп қабылдауға жол беріледі. Әлдеқайда дәл бағалау үшін қаттылығының төмендеуі салдарынан бағаналардың соңындағы сәйкес реакцияның ұлғаюын ескеруге жол беріледі. Бұл үшін осы құралдың 8.3-қосымша бөліміне сәйкес бағананың келтірілген көлденең қимасын пайдалануға жол беріледі. Бұл жағдайда бетонның келтірілген қимасының балама қаттылығы (ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, В.3.1(5)-т. сәйкес) келесі формула бойынша анықталады:

$$(EI)_z = [k_c(\theta_M)]^2 E_c I_z, \quad (8.12)$$

мұнда $k_c(\theta_M)$ – М нүктесіндегі бетон кедергісінің төмендеу коэффициенті;

E_c – қалыпты температура кезіндегі бетон серпімділігінің модулі;

I_z – келтірілген көлденең қима инерциясының моменті.

Арматураның серпімділік модулі $E_{s,0}$ болып қабылданады (осы құралдың 7.3-қосымша бөлімін қараңыз).

8.4.5 Бағаналар қималарының отқа төзімділігін бағалау бірізділігі (жалғастырғыш конструктивті жүйелерде ғана):


а) стандартты температуралық тәртіп үшін изотермалардың орналасуын анықтау (немесе өрттің параметрлік әсері үшін);

б) 20 °C, 100 °C, 200 °C, 300 °C, ..., 1100 °C температураның шамалас орташа көрсеткіштерімен аймақтарға көлденең қиманы бөлу (8.6-сурет);

в) әрбір аймақтың ортасы үшін енді w_{ij} , ауданды $A_{c,ij}$ және координаттарды x_{ij} y_{ij} анықтау;

г) арматуралық шыбықтардың температурасын анықтау;

д) әрбір арматуралық шыбық үшін және бетонның әрбір аймағы үшін деформацияның сәйкес диаграммасын пайдаланумен $N_{Ed,fi}$ үшін «қисық-момент» диаграммасын құру;




8.6-сурет – Аймақтарға бөлінген бағананың көлденең қимасы

е) Сандық әдістерді пайдаланып $N_{Ed,fi}$ үшін $M_{Rd,fi}$ қиманың шектік иілу моменті және тиісті қисықтық үшін $M_{2,fi}$ екінші қатар теориясы бойынша номинал моментті анықтау;

ж) $N_{Ed,fi}$ өрт кезінде белгіленген әсер үшін $M_{Rd,fi}$ қиманың шектік иілу моменті мен $M_{2,fi}$ екінші қатар теориясы бойынша номиналды моменті арасындағы айырмашылық ретінде $M_{0Rd,fi}$ бірінші қатар теориясы бойынша шектік моментін анықтау (8.7-суретті қараңыз);

и) өрт кезіндегі бірінші қатар теориясы бойынша $M_{0Ed,fi}$ есептік иілу моментімен $M_{0Rd,fi}$ бірінші қатар теориясы бойынша шектік моментті салыстыру.



c – қисықтыққа тәуелді коэффициент (≈ 10), ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.8 қараңыз,

$$M_{0Rd,fi} \geq M_{0Ed,fi}$$

8.7-сурет – $M_{Rd,fi}$, $M_{2,fi}$ және $M_{0Rd,fi}$ анықтау үшін «қисықтық-момент» диаграммасы


1-МЫСАЛ Аражабынның көп қуысты тақтасының есебі.

Берілді: Қима биіктігі 220 мм St800 маркалы темірбетон көп қуысты аражабын тақтасы төменгі бойлық жұмыс арматурасы ретінде 800 МПа беріктікпен термомеханикалық нығайтылған болаттан жасалған диаметрі 10 мм 3 арматуралық шыбықты қолданумен С16/20 класты бетоннан орындалған (тақтаға бетонның шығысы – 0,56 м³). Арматура 25 мм бетонның қорғаныстық қабатымен бір қатарға орналасқан. Өрт кезінде тақтаға күш әсерлерінің шамасы 11,80 кПа құрайды.

Конструкцияның отқа төзімділігін анықтау.

Есептеу:

8.8-суретте аражабын тақтасының есептік сұлбасы берілген.



8.8-сурет – Аражабын тақтасының есептік сұлбасы

Тақталарды бойлық жұмыстық арматуралау қимасының ауданы аралықты бойлай өзгермейтіндігімен байланысты, 3.3.8-т. сәйкес есеп тек орта есептік қима үшін ғана сыртқы жүктемеден иілу моментіне кедергіге жүргізілген.

Есеп 3.4.4-т. және 6.2.8-т. сәйкес, стандартты температуралық тәртіп үшін жүргізілді. 3.4.20-т. сәйкес, тақталар үшін қоршау және көтергіш конструкциялары үшін R , E , I шектік күйлері решламенттеледі.

Отқа төзімділік бойынша R шектік күй 8.1.3-т. талаптарын ескере отырып, 30; 60; 90; 120; 180; 240 минут оттың әсер ету уақытының есептік мәндері үшін бірізді анықталған. Тақтаның қызған есептік қимасы сыртқы жүктемеден иілу моменті кедергі көрсетуге қабілетті болмайтын уақыт мәні оттың әсер ету уақытының таяудағы қауіпсіз мәніне дейін дөңгелектендірілді – бұл R стандартты өрттің әсері кезіндегі көтергіш қабілетінің шегі ретінде қабылданған.

Есептік қима элементтерінің қызу температурасын анықтау үшін төменгі жақтан аражабын тақталарының біржақты жылулық қызуы қабылданған. Тақталардың бүйір беттері арқылы жылуды беру тақталық төсемде олардың жапсарлас тақталармен немесе қабырғалармен жабылуын болжауда ескерілмеді.

Аражабындар тақталары үшін E , I жай-күйі осы құралдың 10-тарауына және EN 1168 G қосымшасына сәйкес анықталды. Ені 1,2 м тақтаның тиімді қалыңдығы құрайды:

$$t_e = h \cdot \sqrt{\frac{A_c}{b \cdot h}} = h \cdot \sqrt{\frac{V_c}{L \cdot b \cdot h}} = 0,22 \times \sqrt{\frac{0,56}{4,1 \times 1,19 \times 0,22}} = 0,16 \text{ м},$$

мұнда h – тақтаның қалыңдығы, м;

A_c – бетонның көлденең қимасының ауданы, м²;

V_c – тақтаға бетонның шығысы, м³;

L – тақтаның ұзындығы, м;

b – тақтаның ені, м.

10.3-кестеге сәйкес 160 мм келтірілген қалыңдыққа EI 180 отқа төзімділік шегі сәйкес келеді.

Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $25 + 10 / 2 = 30$ мм құрайды. А.2-суретке сәйкес, стандартты от әсерінің 30 минутында оның температурасы $230\text{ }^{\circ}\text{C}$ құрайды. Бұл 0,90-ға тең $k_p(\theta)$ кернелетін арматураның сипаттамалық кедергісін төмендету коэффициентіне сәйкес келеді (термиялық нығайтылған (q&t) кернелетін арматура үшін 7.5-кесте бойынша анықталған).

Осылайша, 7.1.2-т. сәйкес, стандартты от әсерінің 30 минутында арматураның есептік кедергісі құрайды:

$$f_{pd,fi}(\theta_m) = k_p(\theta) \cdot f_{pk} = 0,90 \times 800 \times 10^6 = 720 \times 10^6 \text{ Па},$$

мұнда $k_p(\theta)$ – кернелетін арматураның сипаттамалық кедергісінің төмендеу коэффициенті;
 f_{pk} – кернелетін арматураның созылуына беріктік шегінің сипаттамалық мәні, Па.

А.2-суретке сәйкес, стандартты от әсерінің 30 минутына қарай бетонның жоғарғы қысылған бөлігінің температурасы $50\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тан аспайды. 7.2-кестеге сәйкес көрсетілген температура кезіндегі бетонның беріктігі өзгермейді:

$$f_{cd,fi} = k_{\theta} \cdot f_{ck} = 1,0 \times 16 \times 10^6 = 16 \times 10^6 \text{ Па},$$

мұнда $f_{cd,fi}$ – өрт кезіндегі бетонның есептік кедергісі, Па;
 k_{θ} – бетонның сипаттамалық кедергісінің төмендеу коэффициенті;
 f_{ck} – бетонның сипаттамалық кедергісі, Па.

8.2.4-т. сәйкес тепе-теңдік шартынан шығара келе тиімді қысылған қима аймағының биіктігі:

$$\lambda x = \frac{n \cdot A_{s1} \cdot f_{pd,fi}(\theta_m)}{b_{fi} \cdot \eta \cdot f_{cd,fi}(20)} = \frac{3 \times 78,5 \times 10^{-6} \times 720 \times 10^6}{1,19 \times 1,0 \times 16 \times 10^6} = 0,009 \text{ м},$$

мұнда n – созылған аймақтағы арматуралық шыбықтардың саны;
 A_{s1} – созылған бір шыбық қимасының ауданы, м^2 ;
 λ – қиманың сығылған аймағының тиімді биіктігінің коэффициенті;
 x – бетонның шартты сығылған аймағының биіктігі, м;
 b – бетонның шартты сығылған аймағының ені, м;
 η – тиімді беріктік коэффициенті.

Стандартты оттың әсер етуінің 30 минут уақытына қарай есептік қиманың беріктігі (ішкі тең күштің иілу моментін) құрайды:

$$M_{Rd,fi} = n \cdot A_{s1} \cdot f_{sd,fi} \cdot (d_{fi} - 0,5 \lambda x) = 3 \times 78,5 \times 10^{-6} \times \\ \times 720 \times 10^6 \times (0,19 - 0,5 \times 0,009) = 31,45 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

мұнда d_{fi} – өрт кезіндегі көлденең қиманың есептік биіктігі, м.

Тақтаға түсетін есептік жүктеме шартқа сәйкес 11,80 кПа құрайды. Бұл қиманың ортасындағы сыртқы иілу моментіне барабар:

$$M_{\text{Ed,fi}} = \frac{q \cdot L^2}{8} = \frac{Q \cdot b \cdot L^2}{8} = \frac{11,80 \times 10^3 \times 1,190 \times 4,1^2}{8} = 29,51 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

мұнда q – ұзындық жүктеме, Н/м;

L – тақтаның есептік аралығы, м;

Q – таралған жүктеме, Н/м².

3.4.18-т. сәйкес стандартты от әсерінің 30 минуты үшін беріктік шарты:

$$M_{\text{Rd,fi}} = 31,45 \text{ кН} \cdot \text{м} > M_{\text{ed,fi}} = 29,51 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$


Беріктік шарты орындалады, демек, қабылданған есептік жүктеме үшін стандартты оттың әсер етуінің 30 минутында қима беріктігі таусылған жоқ.

Қалған уақыт мәндері үшін есеп осы секілді және 8.2-кестеде берілген.

8.2-кестеде берілген деректерден шығара келе, 11,80 кПа өрт кезінде (пайдалыға сәйкес келуі – 7,85 кПа) аражабын плитасын отқа төзімділік шегіне R 30 жатқызу керек. Стандартты от әсері кезінде тақтаның көтергіш қабілетін төмендету кестесі (3,95 кПа болып қабылданған тақтаның меншікті салмағынан есептік жүктемені шегеріп, пайдалы жүктеме үшін) 8.9-суретте берілген. Есептік пайдалы жүктеме мәні төмендеген кезде отқа төзімділік шегінің мәні R 75 дейін ұлғаюы мүмкіндігі анық.

8.2-кесте – Плиталар үшін есептердің нәтижелері

Уақыт, мин	θ , °C	$k_p(\theta)$	$f_{\text{pd,fi}}$, кПа	λx , м	$M_{\text{Rd,fi}}$, кН·м
0	20	1,00	800	0,010	34,88
30	230	0,90	722	0,009	31,55
60	400	0,69	552	0,007	24,27
90	500	0,26	208	0,003	9,25
120	570	0,23	180	0,002	8,01
180	680	0,16	130	0,002	5,78
240	750	0,12	96	0,001	4,28



8.2-сурет – Пайдалы есептік жүктеме мәніне байланысты аражабын плитасының отқа төзімділік шегі

Қорытынды: Толық есептік жүктеме кезінде плитаның отқа төзімділік шегі R_{30} құрайды.

2-МЫСАЛ Темірбетон бағанасының есебі.

Берілді. 300×300 мм қимасымен қатты бекітілген бағана, бағананың ұзындығы $l = 3600$ мм, С35/45 [f_{ck} класты бетон = 35 МПа], гранитті (силикатты) тұтқыр, қима ауданы $A_s = 12,56 \times 10^{-4} \text{ м}^2$ болатын А400с [$f_{yk} = 400$ МПа] класты ыстықтай тапталған арматура (диаметрі 20 мм 4 шыбық), арматура қима бұрыштарында орналасқан, бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы $c_{cov} = 40$ мм. Бағана 2000 кН осьтік жүктемені және бағананың жоғарғы және төменгі жағындағы 10 кН·м әртүрлі бағытталған иілу моменттерді қабылдайды.

Стандартты өрттің әсер етуі кезіндегі R көтеру қабілетінің шегін анықтау.

Есеп:

3.4.20-т. сәйкес, бағана үшін тек R шектік күй ғана регламенттеледі.

Есеп стандартты температуралық режимнің 30, 60, 90, 120 минуттық уақыт мәндері үшін жүргізіледі. Есептік ретінде 8.2-қосымша бөліміне сәйкес «500 °C изотерма» әдісі пайдаланылады.

Есептің жылу техникалық бөлімі А.11-А.15-суреттері бойынша орындалған. Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $40 + 20 / 2 = 50$ мм құрайды. Қызу кезінде арматураның беріктігін төмендету 7.4-кесте бойынша ыстықтай тапталған арматура үшін анықталған. Критикалық температураға дейін қызған бетонның қалыңдығын анықтау кезінде А.15-суретінің деректері пайдаланылды, бұл жағдайда бағананың бір жақты басымдылықпен қызуы үшін (симметрия осін бойлай) қалыңдық – $l_{d,cr1}$, және бұрыштық бөліктерді екі жақты қыздыруды есепке алу үшін балама қалыңдық – $l_{d,cr2}$ анықталды. Бұл жағдайда балама қалыңдық ретінде дөңгелектенген учаске шегінде (есептеуді жеңілдету үшін) шамамен аудан бойынша тең квадрат жағы қабылданды (A_2 ауданымен):

$$A_{\text{red}} = A_c - 4 \cdot A_2 - 4A_1 = A_c - 4 \cdot l_{d,\text{cr}2}^2 - 4(b - 2 \cdot l_{d,\text{cr}2}) \cdot l_{d,\text{cr}1}.$$

Жалпы келтірілген қима үшін сонымен қатар келесі формула бойынша b_{fi} бағананың келтірілген ені анықталды:

$$b_{\text{fi}} = \sqrt{A_{\text{red}}}.$$

Жылу техникалық есептің нәтижелері 8.3-кестеде келтірілген.

8.3-кесте – Жылу техникалық есептің деректері

Уақыт, t , мин	Арматура			Бетон					
	θ , °C	$k_s(\theta)$	$E_s(\theta)/E_s$	$l_{d,\text{cr}1}$, м	$l_{d,\text{cr}2}$, м	A_1 , м ²	A_2 , м ²	A_{red} , м ²	b_{fi} , м
30	190	1,00	1,00	0,010	0,040	0,009	0,006	0,075	0,273
60	400	1,00	0,91	0,022	0,055	0,017	0,012	0,061	0,247
90	530	0,70	0,70	0,030	0,070	0,019	0,020	0,051	0,226
120	620	0,40	0,51	0,040	0,090	0,019	0,032	0,038	0,196

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.7-суретке сәйкес, бағананың есептік ұзындығы келесідей қабылдануы мүмкін:

$$l_0 = \frac{l}{2} = \frac{3,6}{2} = 1,8 \text{ м}.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.14) Формуласына сәйкес өрттің 60 минут уақытында бағананың икемдігі:

$$\lambda_{\text{fi}}(60) = \frac{l_0}{\sqrt{\frac{b_{\text{fi}}^4/12}{A_{\text{red}}}}} = \frac{\sqrt{12} \cdot l_0}{b_{\text{fi}}} = \frac{\sqrt{12} \times 1,8}{0,247} = 25,21.$$

Екінші қатардағы әсерлерді бағалау үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.8.3.1(1)Р-т. сәйкес икемділік өлшемдері тексеріледі:

$$\lambda_{\text{lim}} = \frac{20 \cdot A \cdot B \cdot C}{n^{0,5}} = \frac{20 \times 0,7 \times 1,21 \times 0,7}{0,93^{0,5}} = 12,29,$$

мұнда

$$B = \sqrt{1 + 2\omega} = \sqrt{1 + 2\omega} = \sqrt{1 + 2 \frac{A_s \cdot f_{y,d,\text{fi}}}{A_{\text{red}} \cdot f_{c,d,\text{fi}}(20)}} = \sqrt{1 + 2 \frac{12,56 \times 10^{-4} \times 400 \times 10^6 \times 1,0}{0,061 \times 35 \times 10^6}} = 1,21$$

ω – арматуралаудың механикалық коэффициенті;

$$C = 1,7 - r_m = 1,7 - \frac{M_{01}}{M_{02}} = 1,7 - \frac{10 \times 10^3}{10 \times 10^3} = 0,70,$$

M_{01}, M_{02} - бірінші қатардағы әсерлерді ескерумен элементтің соңындағы моменттер;

$$n_{fi}(60) = \frac{N_{Ed}}{A_{red} \cdot f_{ck,fi}(20)} = \frac{2000 \times 10^3}{0,061 \times 35 \times 10^6} = 0,93,$$

n – салыстырмалы бойлық күш салу;

Иілімділік шарты келесі түрге ие:

$$\lambda_{lim} = 12,29 < \lambda_{fi}(60) = 25,21,$$

және бағананың иілімді болып табылатындығын куәландырады – екінші қатардағы әсерлерді (қисықтықты) ескеру қажет.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.8.8.2-т. сәйкес, екінші қатардағы әсерлерді ескерумен момент келтірілген мәндердің ішіндегі көбірек мәнді қабылдайды:

$$M_{Ed} = \max[M_{02}'; M_{0Ed} + M_2; M_{01} + 0,5M_2] = \max[40; 30,15; 20,08] = 40 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

мұнда

$$M_{02}' = \max[M_{02} + N_{Ed} \cdot e_1; N_{Ed} \cdot e_0],$$

N_{Ed} – бойлық күш салудың есептік мәні;

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.2(7)-т. сәйкес, $e_1 = l_0 / 400$; $e_0 = 20 \text{ мм}$.

$$M_{02}' = \max\left[10 \times 10^3 + 2000 \times 10^3 \times \frac{1,8}{400}; 2000 \times 10^3 \times 0,02\right] = \max[19000; 40000] = 40 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.8.8.2(2)-т., 5.8.8.3(1)-т. сәйкес:

$$M_{0Ed} + M_2 = 10 + 20,15 = 30,15 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

M_{0Ed} – жетілмегендік ықпалын қосқанда, бірінші қатардағы әсерлерді ескерумен момент;

M_2 – екінші қатардағы әсерлерді ескерумен номиналды момент.

$$M_{01} + 0,5 \cdot M_2 = 10 + 0,5 \times 20,15 = 20,08 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$\begin{aligned} M_{0Ed} &= \max[0,6 \cdot M_{02} + 0,4 \cdot M_{01}; 0,4 \cdot M_{02}] = \max[0,6 \times 10 \times 10^3 + 0,4 \times 10 \times 10^3; 0,4 \times 10 \times 10^3] = \\ &= \max[10000; 4000] = 10 \text{ кН} \cdot \text{м}, \end{aligned}$$

$$M_2 = N_{Ed} \cdot e_2 = N_{Ed} \cdot \left(\frac{1}{r} \right) \cdot \frac{l_0^2}{10} = 2000 \times 10^3 \times 0,031 \times \frac{1,8^2}{10} = 20,15 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

e_2 – қисықтықпен анықталатын ауысу;

l/r – қисықтық;

l_0 – есептік ұзындық;

мұнда

$$\begin{aligned} \left(\frac{1}{r} \right) &= K_v \cdot K_\varphi \cdot \left(\frac{f_{yd,fi}(60)}{E_{s,fi}(60) \cdot 0,45d_s} \right) = \frac{n_{u,fi}(60) - n_{fi}(60)}{n_{u,fi}(60) - n_{bal}} \cdot (1 + \beta \varphi_{ef}) \cdot \left(\frac{f_{yd,fi}(60)}{E_{s,fi}(60) \cdot 0,45d_s} \right) = \\ &= \frac{1,23 - 0,93}{1,23 - 0,4} \times (1 + 0,36 \times 2,0) \times \left(\frac{400 \times 10^6}{200 \times 10^9 \times 0,7 \times 0,45 \times (0,300 - 0,050)} \right) = \\ &= 0,69 \times 1,77 \times 0,025 = 0,031, \end{aligned}$$

K_v – бойлық жүктемеге байланысты түзетуші коэффициент;

K_φ – сырғу ықпалын ескеретін коэффициент.

мұнда

$$\begin{aligned} n_{u,fi}(60) &= 1 + \omega = 1 + \frac{A_s \cdot f_{yd,fi}}{A_{red} \cdot f_{cd,fi}(20)} = 1 + \frac{12,56 \cdot 10^{-4} \times 400 \times 10^6 \times 1,0}{0,061 \times 35 \times 10^6} = 1,23, \\ \beta &= 0,35 + \frac{f_{ck,fi}(60)}{200} - \frac{\lambda_{fi}(60)}{150} = 0,35 + \frac{35}{200} - \frac{25,21}{150} = 0,36. \end{aligned}$$

8.2.4 –т. сәйкес тепе-теңдік шартынан шығара келе қиманың тиімді сығылған аймағының биіктігі:

$$\lambda x = \frac{n \cdot A_{s1} \cdot f_{yd,fi}(\theta_m)}{b_{fi} \cdot \eta \cdot f_{cd,fi}(20)} = \frac{0,5 \times 12,56 \times 10^{-4} \times 400 \times 10^6}{0,247 \times 1,0 \times 35 \times 10^6} = 0,029 \text{ м}.$$

Стандартты от әсерінің 60 минутына қарай есептік қиманың беріктігі (ішкі тең күштің иілу моменті) құрайды:

$$\begin{aligned} M_{Rd,fi} &= n \cdot A_{s1} \cdot f_{sd,fi} \cdot (d_{fi} - 0,5\lambda x) = 3 \times 78,5 \times 10^{-6} \times \\ &\times 720 \times 10^6 \times (0,19 - 0,5 \times 0,009) = 58,49 \text{ кН} \cdot \text{м}, \end{aligned}$$

Статикалық техникалық есептің нәтижелері 8.4-кестеде келтірілген.

8.4-кесте – Статикалық есеп деректері


Уақыт, t , мин	λ_{fi}	λ_{lim}	M_{02}' , кН·м	M_2 , кН·м	λ_x	$M_{Rd,fi}$, кН·м
30	22,80	13,19	40,0	19,09	0,026	65,41
60	25,21	12,29		18,40	0,029	58,49
90	27,56	10,95		5,40	0,022	37,84
120	31,82	9,16		-30,22	0,015	18,95

8.4-кестенің деректерінен шығара келе, екінші қатардағы әсерлерден максималды моменті стандартты температуралық режимнің 60...90 минут ауқымында қызған қиманың есептік беріктігінен асады. Бағананың отқа төзімділік шегі R60 болып қабылдануы мүмкін.

8 ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

9.1 Есептеудің жалпы әдістері өрт кезіндегі конструктивті жүйелердің әлдеқайда толық талдауын қамтамасыз етеді. Әдетте, есептеудің жалпы әдістері САД (САПР) немесе САЕ және түпкілікті элементтік модельдеу әдістерін пайдаланумен жүзеге асырылады. Әдетте есептеудің жалпы әдістерінің дәлдігі компьютердің есептеу қуаттылығымен және модельдің нақтылығымен ғана шектелген.

9.2 Әдістің мәні келесіге негізделеді: қарастырылып отырған дене элементарлы геометриялық формалардың қатарына бөлінеді, оның шегінде температураны (кернеуді) өзгерту заңы сызықтық дәлдігінің белгілі дәрежесімен қабылдануы мүмкін. Элементарлы көлем ретінде Δx , Δy , Δz тараптарымен параллелепипедті қабылдау мақсатқа сай. Кез келген дененің контурлары белгілі бір дәлдік дәрежесінде элементарлы параллелепипедтердің сериясымен сипатталуы мүмкін. Бөлу жазықтықтарының қиылысу орындары, яғни параллелепипедтердің бұрыштары есептік нүктелер болып табылады. Есептік нүктелердегі температуралар (кернеулер) уақытты және орынды сипаттайтын индекстермен белгіленеді. Мысалы, есептік нүкте температурасы осы уақыт моментінде (9.1-суретте) t болып белгіленген. Δx , Δy , Δz арақашықтықта орналасқан көрші нүктелердегі температуралар сәйкесінше $t_{x+\Delta x}$, $t_{y+\Delta y}$, $t_{z+\Delta z}$ соң белгіленеді. Келесі уақыт моментінде есептік нүкте температурасы, яғни Δt уақыт аралығынан кейін, $t_{t+\Delta t}$ болып белгіленеді. Температуралардың (кернеулердің) бастапқы бөлінісі берілген болып табылады, яғни $\tau = 0$ уақыт моментінде барлық есептік нүктелер үшін t шамасы белгілі.



9.1-сурет – Түпкілікті-элементті әдіспен есептеу сұлбасы

9.3 Есептеудің жалпы әдістерін пайдалану үшін келесілерді анықтау үшін есептік модельдерді тұжырымдау және әзірлеу қажет:

- конструкциялардағы температураның өсуі және таралуы (жылу техникалық есеп);
- конструктивті жүйенің немесе оның кез келген бөлігінің механикалық жұмысы (кернеулердің және деформациялардың өсімі және таралуы (статикалық есеп)).

9.4 Есептеудің жалпы әдістері температуралардың сәйкес диапазоны және қызу тәртібі үшін материалдардың сипаттамалары белгілі болуы шартында кез келген температуралық режимдермен қолданылады.

9.5 Жылу техникалық есептің жалпы әдістерінде келесі ұстанымдарды және жылу өткізгіштік теориясының жорамалдарын пайдалану керек:

– уақыт бойынша өрт температурасының өзгеруі конструкцияның стационарлы емес қызуына әкеледі, жылу техникалық сипаттамалардың ешқандай орташалануы стационарлы жылу өткізгіштік әдістерімен жылу техникалық міндеттің шешімін алуға рұқсат бермейді;


– жайпақ жазық темірбетон конструкциялар үшін конструкция арқылы бір өлшемді жылу ағынының есебіне жол беріледі, бүйірлік беттер арқылы жылудың жоғалуын ескермеуге болады;

– арматуралық элементтер үшін температураның көлем бойынша біркелкі бөлінісіне жол беріледі, демек арматура мен бетон арасындағы ілінісу күштерін есепке алу кезінде арматура сызықтық (қалыңдыққа ие емес) элемент ретінде қабылдануы мүмкін;

– болған жағдайда, бетондағы немесе қорғаныстық қабаттардағы ылғал мөлшерінің және қозғалысының ықпалын елемеуге жол беріледі;

– темірбетон конструкциялардағы температуралық пішіндерді арматураның ықпалын ескерусіз анықтауға жол беріледі.

Жалпы әдістермен жазық қима темірбетон тақтасының температурасын есептеу мысалы 9.2-суретте көрсетілген. Суретте ANSYS автоматтандырылғын жобалау жүйесін (АЖЖ) қолдану арқылы жалпы тәсілмен есептеу нәтижесі көрсетілген. Есепке өлшемдері $100 \times 100 \times 120$ мм (120 мм тегіс немесе 220 мм көпкеуекті темірбетонның қалыңдығына тең) призма қабылданған. Өрт кезінде тақталарға жылудың бірқалыпты ағыны тән, сондықтан температура тек қиылысу биіктігінде ғана өзгереді, барлық тақталарды есептеу және есептеу жүйелерінің ресурстарын үнемдеу үшін шағын кесікті алу жеткілікті.



9.2-сурет – Есептеудің жалпы әдістемесін пайдаланумен қиманың қызуын есепке алу мысалы

9.6 Статикалық есептің жалпы әдістерінде қызған кездегі материалдардың механикалық сипаттамаларының өзгерісін ескере отырып, құрылыс механикасының келесі ұстанымдарын және болжамдарын пайдалану керек:

- сызатты бетонның жұмысын есепке алу үшін бетонның деформациялану диаграммасы төмен түсетін тармақты қамтуы тиіс;
- температуралардың өсуінен, сондай-ақ құбылуынан туындаған кернеулерді және температуралық деформацияларды ескеру қажет;
- есеппен алынатын шектік күйдегі деформацияларды конструктивті жүйенің кеңістікті қаттылығын қамтамасыз ету үшін қажет дәрежеде шектеу керек;
- статикалық есеп геометриялық сызықсыздықты ескере алады;
- қызу кезінде темірбетон қималардың шектік бұрылу бұрыштары иілімді деформация кезінде ε_{cu} және ε_{su} мәндерінің ұлғаюын ескере отырып бағаланады. ε_{cu} үшін сонымен қатар қарастырылған жанама арматуралаудың ықпалы ескеріледі.

9.7 ε жалпы деформациясы ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (4.15) Формула бойынша анықталады:

$$\varepsilon = \varepsilon_{th} + \varepsilon_{\sigma} + \varepsilon_{creep} + \varepsilon_{tr}, \quad (9.1)$$

мұнда ε_{th} – температуралық деформация;

ε_{σ} – кернеуге тәуелді деформация;

ε_{creep} – жылжудың деформациясы;

ε_{tr} – қысқа мерзімді деформация.

9.8 Өрттің әсеріне ұшырайтын қимадағы бетонның қысылған аймағы бетонның қорғаныстық қабатын сақтау және бұзылудың алдын алу бойынша ерекше талаптарды ескере отырып есептелуі және құрастырылуы тиіс.

9.9 Қоршау конструкцияларын тиісті тіректі жоғалтудың салдарынан олардың бұзылу ықтималдығының алдын алуды ескере отырып есептеу және құрастыру керек.

9.10 Есептің жалпы әдістемесін анықтау үшін сынақтардың тиісті нәтижелерінің негізінде дәлдікті тексеру керек.

9.11 Көтергіш қабілетін және басқа тән белгілерді анықтауды осы құралдың 3.3.3, 3.3.4-т.т. келтірілген өлшемдерге сәйкес жүргізу керек.

9 КЕСТЕЛІК ДЕРЕКТЕР

10.1 Қағидалар және ережелер

10.1.1 Кестелік деректер өрт кезінде конструкция (қауіпсіздіктің қабылданған коэффициенттерін және жүктемелер комбинациясын ескере отырып) бастапқы көтергіш қабілетінен η_R (0,70) аспайтындай жүктелуін, демек жұмыс арматурасындағы кернеулер ағушылық шегінің туындау кернеулерінен $k_0 = \eta_R$ (0,70) аспайтындығын болжауға негізделген жеңілдетілген есептеу әдістемесінің жеке жағдайы болып табылады. Арматурада максималды ықтимал кернеулер әрекет ететіндігін шамалап (7.4 және 7.5-кестелерді қараңыз), R көтергіш қабілетінің шегі ағушылық шегі максималды мүмкін болатын кернеулердің мәніне дейін төмендейтін температураға жету уақыты бойынша анықталуы мүмкін. 7.4 және 7.5-кестелерге сәйкес, бұл температуралар 300...600 °C шегінде болады.

Ескертпе – $\eta_R = 0,70$ мәні осы құралдың 6.1.31 тармағына сәйкес келтірілген. Әлдеқайда толығырақ мәнді (6.11)-(6.12б) Формулалар бойынша анықтау керек.

10.1.2 Кестелік деректерді қолдану облысы:

– кестелік деректерде тек стандартты өрттің әсер етуіне арналған мәндер келтірілген, кестелік деректер өрт әсерлерінің басқа түрлері үшін қолданылмайды (осы құралдың 3.4 қараңыз);

– стандартты өрттің шамаланатын әсерінің ұзақтығы 240 мин аспауы тиіс (сәйкесінше, кестелік деректер бойынша анықталған R көтергіш функциясының шегі 4 сағатпен шектелген);

– кестелік деректер силикатты толтырғышпен қалыпты тығыздықтағы (2000 бастап 2600 кг/м³ дейін) бетон үшін қолданылады;

– кестелік деректер $\eta_R = 0,7$ коэффициенті үшін анықталған, бұл S500 класты ыстықтай тапталған арматура үшін $\theta_{cr} = 500$ °C критикалық температура мәніне сәйкес келеді;

– бағаналар үшін кестелік деректер жалғастырғыш конструктивті жүйелер үшін ғана қолданылады.

10.1.3 Кестелік деректерді пайдаланған кезде талап етілмейді:

– кесілуге және бұралуға кедергіні, сонымен қатар анкерлеуді қосымша тексеруді жүргізу;

– қорғаныстық қабаттың арматуралануын қоспағанда, бұзылуға әрі қарай тексеруді жүргізу;

10.1.4 Кестелік деректерді (еркін сүйемелденген конструкциялардың созылған аймағында арматураның осіне дейінгі арақашықтық – 5.5, 5.6 және 5.9-кестелер) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.2) Формуласына сәйкес келетін (10.2) Формуланың негізінде 7.4, 7.5-кестеден анықталған критикалық температураны ескере отырып, ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.3) Формуласына сәйкес (10.1) Формула бойынша нақтылауға болады.

$$\Delta a = 0,1 \cdot (500 - \theta_{cr}), \quad (10.1)$$

мұнда Δa – арматураның осіне дейінгі арақашықтық өзгерісі, мм.

$$k_{s(p)}(\theta_{cr}) = \frac{E_{d,fi}}{E_d} \cdot \frac{A_{s,req}}{A_{s,prov} \cdot \gamma_s}, \quad (10.2)$$

мұнда γ_s – арматура бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 2.1N-кестені қараңыз);

$A_{s,req}$ – ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес шектік күймен анықталатын арматураның ауданы;

$A_{s,prov}$ – арматураның іс жүзіндегі ауданы;

$E_{d,fi}/E_d$ – ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.4.2) сәйкес анықталған әсерлер нәтижелерінің қатынасы.

10.1.5 Кестелік деректер пайдаланылуы мүмкін:

– Арқалықтардың және тақталардың көлденең қимасының минималды өлшемдерін 10 %-ға азайтумен – карбонатты немесе жеңіл толтырғышты бетон үшін;

– арматураның осіне дейінгі талап етілетін арақашықтықты 10 мм-ге ұлғайтумен – термиялық нығайтылған алдын ала кернеуленген шыбықтар үшін ($q \& t$) ($\theta_{cr} = 400^\circ\text{C}$ сәйкес келеді);

– арматураның осіне дейін талап етілетін арақашықтықты 15 мм-ге ұлғайтумен – суық тапталған сымдар және арқандар үшін ($c \& w$) ($\theta_{cr} = 350^\circ\text{C}$ сәйкес келеді);

10.1.6 (10.1) Формуласы $350^\circ\text{C} < \theta_{cr} < 700^\circ\text{C}$ температуралардың диапазоны үшін қолданылады. Көрсетілген диапазоннан тыс температураның мәндері үшін және әлдеқайда нақты нәтижелерді алу үшін жалпы әдістермен жылу техникалық есепті немесе температуралық пішіндерді пайдалану қажет.

10.1.7 Арқалықтар үшін критикалық температура өзгерген кезде созылған элементтің немесе арқалықтың созылған аймағының минималды енін мм-де ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.4) Формула бойынша өзгерту керек:


$$b_{mod} \geq b_{min} + 0,8 \cdot (400 - \theta_{cr}), \quad (10.3)$$

мұнда b_{\min} – талап етілетін отқа төзімділікке арналған кестелерде келтірілген b минималды өлшем.

10.1.8 Кестелерде жобалау ережелеріне қосымша отқа төзімділікті қамтамасыз ету үшін конструкциялардың минималды өлшемдері келтірілген. Арматураның осіне дейінгі арақашықтықтардың кейбір кестелік мәндері (25 мм-ден кем) талап етілетін пайдаланушылық жарамдылықтан төмен, оларды тек интерполяция үшін ғана қолдану керек.

10.1.9 Кестелік деректерде келтірілген мәндер бойынша сызықтық интерполяцияға жол беріледі.

10.1.10 Кестелерде пайдаланылатын конструкциялар қималарының геометриялық сипаттамалары 10.1-суретте келтірілген.



10.1-сурет – Конструктивті элементтердің қималары

10.1.11 Арматураның осіне дейінгі арақашықтықтың мәндері, шыбықтар, арқандар және сымдар үшін номиналды өлшемдер болып табылады. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (4.4.1) көрсетілген қосымша болжамдарды қадағалау талап етілмейді.

10.1.12 Егер арматура 10.2-суретте көрсетілгендей бірнеше қатарға орналасатын болса және (немесе) f_{yk} және f_{pk} сипаттамалық кедергілермен кернелмейтін және кернелетін арматурадан тұратын болса, онда ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.5) Формуласы бойынша анықталған a_m арматураның осіне дейінгі келтірілген арақашықтық кестелерде көрсетілгеннен кем болмауы тиіс.


$$a_m = \frac{A_{s1}a_1 + A_{s2}a_2 + \dots + A_{sn}a_n}{A_{s1} + A_{s2} + \dots + A_{sn}} = \frac{\sum A_{si}a_i}{\sum A_{si}}, \quad (10.4)$$

мұнда A_{si} – i шыбықтың (арқанның, сымның) көлденең қимасының ауданы;

a_i – өрт кезінде қызатын жақын беттен шыбықтың (арқанның, сымның) осіне дейінгі арақашықтық.

Егер әртүрлі сипаттамалық кедергімен арматура қолданылған болса, онда (10.4) Формуласында A_{si} –ні $A_{si}f_{yki}$ (немесе $A_{si}f_{pki}$) етіп ауыстыру қажет.

10.1.13 Егер кернелмейтін және кернелетін арматура бір мезгілде қолданылатын болса (мысалы, ішінара алдын ала кернеулі элементте), онда кернелмейтін және кернелетін арматураның осіне дейінгі арақашықтықты бір мезгілде анықтау керек.



10.2-сурет – Арматураның осіне дейінгі a_m орташа арақашықтықты есептеу арналған өлшемдер

10.1.14 Әрбір жеке шыбық арматурасының осіне дейінгі минималды арақашықтық a_i келесіден кем болмауы тиіс:

- $R 30$ үшін кестелерде келтірілген a мәні – бір қатарға арматуралау кезінде;
- (10.5) Формула бойынша анықталатын a_m орташа арақашықтықтың жартысы – көп қатарлы арматуралау кезінде.

10.2 Бағаналар

10.2.1 Бағананың икемділігіне байланысты, оның отқа төзімділігін бағалау А және В әдістерінің бірімен жүргізіледі.

10.2.2 А әдісін қолдану облысы:

– $l_{0,fi} \leq 3$ м өрт кезінде бағананың есептік ұзындығы (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5- тарауын қараңыз);

– $e = M_{0Ed,fi}/N_{0Ed,fi} \leq e_{max} = 0,15h$ өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет;

– арматуралау $A_s < 0,04A_c$.

Ескертпе – талап етілетін отқа төзімділік 30 мин асатын жалғастырғыш конструктивті жүйелер үшін есептік ұзындықты қабылдауға жол беріледі:

$l_{0,fi} = 0,5l$ – аралық қабаттар үшін;

$0,5l \leq l_{0,fi} \leq 0,7l$ – жоғарғы қабат үшін,

мұнда l – бағананың іс жүзіндегі ұзындығы.

10.2.3 В әдісін қолдану облысы:

– бағана қимасының ені 600 мм дейін;

– $e/b \leq 0,25$ өрт кезінде минималды енге бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет қатынасы;

– $e_{max} = 100$ мм өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша максималды эксцентриситет;

– $\lambda = 80$ дейінгі бағананың иілімдігі.

10.2.4 Егер конструкцияның параметрлері 10.1-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса (А әдісі), негізінен қысылуға жұмыс істейтін темірбетон бағаналарының отқа

тұрақтылығы жалғастырғыш конструктивті жүйелерде қамтамасыз етілген болып саналады (ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011, 5.2а-кестеге сәйкес келеді).

10.2.5 μ_{fi} өрт кезінде көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.6) Формула бойынша анықталады:

$$\mu_{fi} = N_{Ed,fi} / N_{Rd}, \quad (10.5)$$

мұнда $N_{Ed,fi}$ – өрт кезіндегі есептік бойлық салынған күш;

N_{Rd} – қалыпты температура кезіндегі бағананың есептік көтергіш қабілеті;

N_{Rd} екінші қатар және бастапқы эксцентриситет теориясы бойынша $N_{Ed,fi}$ эксцентриситетімен жиынтықталатын әсерлерді ескере отырып, қалыпты температура үшін γ_M қабылдап анықталады.

Ескертпе – ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (2.4.2) сәйкес, μ_{fi} орнына η_{fi} қабылдауға жол беріледі.

10.2.6 Отқа төзімділік шектерінің басқа мәндері ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.7) Формуласы бойынша анықталады:

$$R = 120 \cdot \left(\frac{R_{nfi} + R_a + R_I + R_b + R_n}{120} \right)^{1,8}; \quad (10.7)$$

$$\text{мұнда } R_{nfi} = 83 \cdot \left[1 - \mu_{fi} \frac{(1 + \omega)}{\left(\frac{0,85}{\alpha_{cc}} \right) + \omega} \right];$$

$$R_a = 1,6 \cdot (a - 30);$$

$$R_I = 9,6 \cdot (5 - l_{0,fi});$$

$$R_b = 0,09b';$$

$$R_n = 0 \text{ егер } n = 4 \text{ болса (тек бұрыштық шыбықтар);}$$

$$R_n = 12 \text{ егер } n > 4 \text{ болса;}$$

$$a - \text{бойлық арматураның осіне дейінгі арақашықтық, мм, } 25 \leq a \leq 80;$$

$$l_{0,fi} - \text{өрт кезіндегі бағананың есептік ұзындығы, м, } 2 \leq l_{0,fi} \leq 6. \text{ Егер } l_{0,fi} < 2 \text{ м болса, } l_{0,fi} = 2 \text{ м қабылдау керек;}$$

$$b' - \text{есептік өлшем, мм, } 200 \leq b' \leq 450, h \leq 1,5b;$$

$$b' = 2A_c / (b + h) - \text{тікбұрышты қима үшін;}$$

$$b' = d_{col} \text{ (диаметр) - дөңгелек қима үшін;}$$

$$\alpha_{cc} - \text{жүктеменің ұзақ әсерін және оның жүктелуінің жағымсыз тәсілін ескеретін коэффициент (0,85);}$$

$$\omega - \text{қалыпты температура кезіндегі арматуралау коэффициенті;}$$

$$\omega = \frac{A_s f_{yd}}{A_c f_{cd}}.$$

10.1-кесте – А Әдісі бойынша тікбұрышты және дөңгелек қималы бағаналар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм (бағананың ені b_{min} /арматура осіне дейінгі арақашықтық a)			
	Бір жағынан аса қызу			Бір жағынан қызу
	$\mu_{fi} = 0,2$	$\mu_{fi} = 0,5$	$\mu_{fi} = 0,7$	$\mu_{fi} = 0,7$
1	2	3	4	5
$R\ 30$	200/25	200/25	200/32 300/27	155/25
$R\ 60$	200/25	200/36 300/31	250/46 350/40	155/25
$R\ 90$	200/31 300/25	300/45 400/38	350/53 450/40**	155/25
$R\ 120$	250/40 350/35	350/45** 450/40**	350/57** 450/51**	175/35
$R\ 180$	350/45**	350/63**	450/70**	230/55
$R\ 240$	350/61**	450/75**		295/70
** кем дегенде сегіз шыбық.				

10.2.7 Егер конструкцияның параметрлері 10.2-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса және келесі ережелер қадағаланатын болса, темірбетон бағаналардың отқа төзімділігі қамтамасыз етілген болып саналады. Қосымша деректер Б қосымшасында келтірілген.

10.2.8 10.2-кесте келесі шарттарды қадағалау кезінде жалғастырғыш конструктивті жүйелерде бағаналар үшін қолданылады:

– қалыпты температура кезіндегі n жүктеме деңгейі (осы құралдың 6.1.30-т. қараңыз)
ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.8a) Формула бойынша анықталады:

$$n = \frac{N_{0Ed,fi}}{0,7 \cdot (A_c f_{cd} + A_s f_{yd})}, \quad (10.8a)$$

– өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет
ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.8b) Формула бойынша анықталады:

$$e = \frac{M_{0Ed,fi}}{N_{0Ed,fi}}, \quad (10.8b)$$

– өрт кезінде бағаналардың иілімділігі ($\lambda_{fi} \leq 30$) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.8с) Формула бойынша анықталады

$$\lambda_{fi} = l_{0,fi} / i, \quad (10.8b)$$

мұнда $l_{0,fi}$ – өрт кезінде бағаналардың есептік ұзындығы;

b – көлденең қиманың минималды өлшемі (диаметр – дөңгелек қима кезінде);

$N_{0Ed,fi}$ – өрт кезіндегі бойлық күш салу;

$M_{0Ed,fi}$ – өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша иілу моменті;

i – инерцияның минималды радиусы;

ω – қалыпты температура кезіндегі арматуралау коэффициенті:

$$\omega = \frac{A_s f_{yd}}{A_c f_{cd}}.$$

$30 > \lambda_{fi} \leq 80$ бағаналар иілімділігі үшін Б қосымшасының кестелерін пайдалану керек.

10.2.9 Егер конструкцияның параметрлері 10.2-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса (В әдісі) жалғаспалы конструктивті жүйелерде қысылуға және майысуға жұмыс істейтін темірбетон бағаналардың отқа төзімділігі қамтамасыз етілген болып саналады (ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 5.2b-кестеге сәйкес келеді).

10.2.10 Отқа төзімділікті 90 минуттан аса қамтамасыз ету үшін $A_s \geq 0,02A_c$ бағаналарында көлденең қима тараптарын бойлай шыбықтардың біркелкі таралуы талап етіледі.

10.2-кесте – В әдісі бойынша тікбұрышты және дөңгелек қимамен бағаналар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Арматуралау коэффициенті ω	Минималды өлшемдер, мм (бағана ені b_{min}/a арматурасының осіне дейінгі арақашықтық)			
		$n = 0,15$	$n = 0,3$	$n = 0,5$	$n = 0,7$
1	2	3	4	5	6
R 30	0,1	150/25*	150/25*	200/30:250/25*	300/30:350/25*
	0,5	150/25*	150/25*	150/25*	200/30:250/25*
	1	150/25*	150/25*	150/25*	200/30:300/25*
R 60	0,1	150/30:200/25*	200/40:300/25*	300/40:500/25*	500/25*
	0,5	150/25*	150/35:200/25*	250/35:350/25*	350/40:550/25*
	1	150/25*	150/30:200/25*	200/40:400/25*	300/50:600/30
R 90	0,1	200/40:250/25*	300/40:400/25*	500/50:550/25*	550/40:600/25*
	0,5	150/35:200/25*	200/45:300/25*	300/45:550/25*	500/50:600/40
	1	200/25*	200/40:300/25*	250/40:550/25*	500/50:600/45

**10.2-кесте – В әдісі бойынша тікбұрышты және дөңгелек қимамен бағаналар үшін
арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер**

(жалғасы)

<i>R</i> 120	0,1	250/50:350/25*	400/50:550/25*	550/25*	550/60:600/45
	0,5	200/45:300/25*	300/45:550/25*	450/50:600/25*	500/60:600/50
	1	200/40:250/25*	250/50:400/25*	450/45:600/30	600/60
<i>R</i> 180	0,1	400/50:500/25*	500/60:550/25*	550/60:600/30	(1)
	0,5	300/45:450/25*	450/50:600/25*	500/60:600/50	600/75
	1	300/35:400/25*	450/50:550/25*	500/60:600/45	(1)
<i>R</i> 240	0,1	500/60:550/25*	550/40:600/25*	600/75	(1)
	0,5	450/45:500/25*	550/55:600/25*	600/70	(1)
	1	400/45:500/25*	500/40:600/30	600/60	(1)

* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.

Ескертпе

1 Егер көлденең қиманың қажетті ені 600 мм-ден асатын болса, элементтік тұрақтылығын әлдеқайда дәл бағалау талап етіледі.

2 $N_{0Ed,fi} = 0,7N_{0Ed}$ ($\eta_{fi} = 0,7$, см.) қабылдауға жол беріледі.

3 λ_{fi} - λ тең етіп қабылдауға жол беріледі.

4-Ескертпе – 30 мин асатын талап етілетін отқа төзімділікпен жалғаспалы конструктивті жүйелер үшін есептік ұзындықты қабылдауға жол беріледі:

$l_{0,fi} = 0,5l$ – аралық қабаттар үшін;

$0,5l \leq l_{0,fi} \leq 0,7l$ – жоғарғы қабат үшін,

мұнда l – бағананың іс жүзіндегі ұзындығы.

10.3 Қабырғалар

10.3.1 Өрт кезінде арақабырғалардың, қабырғалардың (сонымен қатар кез келген басқа тұтас элементтердің) EI өрт кезіндегі қоршау функциясының шегін 10.3-кесте бойынша анықтау керек.

10.3.2 Қабырға мен тақта арасындағы тұтастықты әрі қарай жоғалтумен шектен тыс температуралық деформацияның алдын алу үшін қабырға биіктігінің оның қалыңдығына қатынасы 40-тан аспауы тиіс.

10.3.3 Егер конструкцияның параметрлері 10.4-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса және келесі ережелер қадағаланатын болса, көтергіш темірбетон қабырғалардың отқа төзімділігі қамтамасыз етілген болып саналады.

10.3-кесте – Тірегiш емес қабырғалардың (арақабырғалардың) минималды қалыңдығы

Отқа төзімділік шегі	Қабырғалардың минималды қалыңдығы, мм
<i>EI 30</i>	60
<i>EI 60</i>	80
<i>EI 90</i>	100
<i>EI 120</i>	120
<i>EI 180</i>	150
<i>EI 240</i>	175

10.4-кесте – Көтергіш темірбетон қабырғалар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды қалыңдық

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм (арматураның осіне дейінгі арақашықтық/қабырғалардың қалыңдығы)			
	$\mu_{fi} = 0,35$		$\mu_{fi} = 0,7$	
	Бір жақты қыздыру	Екі жақты қыздыру	Бір жақты қыздыру	Екі жақты қыздыру
<i>REI 30</i>	100/10*	120/10*	120/10*	120/10*
<i>REI 60</i>	110/10*	120/10*	130/10*	140/10*
<i>REI 90</i>	120/20*	140/10*	140/25	170/25
<i>REI 120</i>	150/25	160/25	160/35	220/35
<i>REI 180</i>	180/40	200/45	210/50	270/55
<i>REI 240</i>	230/55	250/55	270/60	350/60
<p>* бетонның қорғаныс қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Ескертпе – μ_{fi} анықтау үшін қараңыз.</p>				

10.3.4 Соққылық жүктемеге тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін (М шектік күйі, қараңыз [1]) және қалыпты тығыздықтағы бетонды пайдаланған кезде өртке қарсы қабырғалардың минималды қалыңдығы келесіден кем болмауы тиіс, мм:

200 – арматураланбаған қабырға үшін;

140 – арматураланған қабырға үшін;

120 – арматураланған тірегiш емес қабырға (арақабырға) үшін, ал көтергіш қабырғасы арматурасының осіне дейінгі арақашықтық 25 мм-ден кем болмауы тиіс.

10.4 Созылған элементтер

10.4.1 Егер конструкцияның параметрлері 10.4-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса, созылған темірбетон элементтердің (соның ішінде алдын ала кернеуленген) отқа төзімділігі қамтамасыз етілген болып саналады.

10.4.2 Конструкцияның жылулық кеңеюін назарға ала отырып, конструкцияның көтергіш қабілетіне теріс әсер ететін созылған элементтің шектен тыс ұзаруын болдырмау үшін арматура қызуының шекті температурасы осындай конструкцияларда 400 °С дейін шектелген. Бұл үшін 10.4-кесте бойынша арматураның осіне дейінгі арақашықтықты (10.1) Формуласын пайдаланып ұлғайту қажет.

10.4.3 Созылған элементтердің көлденең қимасының ауданы $2 b_{\min}^2$ кем болмауы тиіс, мұнда b_{\min} – 10.4-кестеде келтірілген элементтің минималды ені.

10.5 Арқалықтар

10.5.1 Егер конструкцияның параметрлері 10.4 – 10.6-кестелерде келтірілгенге сәйкес келетін (одан аспайтын) болса және келесі ережелер қадағаланатын болса, ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.6.1) сәйкес темірбетон арқалықтардың отқа төзімділігі (соның ішінде алдын ала кернеуленген) қамтамасыз етілген болып саналады. Қабырғаның қалыңдығы WA, WB немесе WC кластары үшін келтіріледі.

Ескертпе – WA, WB немесе WC класын таңдау қиманың геометриясына байланысты орнатылады.

10.5.1 Кестелер үш тараптан өрт кезінде қызатын арқалықтар үшін пайдаланылады. Тақталардың немесе арқалықтың жоғарғы жағын оқшауландыратын басқа элементтердің жылу оқшаулаушы қабілеті отқа төзімділіктің талап етілетін шегіне сәйкес келетін уақыт ішінде қамтамасыз етілуі тиіс. Барлық тараптардан өрт кезінде қызатын арқалықтар үшін 10.5.16-т. қолдану керек.

10.5.2 Кестелер 10.3-суретте келтірілген көлденең қималар үшін әділетті. Ережелерді орындау арматураны қорғау үшін жеткілікті көлденең қима өлшемдерін қамтамасыз етеді.

10.5-кесте – Еркін тірелген темірбетон арқалықтар (алдын ала кернеуленгендерді қосқанда) үшін арматураның осіне дейін арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм						
	арматураның осіне дейінгі орташа арақашықтықтың а және арқалық енінің b_{\min} мүмкін болатын комбинациялары				Қабырғаның қалыңдығы b_w		
					WA класы	WB класы	WC класы
1	2	3	4	5	6	7	8
R 30	$b_{\min} = 80$ $a = 25$	120 20	160 15*	200 15*	80	80	80

10.5-кесте – Еркін тірелген темірбетон арқалықтар (алдын ала кернеуленгендерді қосқанда) үшін арматураның осіне дейін арақашықтық және минималды өлшемдер (жалғасы)

$R\ 60$	$b_{\min} = 120$ $a = 40$	160 35	200 30	300 25	100	80	100
$R\ 90$	$b_{\min} = 150$ $a = 55$	200 45	300 40	400 35	110	100	100
$R\ 120$	$b_{\min} = 200$ $a = 65$	240 60	300 55	500 50	130	120	120
$R\ 180$	$b_{\min} = 240$ $a = 80$	300 70	400 65	600 60	150	150	140
$R\ 240$	$b_{\min} = 280$ $a = 90$	350 80	500 75	700 70	170	170	160
$a_{sd} = a + 10\text{ мм (2НІ қараңыз)}$							
<p>* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Ескертпе</p> <p>1 Алдын ала кернеулі арқалықтар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтықты сәйкес ұлғайту қажет.</p> <p>2 a_{sd} – бұрыштық шыбықтардың осінен (арқандардың немесе сымдардың) арматураның бір қатарымен Арқалықтардың бүйірлік бетіне дейінгі арақашықтық. 4-графада келтірілгеннен артық b_{\min} мәндері үшін a_{sd} ұлғаюы талап етілмейді.</p>							

10.6-кесте – Тілімденбеген темірбетон арқалықтар (алдын ала кернеуленгендерді қосқанда) үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер (сонымен қатар 10.7-кестені қараңыз)

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм						
	арматураның осіне дейінгі орташа арақашықтықтың a және арқалық енінің b_{\min} мүмкін болатын комбинациялары				Қабырғаның қалыңдығы b_w		
					WA класы	WB класы	WC класы
1	2	3	4	5	6	7	8
$R\ 30$	$b_{\min} = 80$ $a = 15^*$	160 12*			80	80	80
$R\ 60$	$b_{\min} = 120$ $a = 25$	200 12*			100	80	100
$R\ 90$	$b_{\min} = 150$ $a = 35$	250 25			110	100	100
$R\ 120$	$b_{\min} = 200$ $a = 45$	300 35	450 35	500 30	130	120	120

10.6-кесте – Тілімденбеген темірбетон арқалықтар (алдын ала кернеуленгендерді қосқанда) үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер (сонымен қатар 10.7-кестені қараңыз)

(жалғасы)

$R 180$	$b_{\min} = 240$ $a = 60$	400 50	550 50	600 40	150	150	140
$R 240$	$b_{\min} = 280$ $a = 75$	500 60	650 60	700 50	170	170	160


$a_{sd} = a + 10$ мм (2НІ қараңыз)

* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.

Ескертпе

1 Алдын ала кернеуленген арқалықтар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтықты сәйкес ұлғайту қажет

2 a_{sd} – бұрыштық шыбықтардың осінен (арқандардың немесе сымдардың) арматураның бір қатарымен арқалықтардың бүйірлік бетіне дейінгі арақашықтық. 3-графада келтірілгеннен артық b_{\min} мәндері үшін a_{sd} ұлғаюы талап етілмейді.



а – тұрақты ен;

б – айнымалы ен;

в – екі таврлы көлденең қима

10.3-сурет – Арқалықтардың әртүрлі көлденең қималары үшін өлшемдерді анықтау

10.5.3 Айнымалы енді арқалықтар үшін (10.3б-сурет) b өлшем төменгі беттен созылған арматураның осіне дейінгі орташа арақашықтық деңгейінде қабылданады.

10.5.4 Екі таврлы арқалықтың төменгі сөресінің тиімді биіктігі d_{eff} (10.3в-сурет) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.9) Формулаға сәйкес келеміден кем болмауы тиіс:

$$d_{eff} = d_1 + 0,5d_2 \geq b_{\min}, \quad (10.9)$$

мұнда b_{\min} – 10.5-кесте бойынша арқалық енінің минималды мәні.


Егер отқа төзімділікті қамтамасыз ету үшін минималды талаптарды қанағаттандыратын және барлық арматураны қамтитын жалған көлденең қима

(10.4-суреттегі «С») іс жүзіндегі көлденең қиманың ішіне енгізілген болса, бұл ереже әрекет етпейді.

10.5.5 Егер $b > 1,4b_w$ болса, мұнда b_w – қабырғаның ені (10.3в-суретті қараңыз), және $bd_{\text{eff}} < 2b_{\text{min}}^2$ арматураның осіне дейінгі арақашықтықты ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.10) Формуласына сәйкес ұлғайту қажет:

$$a_{\text{eff}} = a \cdot \left(1,85 - \frac{d_{\text{eff}}}{b_{\text{min}}} \sqrt{\frac{b_w}{b}} \right) \geq a, \quad (10.10)$$

мұнда d_{eff} – есептік биіктік, (5.9) Формула бойынша анықталады;
 b_{min} – 5.5-кесте бойынша арқалықтың минималды ені.



С – жалған көлденең қима

10.4-сурет – Жалған көлденең қимаға қойылатын талаптарды қанағаттандыратын қабырғаның айнымалы енімен екі таврлы арқалық b_w

10.5.6 Егер созылған аймақтағы көлденең қиманың қалған ауданы $A_c = 2b_{\text{min}}^2$ асатын болса, арқалықтардың қабырғаларындағы саңылаулар отқа төзімділікке әсер етпейді, мұнда b_{min} 10.5-кесте бойынша қабылданады.

10.5.7 Өрт кезінде арқалықтардың төменгі бұрыштары әлдеқайда қарқынды қызатындығын ескере отырып, бір қатарға арматуралау кезінде бүйірлік беттен бұрыштық шыбықтың (арқанның немесе сымның) осіне дейінгі арақашықтықты a_{sd} (10.2-суретті қараңыз) келтірілгенге қатысты 10 мм-ге ұлғайту қажет:

- статикалық анықталатын арқалықтар үшін – 10.5-кестенің 4-графасында,
- статикалық анықталмайтын арқалықтар үшін – 10.6-кестенің 3-графасында.

10.5.8 Арматураның осіне дейінгі минималды арақашықтықтар және аркін сүйемелденген арқалықтардың ені R 30-дан R 240 дейінгі отқа төзімділік шектері үшін 10.5-кестеде келтірілген.

10.5.9 Төменгі және бүйірлік беттерден арматураның осіне дейінгі минималды арақашықтықтар және кесілмеген арқалықтардың ені R 30 бастап R 240 дейінгі отқа төзімділік шектері үшін 10.6-кестеде келтірілген.

10.5.10 10.6-кесте келесі шарттарды орындаған кезде пайдаланылады:

- а) құрастыру бойынша келтірілген талаптар қадағаланады;

б) қалыпты температура кезінде иілу моментінің таралуы 15 % аспайды.

Егер а) және б) шарттары орындалмайтын болса, онда арқалықтар еркін сүйенген ретінде қарастырылады.

Ескертпе – Егер өрттің нормаланатын температуралық режимінде тіректердегі бұралуға жеткілікті кедергі болса, 10.6-кесте иілу моментін 15 % асыра қайта бөлумен тілінбеген арқалықтар үшін пайдаланылуы мүмкін. Жеңілдетілген есептеу әдістерін пайдаланып (осы құралдың 8- тарауын қараңыз) арматураның осіне дейінгі арақашықтықтың және жоғарғы және төменгі арматура тірегінен шығу ұзындығының әлдеқайда дәл мәндерін анықталуы мүмкін.

10.5.11 Отқа төзімділік шегі $R 90$ және одан жоғары конструкциялар үшін әрбір аралық тіректің орталық сызығынан $0,3l_{\text{eff}}$ ұзындығы бойынша жоғарғы арматураның көлденең қимасының ауданы (10.5-суретті қараңыз) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.11) Формулаға сәйкес келесіден кем болмауы тиіс:


$$A_{s,\text{req}}(x) = A_{s,\text{req}}(0) \left(1 - 2,5 \cdot \frac{x}{l_{\text{eff}}} \right), \quad (10.11)$$

мұнда x – қарастырылып отырған көлденең қимадан тіректердің орталық сызығына дейінгі арақашықтық, $x \leq 0,3l_{\text{eff}}$;

$A_{s,\text{req}}(0)$ – қалыпты шарттардағы есепке сәйкес тірек үстіндегі жоғарғы арматураның талап етілетін ауданы;

$A_{s,\text{req}}(x)$ – отқа төзімділік талаптарына сәйкес $A_s(x)$ кем емес қабылданған тіректердің орталық линиясынан x арақашықтықта қимадағы қажетті жоғарғы арматураның минималды ауданы;

l_{eff} – аралықтың есептік ұзындығы. Егер жанасатын аралықтардың ұзындығы көп болса, онда осы мәндерді қабылдау керек.



- 1 – $t = 0$ уақыты үшін өрт кезінде иілу моментінің эпюрасы;
 2 – сәйкесінше созылған арматура қабылдауы тиіс иілу моментінің эпюрасы;
 3 – өрт кезіндегі иілу моментінің эпюрасы;
 4 – (10.11) Формуласына сәйкес келетін ішкі күштердің иілу моментінің эпюрасы
- 10.5-сурет – Өрт кезінде тіректердің үстіндегі иілу моментінің эпюрасы**

10.5.12 Егер өрт кезінде аралық тіректердің үстіндегі жалпы иілу моменті бетонмен ілініскен арматурамен қабылданатын болса, бетонмен арматураның ілінісуінсіз алдын ала кернеулі тілімденбеген арқалықтар үшін 10.6-кесте қолданылады.

10.5.13 Екі таврлы тілімденбеген арқалық қабырғасының ені b_w (10.3в-суретті қараңыз) b_{min} кем емес аралық тіректен $2h$ арақашықтықта болуы тиіс (10.6-кестенің 2-графасын қараңыз), керісінше жағдайда морт қирау мүмкіндігін болдырма қажет (осы құралдың 11- тарауын қараңыз).

10.5.14 Отқа төзімділік шегі R 120-дан R 240 дейін болатын тілімденбеген арқалықтардың енін және қабырғалардың қалыңдығын егер келесі шарттар орындалатын болса сығылған бетонның бұзылуын немесе бірінші аралық тіректің үстінде кесілудің алдын алу үшін 10.7-кестеге сәйкес ұлғайту қажет:

- а) түйіспелер (қосылыстар) және арқалықтар шеткі тіректегі бүгілуге кедергіні қамтамасыз етпейді (жоғарғы арматуралау жоқ), және
 б) бірінші аралық тіректе:

$$V_{Ed} > 2/3 V_{Rd,max},$$

мұнда V_{Ed} – қалыпты температура кезіндегі есептік көлденең күш;

$V_{Rd,max}$ – ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес қысылған элементтің тілігіне есептік кедергі.

10.7-кесте – 10.5.6-тармаққа сәйкес қабырғаның енін және қалыңдығын ұлғайту қажет болатын екі таврлы қиманың тілімденбеген темірбетон арқалықтары (алдын ала кернеуліні қосқанда)

Отқа төзімділік шегі	Арқалықтың минималды ені b_{\min} , мм, және қабырғаның минималды қалыңдығы b_w , мм
$R 120$	220
$R 180$	380
$R 240$	480

10.5.15 Келесі шарттарды орындау кезінде 10.5 – 10.7-кестелері қолданылады:

– арқалықтың биіктігі отқа төзімділіктің талап етілетін шегі үшін нормаланатын енен кем болмауы тиіс;

– арқалықтың көлденең қимасының ауданы ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (5.12) Формуласына сәйкес келесіден кем болмауы тиіс:

$$A_c = 2b_{\min}^2, \quad (10.12)$$


мұнда b_{\min} – 10.5 – 10.7-кестелерде келтірілген.

10.6 Плиталар

10.6.1 Егер конструкцияның параметрлері 10.8-кестеде келтірілгенге сәйкес келетін болса және келесі ережелер қадағаланатын болса, темірбетон плиталардың (соның ішінде алдын ала кернеулі) отқа төзімділігі қамтамасыз етілген болып саналады.

10.6.2 10.8-кестеде келтірілген тақталар қалыңдығының минималды мәндері h_s шектік күй бойынша EI отқа төзімділік шегін қамтамасыз етеді. қосымша жабындар (еденнің төсемі) қалыңдығына сәйкес отқа төзімділік шегін (EI) қамтамасыз етуге жағдай жасайды (10.6-сурет). Егер тек R көтергіш қабілетін қамтамасыз ету талап етілетін болса, онда тақталардың қалыңдығы ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша жобалаумен ғана анықталады.

10.6.3 Плиталар үшін келтірілген ережелер сонымен қатар таврлы және екі таврлы Арқалықтардың сөрелері үшін де қолданылады.



1 – темірбетон плита; 2 – еденнің төсемі (жанғыш емес);
3 – дыбыстан оқшаулау (жанғыш болуы ықтимал) $h_s = h_1 + h_2$ (5.9-кесте)

10.6-сурет – Төсеммен бетон плиталар

10.6.4 Еркін сүйемелденген темірбетон плиталар арматурасының осіне дейінгі минималды арақашықтықтар ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 5.8-кестеге сәйкес $R 30$ -дан $R 240$ дейінгі отқа төзімділік шектері үшін 10.8-кестеде келтірілген. Екі бағыт бойынша арматуралау кезінде арматураның осіне дейінгі арақашықтық арматураның төменгі қатары үшін орнатылады.

10.6.5 10.8-кестеде келтірілген мәндер (2 және 4 графалар) сондай-ақ бір және екі бағыт бойынша арматураланған тілімденбеген плиталар үшін қолданылады.

10.6.6 10.8-кесте және келтірілген ережелер 15 % аспайтын қалыпты температура кезінде иілу моменті таратумен тілімденбеген плиталар үшін пайдаланылуы мүмкін. Әлдеқайда дәл есептеуді орындау, 15 % асатын моменттерді тарату мүмкін болмағанда немесе құрастыру ережелерін қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тілімденбеген тақтаның әрбір аралығы 10.8-кестені пайдаланумен еркін сүйемелденген тақта ретінде қарастырылады (2, 3, 4 немесе 5 графалар).

Тілімденбеген арқалықтар үшін осы құралдың 10.5.12-т. келтірілген ережелер сонымен қатар тілімденбеген плиталар үшін де қолданылады. Егер көрсетілген ережелер қадағаланбайтын болса, онда әрбір аралықты еркін сүйемелденген ретінде қарастыру керек.

10.6.7 Аралық тіректердің үстіндегі минималды жоғарғы арматуралау келесі жағдайлардың бірінде $A_s \geq 0,005A_c$ құрауы тиіс:

- а) суық деформацияланған арматура қолданылады;
- б) екі аралықты тілімденбеген плиталарда есептеу әдістері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және/немесе тиісті құрастыруға сәйкес шеткі тіректердегі бүгілуді шектемейді (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 9- тарау);
- в) аралық бағытында салынған күшті тарату мүмкін емес (10.7-суретті қараңыз).

10.8-кесте – Статикалық анықталатын жазық темірбетон плиталарлардың (алдын ала кернеулілерді қосқанда) осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм			
	плитаның қалыңдығы h_s	арматураның осіне дейінгі арақашықтық а		
		Бір бағытта арматуралау	Екі бағытта арматуралау	
			$l_y/l_x < 1,5$	$1,5 < l_y/l_x < 2$
1	2	3	4	5
$REI 30$	60	10*	10*	10*
$REI 60$	80	20	10*	15*
$REI 90$	100	30	15*	20
$REI 120$	120	40	20	25
$REI 180$	150	55	30	40
$REI 240$	175	65	40	50

**10.8-кесте – Статикалық анықталатын жазық темірбетон плиталарлардың
(алдын ала кернеулілерді қосқанда) осіне дейінгі арақашықтық және
минималды өлшемдер (жалғасы)**

* бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.


Ескертпе

1 l_x и l_y – екі бағыт бойынша (бағыттар перпендикулярлы) арматуралар кезіндегі аралықтардың өлшемдері, бұл жағдайда l_y – үлкен аралық.

2 Алдын ала кернеулі арқалықтар үшін арматураның осіне дейінгі арақашықтықты осы Құралдың 10.1-қосымша бөліміне сәйкес ұлғайту қажет.

3 4 және 5 графалардағы арматураның осіне дейінгі арақашықтық төрт жағына сүйенетін екі бағытта арматураланған тақталарға әрекет етеді. Керісінше жағдайда тақтаны бір бағытта арматураланған ретінде қарастыру керек.

10.6.8 Осы тарауында келтірілген ережелер сонымен қатар ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5- тарау) сәйкес моменттің таралуы 15 % аспайтын жалпақ плиталар үшін де қолданылады. Керісінше жағдайда арматураның осіне дейінгі арақашықтық бір бағытта арматуралаумен тақталар үшін 10.8-кестенің 3-графасы бойынша, ал минималды қалыңдық - 10.9-кесте бойынша анықталады.



Сечение А – А

А – 1 аралық бағыты, В – көлденең қабырғаларсыз және арқалықтарсыз жүйенің ұзындығы, $> l$;

С – морт қирау қаупі ; D – бұралудың алды алынбаған

10.7-сурет – 10.6.7-тармаққа сәйкес арматураның минималды ауданын қамтамасыз ету қажет тақталар жүйесі

10.6.9 $REI 90$ және одан жоғары болатын отқа төзімділік шектері үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес аралық тіректердің үстінде талап етілетін арматураның жалпы мөлшерінен кем дегенде 20 %-ды бір бағытта аралықтардың барлық ұзындығы бойынша шығару қажет. Бұл арматура тіректік жолақтарда орналасуы тиіс.

10.6.10 Тақталардың минималды қалыңдығы азаймауы тиіс (мысалы, едендік жабындарды есепке алу арқылы).

10.6.11 Арматураның осіне дейінгі арақашықтық а ретінде арматураның төменгі қатарына дейінгі арақашықтық қабылданады.

10.9-кесте – Жазық темірбетон тақталар арматурасының (соның ішінде алдын ала кернеулі) осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм	
	Тақтаның қалыңдығы h_s	Арматураның осіне дейінгі арақашықтық a
<i>REI 30</i>	150	10*
<i>REI 60</i>	180	15*
<i>REI 90</i>	200	25
<i>REI 120</i>	200	35
<i>REI 180</i>	200	45
<i>REI 240</i>	200	50
* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.		

10.6.12 Бір бағытта арматураланған қырлы темірбетон плиталардың (соның ішінде алдын ала кернеулі) отқа төзімділігін бағалау үшін қолдану қажет:

- қырлар үшін – осы құралдың 10.5 қосымша бөлімі;
- сөрелер үшін – осы құралдың 10.6 қосымша бөлімі, 10.8-кестенің 2 және 5 графалары.

10.6.13 Екі бағытта арматураланған темірбетон қырлы плиталар үшін дәл отқа төзімділік келесі ережелермен бірге 10.10 және 10.11-кестелерде келтірілген мәндерді қолданумен бағалануы мүмкін.

10.6.14 10.10- және 10.11-кестелердегі мәндер біркелкі бөлінген жүктемемен қырлы тақталар үшін әділетті.

10.6.15 Бірнеше қатарға арматуралаумен қырлы тақталар үшін осы құралдың 10.1.12-тармағы қолданылады.

10.6.16 Тілімденбеген қырлы тақталарда жоғарғы арматура сөренің жоғарғы жартысында орналасуы тиіс.

10.6.17 10.10-кесте еркін сүйемелденген екі бағыт бойынша арматураланған қырлы плиталарға таралады. Ол сонымен қатар жоғарғы арматураны құрастыру осы құралдың 10.5.12-тармағының талаптарына сәйкес келмейтын, отқа төзімділік шегі *REI 180* төмен және кем дегенде бір қысылған шетімен екі бағытта арматураланған қырлы тақталарға тарайды.

10.6.18 10.11-кесте кем дегенде бір қысылған шетімен екі бағытта арматураланған қырлы тақталар үшін таралады. Жоғарғы арматураны құрастыру үшін отқа төзімділіктің барлық шектері үшін осы құралдың 10.5.12-тармағы әрекет етеді.

10.10-кесте – Екі бағытта арматураланған еркін сүйемелденген қырлы темірбетон плиталар (соның ішінде алдын ала кернеулі) арматурасының осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм			
	Қырлар ені b_{\min} мен арматураның осіне a дейінгі арақашықтықтың мүмкін болатын комбинациялары			плитаның қалыңдығы h_s және сөредегі a арматура осіне дейінгі арақашықтық
1	2	3	4	5
<i>REI 30</i>	$b_{\min} = 80$ $a = 15^*$			$h_s = 80$ $a = 10^*$
<i>REI 60</i>	$b_{\min} = 100$ $a = 35$	120 25	> 200 15*	$h_s = 80$ $a = 10^*$
<i>REI 90</i>	$b_{\min} = 120$ $a = 45$	160 40	> 250 30	$h_s = 100$ $a = 15^*$
<i>REI 120</i>	$b_{\min} = 160$ $a = 60$	190 55	> 300 40	$h_s = 120$ $a = 20$
<i>REI 180</i>	$b_{\min} = 220$ $a = 75$	260 70	> 410 60	$h_s = 150$ $a = 30$
<i>REI 240</i>	$b_{\min} = 280$ $a = 90$	350 75	> 500 70	$h_s = 175$ $a = 40$
<p>* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Ескертпе</p> <p>1 Алдын ала кернеулі қырлы тақталар үшін оське дейінгі арақашықтықты сәйкес ұлғайту керек.</p> <p>2 $a_{sd} = a + 10$, мұнда a_{sd} – арматураның осінен өрт кезінде бүйірінен қызатын қырлар бетіне дейінгі арақашықтық.</p>				

10.11-кесте – Кем дегенде бір қысылған шетпен екі бағытта арматураланған еркін сүйемелденген қырлы темірбетон плиталар (соның ішінде алдын ала кернеулі) арматурасының осіне дейінгі арақашықтық және минималды өлшемдер

Отқа төзімділік шегі	Минималды өлшемдер, мм			
	Қырлар ені b_{\min} мен арматураның осіне a дейінгі арақашықтықтың мүмкін болатын комбинациялары			тақтаның қалыңдығы h_s және сөредегі арматура осіне a дейінгі арақашықтық
1	2	3	4	5
<i>REI 30</i>	$b_{\min} = 80$ $a = 10^*$			$h_s = 80$ $a = 10^*$
<i>REI 60</i>	$b_{\min} = 100$ $a = 25$	120 15*	> 200 10*	$h_s = 80$ $a = 10^*$
<i>REI 90</i>	$b_{\min} = 120$ $a = 35$	160 25	> 250 15*	$h_s = 100$ $a = 15^*$
<i>REI 120</i>	$b_{\min} = 160$ $a = 45$	190 40	> 300 30	$h_s = 120$ $a = 20$
<i>REI 180</i>	$b_{\min} = 310$ $a = 60$	600 50		$h_s = 150$ $a = 30$
<i>REI 240</i>	$b_{\min} = 450$ $a = 70$	700 60		$h_s = 175$ $a = 40$
<p>* Бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығына қойылатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Ескертпе 1 Алдын ала кернеулі қырлы тақталар үшін оське дейінгі арақашықтықты сәйкес ұлғайту керек. 2 $a_{sd} = a + 10$, мұнда a_{sd} – арматураның осінен өрт кезінде бүйірінен қызатын қырлар бетіне дейінгі арақашықтық.</p>				


1-МЫСАЛ (10.1.4) $\eta_{fi} = 0,57$ тақтада диаметрі 9 мм және сәйкесінше, 150 мм² және 190,76 мм² талап етілетін және іс жүзіндегі арматуралаумен S1400 алдын ала кернеулі арматуралық арқандарға арналған шектік температура мәнін анықтау.

Есеп: Арматура жұмысының шектік коэффициенті өрт кезінде құрайды:

$$k_{pk}(\theta_{cr}) = \eta_{fi} \cdot \frac{A_{s,req}}{A_{s,prov} \cdot \gamma_s} = 0,57 \times \frac{150}{190,76 \times 1,15} = 0,39,$$

Қорытынды: 7.6-кесте бойынша (арқанды арматура үшін – cold worked) сызықтық интерполяция әдісімен өрт кезіндегі арматура жұмысының 0,39 коэффициентіне 455 °С температураның сәйкес келетіндігі анықталды.

2-МЫСАЛ (10.1.12) Орташа қимасы 10.8-суретте бейнеленген темірбетон арқалығына арналған арматураның осіне дейінгі келтірілген a_m арақашықтықты анықтау.



4 – төсеме бөлшек; 9 – арматуралық шыбық Ø16 мм St1000;
10 – арматуралық шыбық Ø18 мм St400.

10.8-сурет – Темірбетон арқалығының қимасы

Есеп: Арқалық бірнеше қатарға арматураланғандықтан және $f_{yk} = 400$ МПа (St400 үшін 7.3-кестені қараңыз) және $f_{pk} = 1000$ Мпа (St1000 үшін 7.3-кестені қараңыз) әртүрлі сипаттамалық кедергілермен кернелмейтін және кернелетін арматурадан тұратындықтан, 10.12-т. сәйкес арматураның осіне дейінгі келтірілген арақашықтық құрайды:

$$a_m = \frac{n_{s1} A_{s1} f_{pk1} a_1 + n_{s1} A_{s1} f_{pk1} a_2 + n_{s2} A_{s2} f_{yk2} a_3}{n_{s1} A_{s1} f_{pk1} + n_{s1} A_{s1} f_{pk1} + n_{s2} A_{s2} f_{yk2}} =$$

$$= \frac{4 \times 201,1 \times 1000 \times 50 + 1 \times 201,1 \times 1000 \times 95 + 2 \times 254,5 \times 400 \times 50}{4 \times 201,1 \times 1000 + 1 \times 201,1 \times 1000 + 2 \times 254,5 \times 400} = 57,5 \text{ мм.}$$

Қорытынды: Арматураның осіне дейінгі келтірілген арақашықтық 95 мм құрайды.

3-МЫСАЛ (10.2.5). Биіктігі 3000 мм, қимасы 300×300 мм, беріктігі бойынша C30/35 класты бетоннан орындалған, 32 мм бетонның қорғаныстық қабатымен диаметрі 25 мм S500 4 арматуралық шыбыкпен симметриялық түрде арматураланған, 1620 кН ось жүктемесін және 38,5 кН·м бағананың жоғарғы және төменгі жағында әртүрлі бағытталған иілу моменттерін қабылдайтын қатты бекітілген тікбұрышты темірбетон бағанасының отқа төзімділігін анықтау. Бағана 4 тараптан өрттің әсеріне ұшырайды.

Есеп: ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.7-суретке сәйкес бағананың есептік ұзындығы келесі түрде қабылдануы мүмкін:

$$l_0 = \frac{l}{2} = \frac{3,0}{2} = 1,5 \text{ м.}$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.14) Формуласына сәйкес бағананың иілімділігі:

$$\lambda = \frac{l_0}{h/12^{0,5}} = \frac{1,5}{0,3/12^{0,5}} = 17,32.$$

Бағананың қимасындағы ең жоғары иілу моменті (ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011, 5.2.7, 5.8.8.2 қараңыз):

$$M_{\max} = M + N \cdot e_i = M + N \cdot l_0 / 400 = 38,5 + 1620 \times 1,5 / 400 = 44,58 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет:

$$e = \frac{M_{\max}}{N} = \frac{44,58}{1620} = 28 \text{ мм} < 0,15h = 0,15 \times 0,3 = 45 \text{ мм}.$$

Арматуралауды тексеру:

$$A_s = \frac{4 \times 3,14 \times 25^2}{4} = 1962,5 \text{ мм}^2 < 0,04A_c = 0,04 \times 300^2 = 3600 \text{ мм}^2.$$

Осы құралдың 10.2.2-шарттары орындалатындықтан, бағананың отқа төзімділігін бағалау үшін А әдісі қолданылады.

Өрт кезіндегі көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті:

$$\mu_{fi} = \frac{N_{Ed,fi}}{N_{Rd}} = \frac{N_{Ed,fi}}{\frac{A_c \cdot \alpha \cdot f_{cd}}{\gamma_c} + \frac{A_s \cdot f_{yk}}{\gamma_s}} = \frac{1620000}{\frac{300^2 \times 0,85 \times 30}{1,5} + \frac{1962,5 \times 500}{1,15}} = 0,68 \approx 0,70.$$

Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $32 + 25/2 = 44,5$ мм құрайды, минималды ені 300 мм, көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті 0,7, төрт тараптан от әсері – 10.1-кестесінен жақын мән – бұл 250/46 және 350/40 тобы. Осы топ үшін сызықтық интерполяция әдісімен және 300 мм минималды енімен арматураның осіне дейінгі минималды арақашықтық – 43 мм (яғни 300/43). Бұл берілген бағанаға сәйкес келеді, демек, оның отқа төзімділік шегі R60.

4-МЫСАЛ (10.2.6) 10.2.6-т. сәйкес алдыңғы мысалдан бағананың отқа төзімділігі шегін анықтау.

Есеп: Қалыпты температура кезіндегі арматуралау коэффициенті:

$$\omega = \frac{A_s \cdot f_{yd}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{A_s \cdot f_{yk}}{A_c \cdot \alpha \cdot f_{ck}} \cdot \frac{\gamma_c}{\gamma_s} = \frac{1962,5 \times 500}{300^2 \times 0,85 \times 30} \times \frac{1,5}{1,15} = 0,56.$$

10.7-Формуланың құраушылары:

$$R_{nf} = 83 \cdot \left[1 - \mu_{fi} \frac{(1 + \omega)}{\left(\frac{0,85}{\alpha_{cc}} \right) + \omega} \right] = 83 \times \left[1 - 0,68 \frac{(1 + 0,56)}{\left(\frac{0,85}{0,85} \right) + 0,56} \right] = 26,56;$$

$$25 \leq a = 43 \leq 80;$$

$$R_a = 1,6 \cdot (a - 30) = 1,6 \times (43 - 30) = 20,8;$$

$2 \leq l_{0,fi} = 1,5 \leq 6$ – шарт орындалмайды, бірақ 10.7 сәйкес $l_{0,fi} = 2,0$ м қабылдауға жол беріледі.

$$R_l = 9,6 \cdot (5 - l_{0,fi}) = 9,6 \times (5 - 2,0) = 28,8;$$

$$R_b = 0,09b' = 0,09 \cdot \frac{2A_c}{b + h} = 0,09 \times \frac{2 \times 300^2}{300 + 300} = 27,$$

$R_n = 0$, өйткені $n = 4$ (тек бұрыштық шыбықтар).

Отқа төзімділік шегі:

$$R = 120 \cdot \left(\frac{R_{nf} + R_a + R_l + R_b + R_n}{120} \right)^{1,8} = 120 \times \left(\frac{26,56 + 20,8 + 28,8 + 27,0 + 0}{120} \right)^{1,8} = 91,41 \approx 90.$$

Қорытынды: 10.20 бойынша анықталған бағананың отқа төзімділік шегі $R90$ құрайды.

Ескертпе – 10.1-кесте бойынша анықталған отқа төзімділік шегі 10.2.5 ($R90$) сәйкес мәнге қарағанда әлдеқайда консервативті мәнді ($R60$) қабылдайтындығы көрінеді. Бұл әдістемелердің қайшылығы еместігін, оның дәлдіктегі айырмашылық екендігін атап көрсету. Бастапқы деректердің шектеулі болғандықтан, 10.1-кесте бойынша кестелік әдіс мәнді абайлап береді. Соған қарамастан, мұқият талдау кезінде айқындалған бағананың отқа төзімділік шегі $R90$ құрайды.

5-МЫСАЛ (10.2.10) Биіктігі 4000 мм, қимасы 300×400 мм, беріктігі бойынша C30/35 класты бетоннан орындалған, 32 мм бетонның қорғаныстық қабатымен диаметрі 25 мм S500 4 арматуралық шыбықпен симметриялық түрде арматураланған, 1620 кН ось жүктемесін және 15 кН·м бағананың жоғарғы және төменгі жағында әртүрлі бағытталған иілу моменттерді қабылдайтын қатты бекітілген тікбұрышты темірбетон бағанасының отқа төзімділігі шегін анықтау. Бағана 4 тараптан өрттің әсеріне ұшырайды.

Есеп: ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.7-суретке сәйкес, бағананың есептік ұзындығы келесі түрде қабылдануы мүмкін:

$$l_0 = \frac{l}{2} = \frac{4,0}{2} = 2,0 \text{ м}.$$

Бағананың иілімділігі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.14) Формуласына сәйкес:

$$\lambda = \frac{A \cdot l_0}{\sqrt{bh^3/12}} = \frac{0,3 \times 0,4 \times 2,0}{\sqrt{0,4 \times 0,3^3/12}} = 8,0.$$

Бағананың қимасындағы ең жоғары иілу моменті (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.2.7, 5.8.8.2) қараңыз):

$$M_{\max} = M + N \cdot e_i = M + N \cdot l_0/400 = 15 + 1620 \times 2,0/400 = 23,1 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет:

$$e = \frac{M_{\max}}{N} = \frac{23,1}{1620} = 14 \text{ мм} < 100 \text{ мм},$$

$$e/b = \frac{14}{300} = 0,005 < 0,25.$$

Өрт кезіндегі жүктеменің деңгейі:

$$n = \frac{N_{0Ed,fi}}{0,7 \cdot (A_c f_{cd} + A_s f_{yd})} = \frac{1620000}{0,7 \times (400 \times 300 \times 30 + 1962,5 \times 500)} = 0,51.$$

Қалыпты температура кезінде арматуралау коэффициенті:

$$\omega = \frac{A_s \cdot f_{yd}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{A_s \cdot f_{yk}}{A_c \cdot \alpha \cdot f_{ck}} \cdot \frac{\gamma_c}{\gamma_s} = \frac{1962,5 \times 500}{300 \times 400 \times 0,85 \times 30} \times \frac{1,5}{1,15} = 0,42.$$

Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $32+25/2=44,5$ мм құрайды. Мәндер үшін ($\omega = 0,42$; $e = 0,014$, $b = 300$ мм, $a = 44,5$ мм) С.4-кесте қолайлы болады ($\omega = 0,5$; $e = 0,025$, $b \geq 10$ мм). $\lambda \approx 70$ бағананың иілімділігін, $n \approx 0,5$ өрт кезіндегі жүктеме деңгейін, $b_{\min}/a \approx 300/45$ арматураның осіне дейінгі арақашықтыққа бағана енінің қатынасын ескере отырып, таяу диапазон R60 үшін 250/40:350/25 болады.

Қорытынды: R60 бағананың отқа төзімділігінің шегі.

6-МЫСАЛ (10.3.1) қалыңдығы 160 мм темірбетон аралықтың EI өрті кезінде қоршау функциясының шегін анықтау.

Есеп: 10.3-кесте бойынша сызықтық интерполяция әдісімен қалыңдығы 160 мм темірбетон арақабырғаның EI өрті кезінде қоршау функциясының шегі EI 204 (немесе стандартты қатардан жақыны EI 180) құрайтындығы анықталды).

7-МЫСАЛ (10.4-кестеге) 2 арматуралық тор түрінде жұмыстық арматуралаумен беріктік бойынша C25/30 класты тұтас бетоннан орындалған $3000 \times 1740 \times 160$ мм өлшемді тірегіш темірбетон панельдің отқа төзімділік шегін анықтау (REI). Арматуралық торлар панельдің әр жағынан беріктігі бойынша S500 класты, диаметрі 6 мм 11 бойлық және 19 көлденең арматуралық шыбықтар түзеді. Бойлық арматура үшін панельдің әрбір жағынан бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы 25 мм құрайды. Панель панельдің ұзындығы бойынша біркелкі таралған 140 кН/м тең болатын есептік жүктемені және 10 кН·м иілу моментін қабылдау үшін арналған.

Есеп: ҚР ҚН EN 1992-1-1, 5.7-суретке сәйкес, панельдің есептік ұзындығы келесі түрде қабылдануы мүмкін:

$$l_0 = \frac{l}{2} = \frac{3,0}{2} = 1,5 \text{ м}.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.14) Формулаға сәйкес панельдің иілімділігі:

$$\lambda = 3,46 \cdot \frac{l_0}{h} = 3,46 \times \frac{1,5}{0,16} = 32,44,$$

панель қимасындағы максималды иілу моменті (ҚР ҚН EN 1992-1-1, 5.2.7, 5.8.8.2 қараңыз):

$$M_{\max} = M + N \cdot e_i = M + N \cdot l_0 / 400 = 10 + 140 \times 1,5 / 400 = 10,53 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет:

$$e = \frac{M_{\max}}{N} = \frac{10,53}{140} = 75 \text{ мм} > 0,15h = 0,15 \times 0,16 = 24 \text{ мм}.$$

Қорытынды: Өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет жол берілетіннен асатындықтан, көрсетілген панельді есептеу үшін кестелік деректер қолданылмайды. Есептеудің жеңілдетілген немесе жалпы әдістемесін пайдалану керек.

8-МЫСАЛ (10.4-кестеге) 2 арматуралық тор түрінде жұмыстық арматуралаумен беріктік бойынша С25/30 класты тұтас бетоннан орындалған $3000 \times 1740 \times 160$ мм өлшемді тірегіш темірбетон панелінің отқа төзімділігі шегін (*REI*) анықтау. Арматуралық торлар панельдің әрбір жағынан беріктігі бойынша S500 класты, диаметрі 6 мм 11 бойлық және 19 көлденең арматуралық шыбықтар түзеді. Бойлық арматура үшін панельдің әрбір жағынан бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы 25 мм құрайды. Панель панельдің ұзындығы бойынша біркелкі таралған 140 кН/м тең болатын есептік жүктемені және 2,5 кН·м иілу моментін қабылдау үшін арналған.

Есеп: ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.7-суретке сәйкес, панельдің есептік ұзындығы келесі түрде қабылдануы мүмкін:

$$l_0 = \frac{l}{2} = \frac{3,0}{2} = 1,5 \text{ м}.$$

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.14) Формулаға сәйкес панельдің иілімділігі:

$$\lambda = 3,46 \cdot \frac{l_0}{h} = 3,46 \times \frac{1,5}{0,16} = 32,44.$$

Панельдің қимасындағы максималды иілу моменті (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.2.7, 5.8.8.2 қараңыз):

$$M_{\max} = M + N \cdot e_i = M + N \cdot l_0 / 400 = 2,5 + 140 \times 1,5 / 400 = 3,02 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Өрт кезінде бірінші қатар теориясы бойынша эксцентриситет:

$$e = \frac{M_{\max}}{N} = \frac{3,02}{140} = 22 \text{ мм} < 0,15h = 0,15 \times 0,16 = 24 \text{ мм}.$$

Арматуралауды тексеру:

$$A_s = \frac{11 \times 3,14 \times 6^2}{4} = 310,86 \text{ мм}^2 < 0,04A_c = 0,04 \times 1,74 \times 0,16 = 11136 \text{ мм}^2.$$

Осы құралдың 10.16 шарттарының орындалуы себепті панельдің отқа төзімділігін бағалау үшін 10.3-кесте қолданылады.

Өрт кезінде көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті:


$$\mu_{fi} = \frac{N_{Ed,fi}}{N_{Rd}} = \frac{N_{Ed,fi}}{\frac{A_c \cdot \alpha \cdot f_{cd}}{\gamma_c} + \frac{A_s \cdot f_{yk}}{\gamma_s}} = \frac{140000}{\frac{1740 \times 160 \times 0,85 \times 25}{1,5} + \frac{310,86 \times 500}{1,5}} = 0,03.$$

Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $25+6/2=28$ мм құрайды, минималды ені 160 мм, көтергіш қабілетін пайдалану коэффициенті 0,03, – 10.3-кестеден жақын жол берілетін мән– біржақты қыздыру үшін 150/28 (арматураның осіне дейінгі арақашықтыққа және қалыңдыққа тәуелсіз анықталады) және екіжақты қыздыру үшін 160/25. Бұл панельдің REI 120 отқа төзімділік шегіне сәйкес келеді. Көрсетілген қабырға 10.28 сәйкес өртке қарсы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

9-МЫСАЛ (10.5.5 үшін) Екі таврлы көлденең кимаға сәйкес келетін 10.9-суретте бейнеленген арқалық үшін (10.4-суреттегі «в») отқа төзімділік шегі $R30$ құрайды (b_w шамасы бойынша анықталады). Екі таврлы арқалықтың төменгі сөресінің тиімді биіктігі d_{eff} :

$$d_{eff} = d_1 + 0,5d_2 = 150 + 0,5 \times 100 = 200 \geq b_{min} = 150$$

Арматураның осіне дейінгі талап етілетін арақашықтықты (25 мм) және арқалықтың минималды енін (80 мм) ескере отырып, төменгі сөренің тиімді биіктігі d_{eff} төмендетілуі мүмкіндігі анық (қалыпты шарттар үшін есептеу бойынша арматураның талап етілетін санын ескере отырып).



10.9-сурет– Темірбетон арқалықтың қимасы

10-МЫСАЛ (10.5.6) Алдыңғы мысалдың 10.9-суретте бейнеленген арқалық үшін:

$$b = 280 > 1,4 \cdot b_w = 1,4 \times 80 = 112,$$

$$bd_{eff} = 280 \times 200 = 56000 > 2b_{min}^2 = 2 \times 80_{min}^2 = 12800,$$


арматураның осіне дейінгі арақашықтықты ұлғайтудың қажеті жоқ, өйткені:

$$a_{eff} = a \cdot \left(1,85 - \frac{d_{eff}}{b_{min}} \sqrt{\frac{b_w}{b}} \right) = 25 \times \left(1,85 - \frac{200}{80} \sqrt{\frac{80}{280}} \right) = 12,84 \geq a = 25.$$

11-МЫСАЛ (10.5-кестеге) 10.10-суретте берілген еркін сүйемелденген арқалықтың отқа төзімділік шегін анықтау.

Есеп: 10.4-суретке сәйкес, арқалық айнымалы енмен - WB типіне жатады. Алайда 200 мм-ге тең болатын қабырғаның минималды қалыңдығы b_w , арқалықтың отқа төзімділігін шектемейді. Минималды ен созылған арматураның ауырлық орталығы деңгейінде анықталады және 206,25 мм-ге сәйкес келеді (100 мм ауырлық орталығы деңгейі үшін арқалықтың тар және кең бөлігінің мәндері арасындағы сызықтық интерполяция әдісімен анықталды). Арматураның осіне дейінгі арақашықтық 10.1.12 ескере отырып анықталады (беріктігі бірдей және диаметрі бірдей кернелетін арматура үшін):

$$a_m = \frac{n_1 a_1 + n_2 a_2 + n_3 a_3}{\sum n_i} = \frac{4 \times 40 + 1 \times 50 + 2 \times 100}{7} = 58,6 \text{ мм.}$$



1 – St500 тобы арматура Ø 16 мм

10.10-сурет – Арқалықтың қимасы

Қорытынды: 206,25 мм болатын минималды ен және 58,6 мм болатын арматураның осіне дейінгі арақашықтық үшін 200/45 жақын мәндері және R90 отқа төзімділік шегі сәйкес келеді.

12-МЫСАЛ (10.5.15) Алдыңғы мысалда берілгенге сәйкес келетін тілімденбеген арқалықтың отқа төзімділік шегін анықтау.

Қорытынды: 206,25 мм болатын минималды ен және арматураның осіне дейінгі 58,6 мм арақашықтық үшін 200/45 жақын мәндері және R120 отқа төзімділік шегі сәйкес келеді.

10.43 сәйкес, аралықтың ортасындағы жоғарғы арматураның көлденең қимасының ауданы келесі берілгеннен кем болмауы тиіс:

$$A_{s, \text{req}}(x) = A_{s, \text{req}}(0) \left(1 - 2,5 \cdot \frac{x}{l_{\text{eff}}} \right) = A_{s, \text{req}}(0) (1 - 2,5 \times 0,3) = 0,25 A_{s, \text{req}}(0).$$

13-МЫСАЛ (10.8-кестеге) Қорғаныстық қабат қалыңдығы 25 мм болатын, Ø12 мм арматураланған арматурамен қалыңдығы 160 мм аражабынның тұтас темірбетон тақтасының отқа төзімділік шегін анықтау. Екі жақтан сүйенеді.

Шешім: Арматураның осіне дейінгі арақашықтық $12/2 + 25 = 31$ мм құрайды. Бұл 10.8-кестеге сәйкес REI 90 отқа төзімділік шегіне сәйкес келеді (тақтаның қалыңдығы отқа төзімділік шегін шектемейді).

10 КОНСТРУКТИВТІ ТАЛАПТАР

11.1 Беріктігі жоғары бетон

11.1.1 Беріктігі жоғары бетоннан жасалған конструкциялар (HSC) ҚР ҚН EN 1992-1-2:2004/2011 (6.1) талаптарына сәйкес морт қирау тәуекелін қосқанда, бетонның осы типінің сипаттамаларын ескере отырып, жоғары температуралардың әсері үшін жобалануы тиіс. Осы тарауда деректер өрттің стандартты температуралық тәртібі үшін ғана келтірілген.

11.1.2 Беріктік сипаттамаларын қызған кездегі бетонның кедергісін төмендетуді пайдалана отырып қолдану қажет ($k_c(\theta) = f_{c,\theta}/f_{ck}$). Класқа байланысты:

- 1-класс – C55/67 және C60/75 класты бетон;
- 2-класс – сол секілді C70/85 және C80/95;
- 3-класс – “ C90/105.

11.1-кесте – θ температураға беріктігі жоғары бетон кедергісінің тәуелділігі
($k_c(\theta) = f_{c,\theta}/f_{ck}$)

Бетонның температурасы $\theta, ^\circ\text{C}$	$f_{c,\theta}/f_{ck}$		
	1-класс	2-класс	3-класс
20	1	1	1
50	1	1	1
100	0,9	0,75	0,75
200			0,7
250	0,9		
300	0,85		0,65
400	0,75	0,75	0,45
500			0,3
600			0,25
700			
800	0,15	0,15	0,15
900	0,08		0,08
1000	0,04		0,04
1100	0,01		0,01
1200	0	0	0

11.2 Морт қирау

11.2.1 C55/67 – C80/95 класты бетонға микрокремнеземнің максималды мөлшері – цементтің салмағынан 6 % кем болуы шартында ережелерде көрсетілгендер тарайды. Микрокремнеземнің әлдеқайда жоғары мөлшері үшін 10.2.2-т. келтірілген ережелер әрекет етеді.

11.2.2 C90/105 класты бетон үшін өрт кезінде бетонның морт қирауы тән, одан қорғау үшін келесі әдістердің біреуі қолданылуы тиіс.

А әдісі. Қызатын тараптан бетонның беткі қабатын арматура диаметрі 2 мм және өлшемі кем дегенде 50×50 мм ұяшықты арматуралық тормен бетонның беткі қабатын қосымша конструктивті арматуралау (қосымша арматура үшін қорғаныстық қабат өлшемімен қалыңдығы–40 мм-ден кем емес);

Б әдісі. Өрт кезінде темірбетон конструкциялардың тұтастығын қамтамасыз ететін бетондарды қолдану (бетон қоспасының қолданылған құрамдарының тиімділігін тәжірибе жүзінде растау);

В әдісі. Бетонның қызатын бетіне морт қирамайтын оттан қорғайтын жабынды жүргізу (жабынның оттан қорғайтын тиімділігін тәжірибе жүзінде растау қажет);

Г әдісі. Бетон қоспасына кем дегенде $2 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-3}$ полипропиленді талшықтарды қосу.

Ескертпе – Әдісті таңдау ұлттық қосымшада белгіленеді.

11.2.3 Бетонның жарылуынан сақтану немесе пайдаланушылық талаптарды анықтау кезінде оның әсерін ескеру керек.

11.2.4 Салмағы бойынша k пайыздан аз бетонның ылғалдылығы кезінде бетонның жарылу ықтималдығы төмен. Салмағы бойынша k пайыздан асатын бетонның ылғалдылығында толтырғыштың ылғалдылығын, типін және бетонның өткізгіштігін, сонымен қатар қызу шарттарын дәл бағалау қажет.

Ескертпе – Ұсынылатын мән $k = 3 \%$.

11.2.5 X0 және XC1 пайдалану шарттары бойынша кластардың әсерлері үшін жобаланған конструкциялар үшін (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 қараңыз), ылғалдылықты k пайыздан кем қабылдауға жол беріледі ($2,5 \% \leq k \leq 3 \%$).

11.2.6 Кестелік деректерді пайдаланған кезде қалыпты тығыздықтағы бетон үшін әрі қарай тексеру талап етілмейді. Егер арматураның осіне дейінгі арақашықтық 70 мм болса және одан асса, талап қолданылады.

11.2.7 Арқалықтар, тақталар және созылған элементтер үшін, масса бойынша k пайыз асатын бетонның ылғалдылығында көтергіш қабілетіне R бетон жарылысының ықпалы есептеулерде қиманың төмендетілген көтергіш қабілетін әрі қарай тексерумен көлденең қимада бір немесе бірнеше арматуралық шыбықтың қорғаныстық қабатын жергілікті бұзу есебінен ескеріледі. Басқа арматуралық шыбықтардың температурасы қорғаныстық қабаттың бұзылуын есепке алусыз қабылданады. Бұл тексеру жарылмайтындығы тәжірибе жүзінде тексерілген немесе сынақ барысында тиімділігі расталған қосымша қорғаныстық жабын жүргізілген конструкциялар үшін талап етілмейді.

Ескертпе – Шыбықтардың жеткілікті түрдегі үлкен санында көтергіш қабілетін R жоғалтусыз жүктеме таралуы мүмкін. Бұл келесілерге қатысты:

- біркелкі таралған арматурамен тілімденбеген тақталар;
- созылған аймақта сегізден астам шыбықтан тұратын ені 400 мм асатын арқалықтар.

11.2.8 Өрттің кейінгі кезеңінде бетонның қирауынан сақтану немесе пайдаланушылық талаптарды анықтау кезінде оның әсерін ескеру керек.


11.2.9 Егер арматураның осіне дейінгі арақашықтық 70 мм және одан асатын болса және бетонның беткі қирауының болмауы сынақтармен расталмаса, бетонның қорғаныстық қабатын арматуралау қажет. Арматуралау диаметрі 4 мм кем емес және ұяшық өлшемдері 100 мм аспайтын өлшемді тормен жүргізіледі.

11.2.10 Түйіспелерді (жанасуларды, түйіспелік жапсарларды) жобалау өрт кезіндегі конструкциялардың сипаттамаларын толық бағалауға негізделуі тиіс.

